

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан
КОММУНИСТІ


8

АВГУСТ

1960

АЛМАТЫ

КАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ



Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXIX жыл ШЫҒУЫ

№ 8

А В Г У С Т

1960

М А З М Ұ Н Ы

БАС МАҚАЛА — Техникалық прогресс — өндірісті үздіксіз ұлғайту-дың сара жолы	3
Күрделі құрылысқа күшті қарқын керек	9
Ж. АРАЛБАЕВ — Бейбіт қатар өмір сүру — Совет Одағы сыртқы саясатының мызғымас негізі	16
Қ. ШАЛАБАЕВ — Жұмысшы, шаруа тілшілері—баспасөздің тірегі	21
Б. ҒАБДУЛЛИН — Абайдың дін туралы түсініктері	28

ЛЕКЦИЯ ЖӘНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ

С. ӨТЕМБЕТОВ — Таным теориясы	36
---	----

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Қ. ӘБІЛДАЕВ — Басшылық әдісі ширақ болса, жұмыс та жақсы	42
Қ. БАЙҒОЖИН — Шопандардың іріленген бригадасы	48

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫРЫҚ ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА

М. БЕСБАЕВ — Колхозшы шаруаның өміріндегі түбірлі өзгерістер	52
--	----

ХАЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯ ЕЛДЕРІНДЕ

М. ФАЗЫЛОВ — Вьетнам республикасына 15 жыл	59
--	----

ХАТ ЖӘНЕ КОРРЕСПОНДЕНЦИЯ

К. БЕКБЕРГЕНОВ, Т. ТӨЛЕУБЕКОВ — Үйрек ұшып, қаз қонар...	64
--	----

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Аудандық газеттердің өзекті тақырыбы	69
--	----

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Б. СҮЛЕЙМЕНОВ — 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы документтер	73
---	----

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫНЫҢ ХАБАРЛАРЫ	79
---------------------------------------	----



СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — Технический прогресс — основа непрерывного роста производства	3
За высокие темпы и хорошее качество капитального строительства	9
Ж. АРАЛБАЕВ — Мирное сосуществование — генеральная линия внешней политики Советского Союза	15
К. ШАЛАБАЕВ — Шире движение рабочих и сельских корреспондентов	21
Б. ГАБДУЛЛИН — Абай о религии	28

ЛЕКЦИИ И КОНСУЛЬТАЦИИ

С. УТАМБЕТОВ — Теория познания	36
--	----

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

К. АБИЛЬДАЕВ — Новое в стиле работы целинного райкома	42
К. БАЙГУЖИН — Укрупненная чабанская бригада	49

К Сорокалетию Казахстана

М. БЕСБАЕВ — Современное колхозное крестьянство Казахстана	52
--	----

В СТРАНАХ НАРОДНОЙ ДЕМОКРАТИИ

М. ФАЗЫЛОВ — 15-летие Вьетнамской республики	59
--	----

ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ

К. БЕКБЕРГЕНОВ, Т. ТУЛЕУБЕКОВ — Пионеры освоения голубой целины	64
---	----


ОБЗОР ПЕЧАТИ

Центральная тема районных газет	69
---	----

КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

Б. СУЛЕЙМЕНОВ — Документы о национально-освободительном движении 1916 года	73
--	----

ХРОНИКА ПАРТИЙНОЙ ЖИЗНИ	79
-----------------------------------	----



Техникалық прогресс—өндірісті үздіксіз ұлғайтудың сара жолы

Совет халқының ұлан-асыр еңбегінің арқасында жаңа, әділетті қоғамның мерейі үстем болды. Халық шаруашылығының барлық саласында үздік табыстарға жеткен Совет Одағы коммунизм құрылысын кең өрістетті. Парасатты, жарасты қоғамды ежелден арман еткен бүкіл адамзаттың асыл үмітін арқалаған еліміз коммунизмнің үлкен керуенін ойдағыдай бастап келеді. 1917 жылы саяси, әлеуметтік, қоғамдық құрылыс жөнінде әлем алдына шыққан еліміз шаруашылық саласында осал еді. Бүкіл өнеркәсіп өнімі жөнінде, оның маңызды түрі шойын, болат, темір рудасы жөнінде бесінші орында қалған Россия белді-белді батыс мемлекеттерден көп кенже болды. Ал, кәзір Совет Одағы өнеркәсіп өнімінің мөлшері жағынан Англия, Франция және Батыс Германия сияқты үш көне мемлекетті тұтас алғанда басып озды, дүние жүзінде екінші орынға шықты. Өнеркәсіп өнімінің кейбір түрлері бойынша, атап айтқанда, көмір, темір рудасы, қант және жүн мата жөнінде Совет Одағы Америка Құрама Штаттарын да артта қалдырды.

Өнеркәсіптің тамаша қарқынмен ұдайы өркендеуіне қоғамдық меншік, жоспарлы шаруашылық үлкен жол ашады. Қоғамдық, мемлекеттік меншік тұсында шаруашылық бірыңғай жоспар бойынша социализмнің негізгі экономикалық заңына сәйкес өркендейді.

Даңқты партиямыздың ХХІ съезі елімізде коммунизм орнатудың тарихи белесін айқындады. Съезд бекіткен жетіжылдық жоспар—асқар асулардың бірі. Бұл жоспарды орындау нәтижесінде Совет Одағының негізгі экономикалық міндеті орындалып-ақ қалады. Кәзір дүние жүзі өнеркәсіп өнімінің бестен бірін еркін өндіріп отырған еліміз енді көп ұзамай әлем өнімінің үштен біріне ие болады. Бұл социализмнің бірінші елінің даңқын, абыройын, беделін, салмағын бұрынғыдан да арттыра түседі.

Коммунистік партия совет халқын коммунизмнің жеңісіне қарай сеніммен бастап келеді. Ұлы мақсатқа жету үшін капитализммен экономикалық жарыста уақыт ұтудың тарихи зор маңызы бар. Мұны партиямыздың ХХІ съезі ерекше атап көрсетті. Кәзіргі біздің міндетіміз дүниежүзілік өндірісте социалистік системаның капиталистік системадан асып түсуіне жетуде, неғұрлым дамыған капиталистік елдерді қоғамдық еңбектің өнімділігі жөнінен, жан басына өнім өндіру жөнінен басып озуда және дүние жүзіндегі ең жоғары тұрмыс дәрежесіне жетуді қамтамасыз етуде болып отыр.

Қаһарман совет халқы бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асырып келеді. Партияның Орталық Комитетінің былтырғы июнь Пленумы «біз жетіжылдықты сәтті бастадық» деп жариялап, келелі міндеттерді тағы бір пысықтаған болатын. Биыл, бір жылдан кейін, КПСС Орталық Комитеті осы түйінді мәселеге тағы зер салды. Июль Пленумы «КПСС ХХІ съезінің өнеркәсіпті, транспортты өркендету және ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін өндіріске енгізу туралы шешімдерін орындаудың барысы жайында» мәселе қарап, РСФСР және Украин ССР-і Министрлер Советінің, Латвия, Краснояр, Кемерово, Қарағанды халық шаруашылығы советтерінің, СССР Министрлер Советінің автоматтандыру және машина жасау жөніндегі мемлекеттік

комитетінің, Украин ССР Ғылым академиясының Е. О. Патон атындағы электрмен пісіру институтының баяндамаларын тыңдады.

КПСС Орталық Комитетінің Пленумы жетіжылдық жоспардың орындалу барысы ойдағыдай екенін атап өтті. Өнеркәсіп өнімін шығару 1959 жылы жоспар бойынша 7,7 проценттің орнына 11 проценттен астам, ал биылғы жылдың бірінші жартысында — жылдық жоспар бойынша белгіленген 8,1 проценттің орнына 10 проценттен астам өсті. Темір жол транспортының жүк айналымы өткен жылы жоспардағы 4,3 проценттің орнына 9,8 процент өсті. Теңіз, өзен және автомобиль транспорты тасымал жөніндегі тапсырмаларды асыра орындады.

Бүкіл халық шаруашылығының негізі — ауыр индустрия күшті қарқынмен өсіп келеді. Жетіжылдықтың басынан бері жоспарлы мөлшерден болат 3,4 миллион тонна, прокат — 2,6 миллион тонна, электр қуаты — 5 миллиард киловат-сағат артық өндірілді, мұнай 3 миллион тоннадан аса, темір рудасы — 4 миллион тоннадан астам артық шығарылды. Машиналар, химия өнімдері және басқа өнімдер едәуір көп өндірілді.

Халық игілігіне партияның үнемі жасап отырған қамқорлығы нәтижесінде халық тұтынатын товарлар шығару анағұрлым көбейтіліп, тұрғын үйлер салудың орасан зор программасы асыра орындалуда.

Июль Пленумы КПСС XXI съезінің шешімдерін орындау жөніндегі жұмыстың аса маңызды қорытындыларының бірі халық шаруашылығының барлық саласында техниканы ілгері дамыту қарқынының тездетілгені болды деп көрсетеді. Пленум техникалық прогресс саласындағы кемшіліктерді ашып, партия, совет және шаруашылық органдарына жұмысты жақсарту жөнінде үлкен міндет жүктеді.

Өнеркәсіпті, транспортты, құрылысты осы заманғы техникамен мол жарактандыру, техниканы үздіксіз дамыту негізінде еңбек өнімділігін арттыру — бірінші дәрежелі міндет. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін халық шаруашылығындағы барлық резерв пен мүмкіндікті сарқа пайдалану парыз. Ғылым мен техниканың жаңалықтарын, табыстарын өндірісте кең қолдану, елді онан әрі электрлендіріп, кәсіпорындарды мамандандыру және кооперативтендіру, барлық жерде де еңбек пен өндірісті ұйымдастырудың тиімді, ұтымды әдістерін меңгеру қажет. Жаңа кәсіпорындарды тез салу, құрылысты шапшаң жүргізу, жаңа өндірістік қуатты мерзімінде іске қосу үшін құрылыс ұйымдарының индустриялық базасын барынша нығайту керек. Бұл жөнінде партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары баға жетпес жұмыс істей алады.

Партияның Орталық Комитетінің июль Пленумы ауыр индустрия кәсіпорындарының ойдағыдай жұмыс істеуі халық шаруашылығының барлық саласында жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындаудың аса маңызды шарты деп көрсетті. Өнеркәсіп пен транспорт жоспар деңгейінен биік дәрежеде дами беруі үшін, ең алдымен қара және түсті металды, цементті, мұнайды көбейту жөніндегі тапсырма, руда, көмір, әсіресе кокстелегін көмір мен газ өндіру жөніндегі тапсырма жоспарлы межеден асыра орындалып отыруы қажет. Бұл — июль Пленумы көңіл бөлген келелі міндеттің бірі.

Еліміздегі қорғасынның 75 процентін, мыс пен мырыштың 40 процентін шығаратын және басқа да түсті металды өндіруде көрнекті орын алатын Қазақстан бұл саладағы міндетті орындауда талап дәрежесінде болуға ұмтылады. Қарағанды металлургия заводы, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты, Павлодар-Екібастұз өнеркәсіп торабы құлашын кең жайғанда республикамыздың өнеркәсібі әбден кемеліне келеді.

Қазақстан өнеркәсібі былтырғы жоспарды және биылғы жартыжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Жетіжылдықтың бі-

ріші жылының жоспары мерзімінен бес күн бұрын орындалды. Республиканың еңбекшілері биыл жоспардан тыс 115 мың тонна темір рудасын, 500 мың тонна көмір, 50 мың тонна цемент, 17 мың тонна суперфосфат, 55 мың метр жүн мата және басқа да көптеген өнім шығаруды ұйғарып отыр. Бұл мәреге жету үшін жаңа техниканы меңгеру, кең қолдану, өндірісті автоматтандыру, механикаландыру негізінде еңбек өнімділігін арттыра беру керек.

Бұл жөнінде республика кәсіпорындары жетістіктен құр алақан емес. 1959 жылы және 1960 жылдың бірінші тоқсанында 12 үздіксіз өндіріс желісі автоматтандырылды, 363 автомат және жартылай автомат станок меңгерілді, 145 желі толық машиналанды, 44 технологиялық процесс, 225 агрегат автомат арқылы басқарылатын болды. Республика машина жасаушылары жаңа машинаның 43 түрін шығарды және 16 жаңа машинаны көптеп шығаруға кірісті. Жоғары өнімді 88 жаңа машина және механизм өнеркәсіпте қолданыла бастады. Мұның бәрі мемлекеттің көптеген қаржысын, шикізат пен материалды үнемдеуге мүмкіндік берді. Мысалы, 1959 жылы өндірісті механикаландыру және автоматтандыру арқасында халық шаруашылығы советтері бойынша 160 миллион сом үнемделді, еңбек өнімділігі 1,5 процент өсті, алты мыңдай адам басқа жұмысқа ауысты.

Ащысай полиметалл комбинатының Мырғалымсай байыту фабрикасы биыл өндірісті түгел автоматтандыруға кірісті. Мұнда өндірісті ішінара автоматтандыру және механикаландыру былтыр еңбек өнімділігін 1958 жылға қарағанда 16 процент арттыруға мүмкіндік берді. В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында техника жаңалықтарын өндіріске енгізу едәуір табысқа жеткізді. Комбинатта өндіріс мәдениеті артты, еңбек көп жеңілдеді, бір жылда 30 миллион сомдай ақша үнемделді.

Республика еңбекшілерінің творчестволық белсенділігі едәуір өсті. Жаңашылдар, өнертапқыштар жылдан-жылға көбейіп келеді. Былтыр 45 мыңнан астам жұмысшы және инженер-техник қызметкер өз өнерін ортаға салды. Жаңашылдар мен өнертапқыштардың ұсынысын қолдану нәтижесінде 300 миллион сомнан астам қаржы үнемделді. Өнеркәсіпті дамыту күресіне ғалымдар да ат салысып келеді.

Дегенмен Қазақстан кәсіпорындары жаңа техника жөніндегі жоспарды орындауда артта қалып отыр. Бұл кемшілікті КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумы да атап көрсетті. 1959 жылы жаңа техника игерудің мемлекеттік жоспары бойынша 246 тапсырма белгіленді. Республика соның 131-ін ғана орындады. Жаңа техника игеру жөніндегі тапсырманың орындалу барысы биыл да ойдағыдай емес.

Кейбір кәсіпорындарда машина мен құрал-жабдықтың жаңа түрін жасап шығару, оны өндіріске енгізу ісіне тиісінше мән берілмейді. Халық шаруашылығы советтері жаңа техниканы меңгеру, қолдану жоспарының орындалу барысын бақылап отырмайды, жаңа техника жөніндегі тапсырмаларды завод пен комбинатқа, фабрика мен шахтарға дер кезінде табыс етпейді. Машина жасау заводтары кейде түрлі сылтауды тосып жаңа техника шығарудан қашқақтайды. Мысалы, былтыр Қарағанды Халық шаруашылығы советінің машина жасау кәсіпорындары 15 тың тапсырманы орындамады. Соның салдарынан Жезқазған мен Екібастұзда өндірісте қолданылуға тиісті жаңа машиналар дайын болмай қалды. Жаңа техника жөніндегі мұндай қырсыздық, салақтық, ұқыпсыздық Ақтөбе халық шаруашылығы советіне де тән. Ферросплав, «Большевик» заводтарында қалып жасау, қалыпқа металл құю және оны алу, түсіру жұмысы механикаланбаған. Республиканың ғылыми-техникалық комитеті мен жоспарлау комиссиясы бұл жұмыстарды машиналандыруды жоспарлаған еді. Амал не, заводтардың және халық шаруашылығы советінің басшылары бұл жоспардан

күтқар деп жалбарынды. Дәрменсіздікті, бойкүйездікті анық дәлелдейтін бұл өтінішті облыстық партия комитеті де тойтармады.

Үстіміздегі жетіжылдықта Қазақстанда көптеген жаңа кәсіпорындар салынады. Бұл кәсіпорындарды осызаманғы маңдай алды техникамен, құрал-жабдықтармен жарактандыру қажет. Бұл үшін шаруашылық орындардың басшылары көрегендік жасап, істің алдын алуы абзал. Бірақ шын мәнісінде дәл осы көрегендік, болжай білу, шебер басқару жағы жетпей жатады. Мысалы, Семейдің шұлық-ұйық фабрикасында және кірпіш зауытында жұмысты автоматтандыруды және механикаландыруды алдын-ала ойламағандықтан өндірістік орын шағын салынды. Енді автоматты, басқа да жаңа құрал-жабдықты қояр жер болмағандықтан бірнеше автомат және басқа да құрал-жабдық пайдаланылмай жатыр.

Ақтөбе Халық шаруашылығы советінің «Большевик» зауытында, хром қосындылары зауытында салынып жатқан жаңа екі цех техника жаңалықтарын пайдалануға бағытталмай отыр. Мұндай жағдайдың, егер кемшілік тез түзетілмесе, еңбек өнімділігін арттыруға, өндірісте жаңа техника қолдануға тұсау болуы ықтимал.

КПСС Орталық Комитетінің пленумы қолда бар техниканы ұқсату, үздік пайдалану, жетілдіру мәселесіне көп көңіл бөлді. Пленум Ново-Краматорск зауытының бұл саладағы құнды тәжірибесін ұнатты. Пленум Москва, Ленинград, Свердловск кәсіпорындарының, партия және шаруашылық ұйымдарының тың резервті іздеп табу және оны пайдалану жөніндегі бастамасын мақұлдады. Свердловск халық шаруашылығы советінің кәсіпорындарында 400-ден астам қоғамдық конструктор бюросы құрылды, оған төрт мыңнан астам адам қатысады. Автоматтандыру, механикаландыру, құрал-жабдықты жетілдіру ісіне қоғамдық конструктор бюросы мейлінше ат салысады. Партия комитеттері қоғамдық конструктор бюросына қатысушылармен кеңес өткізіп, олардың жұмысына көмектесіп отырады. Урал машина жасау зауытының бастамасы бойынша экономикалық талдау жасайтын қоғамдық топтар құрылды. Бұл топтар өнімнің түсер құнын кеміту және кәсіпорынның тиімділігін арттыру жолын, жөнін зерттейді. Свердловск кәсіпорындарында ұйымдастырылған қоғамдық хабаршы топтар да игілікті ісімен көзге түсті. Бұл топтар озық техникалық тәжірибені қорытып, таратады. Техниканы дамытудағы шабандықты жоюға, басқа шаралармен бірге, мына жағдай да әсер етті. 1959 жылы облыста ескі және жаңа машина-жабдық үлгілерінің көрмесі өткізілді. Осында қойылған бүгінгі ұтымды техника мақтаусыз-ақ иесін тапты. Свердловск кәсіпорындарында күрделі жөндеуге қойылған машина, механизм жетілдірілмей қалмайды. 1959 жылы мұнда екі мыңнан астам түрлі станок жетілдірілді. Мұның өзі жабдықтардың жұмыс өнімділігін 25 процент арттырды.

Мұндай сүйкімді жаңалықтардан Қазақстан кәсіпорындары да құр алақан емес. Мысалы, Солтүстік Қазақстан халық шаруашылығы советі бірқатар кәсіпорындарда жаңа техника жөнінде арнаулы бюро және топ ұйымдастырды. Өндірісті басқаруды жақсарту, әкімшілік аппаратты шағындау есебінен құрылған бұл бюро мен топтың алғашқы қадамы сәтсіз болған жоқ. Оңтүстік Қазақстан халық шаруашылығы советі техникалық прогресті жеделдету мақсатымен өндірісті автоматтандыру және механикаландыру барысына қоғамдық байқау ұйымдастырды. Халық шаруашылығы советі техникалық прогресс мәселелерін жиі талқылайды. Бұл еңбек зая кеткен жоқ. Кәсіпорындарда жаңа техниканы қолданудың бірінші тоқсандағы жоспары асыра орындалды.

КПСС Орталық Комитеті ең таяу уақытта завод пен фабрикадағы өндіріс жұмыстарын түгел, толық механикаландыру, автоматтан-

дыру міндетін алға қойды. Өндірісті автоматтандырудың нәтижесінде жұмыс мәдениеті көтеріледі, еңбек өнімділігі артып, тәртібі нығаяды, өнімнің түсер құны едәуір кемиді, өнім сапасы жақсарады. Автоматтандыру жөнінде Қазақстан кәсіпорындарының алдағы жұмысы ұшан-теңіз. Республикамызда жекелеген агрегатты, құрал-жабдықты автоматтандыру жөнінде аз-мұз табыс бар, ал бірақ өндірістің белгілі бір желісін басынан аяғына дейін толық механикаландыруға немесе автоматтандыруға әлі жеткен жоқпыз. Жұмыстың дені машиналанған көмір өнеркәсібінің өзінде де қол еңбегі әлі күнге көп қолданылады. Сондықтан да көмірдің түсер құнында еңбек шығынының үлесі мол болып жүр. Жүк тиеу және жүк түсіру жұмысын механикаландыру дәрежесі де мәз емес. Шикізатты, материалды, бөлшектерді тиеу, түсіру қол еңбегінсіз орындала қоймайды. Республиканың өнеркәсібі мен транспортында 100 мың адам жүк түсіру және жүк тиеумен болады. Түсті металлургияда металды байыту, айырып алу дәрежесі өскелең талаптарға сай емес. Жұмыс технологиясындағы түрлі кемшіліктердің салдарынан қымбат та асыл металдың біразы рәсуа болады. Республиканың машина жасау заводтарында да өндірісті автоматтандыру және механикаландыру жайы нашар. Бұл заводтардағы жұмысшылардың тең жартысы қол еңбегімен айналысады. Машина жасау, металл өңдеу және жөндеу заводтарындағы 112 құю цехының екеуі ғана толық машиналанған, ал қалғандары бүгінгі талаптан көп артта қалды. Сондықтан да Қазақстан өнеркәсібі өнімінің кейбір түрлері сапа жағынан ойдағыдай емес.

Қазақстанда темір рудасын, көмірді ашық әдіспен шығару кен құлаш жайды. Бұл әдіс өте тиімді. Ашық кеннен көмір шығарғанда еңбек өнімділігі, шахтадағы дәрежемен салыстырғанда, бес есе артады, темір рудасын өндіргенде үш есе артады. Көмірдің түсер құны 3,5 есе, темір рудасының түсер құны 2 есе кем болады. Ашық кенді игеруге күрделі қаржы, уақыт көп кетпейді. Ашық кенде ең жаңа, күрделі машиналарды, механизмдерді қолдануға әбден болады. Қазақстандағы Екібастұз, Майкөбен, Соколов-Сарыбай кені дәл осындай тиімді кендер. Өнімнің түсер құнын кеміту, еңбекті үнемдеу жөнінде мұндай кеннің пайдасы өте зор.

Партияның Орталық Комитетінің Пленумы өнеркәсіп пен құрылысты басқару қайта құрылғаннан кейін кәсіпорындар мен транспортың сапа көрсеткіші, олардың жұмысының экономикалық нәтижелері көп жақсарғанын атап көрсетті. Пленум партия, совет және кәсіподақ ұйымдарына халық шаруашылығының барлық буынында экономикалық көрсеткішті жақсарту жөніндегі жұмысты күшейтіп, күрделі қаржыны, еңбекті және материалдық ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалануға, өлшемді өнім шығару үшін қоғамдық еңбекті мейлінше аз жұмсауға күш салуды ұсынды. Пленум экономиканың шаруашылық есеп, тиімділік, баға, пайда және ақшамен бақылау сияқты тұтқаларын неғұрлым толық пайдалану қажет деп тапты. Еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын кеміту және қор жинау жөніндегі жоспарды орындамай отырған кәсіпорындарды озаттарға теңеу міндет.

Қазақстан партия ұйымдары бұл жөнінде де шебер, пәрменді жұмыс өрістетуге тиіс. Былтыр кәсіпорындардың бестен бірі өндірістік жоспарды орындамады. Қайсыбір кәсіпорын және құрылыс еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің түсер құнын кеміту жоспарын орындаған жоқ. Ол ол ма! Былтыр республика құрылыс ұйымдарының тең жартысында құрылыс жұмысының бағасы жоспардағыдан әлдеқайда қымбат болды. Бұл кемшілік биыл да етек жайды. Жаңа құрал-жабдықты алдыру, орнату, пайдалану жөнінде де үлкен сылбырлық бар. Республикамыздың кәсіпорындарында бір миллиард сомның түрлі

құрал-жабдығы орнатылмай босқа тұрғаны бұған дәлел. Алматы Халық шаруашылығы советінің кәсіпорындарында 87 миллион сомның құрал-жабдығы, жаңа механизмі пайдаланылмай жатыр, оның бес-тен бірі мүлде керексіз жабдықтар.

Мемлекет республикамыздың халық шаруашылығын жаңа, өнімді машинамен үздіксіз қаруландырып отырады. Ол машина мен жабдықты толық және өнімді пайдалану, жақсы күту, сақтау парыз. Амал не, кәсіпорындарда, сондай-ақ колхоз-совхоздарда иесіздік, ұқыпсыздық жойылмай келеді. Жап-жаңа, маңдай алды машина иесіздіктің салдарынан ұзаққа бармай-ақ сынып, бүлініп, қирап қалады. Мысалы, Павлодар облысындағы Карл Маркс атындағы совхозда, Ақтөбе облысындағы «Северный» совхозында миллиондаған сомның жап-жаңа техникасы қирап қалды, кәзір ол әр жерде шашылып жатыр. Жауапсыздық, иесіздік жайлаған жерде асыл техника рәсуа болды. Мұндай ысырапқорлық партия, совет және кәсіподақ ұйымдарына үлкен ой салуға тиіс.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі халық тұтынатын товар шығаруды мейлінше ұлғайту, совет адамының үздіксіз өсіп отырған тілегін неғұрлым толық қанағаттандыру міндетін алға қойды. Бұл парасатты міндетті орындау үшін барлық мүмкіндікті шебер пайдалану қажет. Жеңіл, тамақ және мебель өнеркәсіп орындарының жұмысын мейлінше жақсарту абзал. Товардың сапасы жақсы, түрі мол, бағасы арзан болса нұр үстіне нұр. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің жаңа кәсіпорындарын салуды мейлінше ширақ өрістету міндет.

КПСС Орталық Комитетінің пленумы «Кәзір бүкіл совет халқы жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолында табандылықпен күресіп отырған кезде, халық шаруашылығы озат техникамен аса зор көлемде жарақталып отырған кезде, шаруашылық құрылыстың практикалық міндеттерін орындаудағы партия ұйымдарының ролі бұрынғыдан да күшті өсіп отыр. Партия ұйымдары өнеркәсіп, құрылыс пен транспорт жұмысының мәселелерімен істің байыбына жетіп, терең, әрі нақтылы шұғылданып, консерватизм мен керітартпалыққа қарсы батыл күрес жүргізуге, жаңашылдарды, өндіріс озаттарын мейлінше қолдап отыруға және бұлардың тәжірибесін кеңінен таратуға тиіс» деп көрсетті. Партия ұйымдары өнеркәсіп пен транспортта социалистік жарысты өрістетуге, жұмысшыларға партия мен үкіметтің тарихи қарарларын түсіндіру, озат тәжірибені тарату негізінде өндірістік өрлеу туғызады. Бастауыш партия ұйымдарының кәсіпорындағы әкімшіліктің жұмысын бақылайтын комиссияларының қызметін барынша қолдап, оған бағыт беріп отыру — партия комитеттерінің абыройлы борышы. Техникалық прогресс — өндірісті үздіксіз ұлғайтудың сара жолы. Олай болса партия ұйымдары бұл мәселеге күнбе-күн жанжақты көңіл бөлуге тиіс. Сонда еліміздегі коммунистік құрылыс қарқыны күшейе түседі.

КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының техникалық прогресстуралы шешімдері елімізде зор саяси және өндірістік өрлеу туғызды. Бұл өрлеу — келелі жұмыстың кепілі.

Күрделі құрылысқа күшті қарқын керек

Күрделі құрылыс — белгілі жоспар бойынша социалистік халық шаруашылығының негізгі қорларын үнемі жаңғыртып, ұдайы ұлғайта беру шарасы. Объективті экономикалық заңдар негізінде шаруашылықтың барлық саласын сәйкестіре дамыту, ең алдымен ауыр өнеркәсіпті оздыра өркендету мақсатына сәйкес Коммунист партиясы мен Совет үкіметі елімізде совет өкіметі орнағаннан бергі жылдардың өне бойында күрделі құрылысқа ерекше көңіл бөліп отырды. Тіпті шет ел интервенциясы ылаңынан өндіріс қатты күйзеліске, халқымыз ашаршылыққа ұшыраған кезде де В. И. Ленин елдің ішкі қорын молайту, халық қаражатының әрбір тиынын үнемдеп жұмсау арқылы социализм орнатуға керекті күрделі қаражат жинастыру қажет екенін қатты талап етті. Күрделі мол қаражатқа қол артпайынша ешбір жаңа қоғам құрылысы ойдағыдай өсіп, өркендей алмайтынын айтты.

Советтік бесжылдықтар кезінде көсеміміздің осы өсиеті іс жүзіне асырылып отырды. Біздің елде социализмнің толық және түпкілікті жеңуі, Совет Одағының бүкіл дүние жүзі көлеміндегі аса күшті мемлекеттің бірі болуы бұған толық дәлел. Еліміз дамудың тағы бір биік белесіне, коммунизм орнату ісін кең көлемде жаппай жүргізу кезеңіне енгенін жариялаған партияның ХХІ съезі бұл мақсатқа зор көңіл аударды. Жетіжылдық жоспар бойынша елдің экономикасы мен мәдениетін көтеруге 2 триллион сом күрделі қаражат бөлінді. Бұл осы жетіжылдыққа дейінгі 40 жылдан астам уақыт ішінде жұмсалған барлық күрделі қаражатқа теңбе-тең. Бұған әртүрлі құрылысқа бөлінетін колхоздардың және тұрғын үй салуға жұмсалашақ еңбекшілердің өз қаражатын қоссақ, бұл сома 3 триллионға жетеді.

Күрделі қаражаттың негізгі бөлегі металлургия, машина жасау, химия, мұнай, газ өнеркәсібін өркендетуге, электр қуатын молайтуға, ауыл шаруашылығын өсіруге, сол сықылды мәдени-тұрмыс орындары мен тұрғын үй тұрғызуға жұмсалады. Күрделі қаражаттың белгілі бөлегі бұрыннан істеп келе жатқан кәсіпорындарын негізінен қайта құрып, ұлғайту, ондағы жабдықты жаңғырту мақсатына жаратылады.

Осы ұлы жұмыстардың орындалуы арқасында 1965 жылы халық шаруашылығының негізгі қорлары 2 есе өсуге тиіс. Мұның мәнісі — үстіміздегі жетіжылдықтың өзінде ғана жаңадан жасалатын қор еліміздің күллі тарихында (Октябрь революциясынан бұрынғы және кейінгі бүкіл өмірінде) жасалған барлық байлықтың қорына бара-бар келеді деген сөз. Елімізде коммунизмнің өндірістік қорын молайтудың көлемі, жетіжылдықтың онан алатын орны мен маңызы осындай.

Партия өндіргіш күштерді дұрыс орналастыруға, — оны табиғат байлығы мол әрі арзан өнім беруге жағдайлы жерге, тұтынушыларға неғұрлым жақындата түсуге үлкен мән береді. Өйткені бұл қоғам еңбегін үнемдейді, өнімді барынша мол, арзан шығаруға, уақыт ұтуға жағдай тудырады. Бұл, сонымен бірге, Одақтағы барлық ұлт республикаларының экономикасы мен мәдениетін көркейтуді көксеген партиямыздың лениндік ұлт саясатының талабына толық сай. Сондықтан

жетіжылдықта әрбір ұлт республикасының ішкі қорын, оның табиғи-экономикалық жағдайын тиімді пайдалануға мүмкіншілік беретін шаруашылықтың салалары баса өркендетіледі. Сөйтіп жалпы мемлекет мүддесі, әрбір республика мен өлкенің тілегі дұрыс ұштастырылатын болады. Мысалы, жоғарыда айтылған аса көп қаражаттың 40 проценттен артығы еліміздің шығысындағы аудандардың мол табиғат байлығын дұрыс игеруге, бүкіл еліміз сияқты сол аудандардың экономикасы мен мәдениетін көтеруге жұмсалмақ.

Бұл барытта Қазақстанға мықтап көңіл бөлініп отыр. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің июнь айында өткен кезекті II пленумы күрделі құрылыс мәселесін әдейі қарап, тиісті шешім қабылдады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың пленумде сөйлеген сөзінде, Қазақ ССР Министрлер Советінің председателі Ж. А. Тәшенев жолдастың баяндамасында, пленумның қарары мен оған қатысушылардың сөзінде күрделі құрылыстың жайы кең талқыланып, оны жақсарту шаралары белгіленді.

1959 — 1965 жылдары республика халық шаруашылығына 116—119 миллиард сом қаражат жұмсалады. Бұл өткен жеті жылдағыдан 2 есе артық. Бұл сома негізінен Қазақстанның аса бай кен қазынасын игеруге, түсті және қара металлургияны өркендетуге, машина жасау, көмір, энергетика, химия, цемент, жеңіл және тамақ өнеркәсібін дамытуға, көп салалы ауыл шаруашылығын өркендетуге, көптеген тұрғын үй, мәдени-тұрмыс және коммуналдық орындар салуға жұмсалады. Осы мол қаражат толық игеріліп, жоспарда белгіленген кәсіпорындары мерзімді уақытында іске қосылған жағдайда республиканың 1965 жылы беретін жалпы өнімі 1958 жылғыдан 3 есе артып түсуге тиіс.

Бұл күндері республика алып құрылыс алаңына айналды. Үстіміздегі жетіжылдықта республика көлемінде ірі-ірі 240 өнеркәсіп орны салынуға тиіс. Соның ішінде еліміздің шығысындағы үшінші көмір-металлургия базасының Қостанай және Павлодар — Екібастұз сияқты өнеркәсіп тораптары салынады. Алып құрылыстардың ішінде Қарағанды металлургия заводы, Соколов-Сарыбай, Қашар, Лисаков кен-байыту комбинаттары, Атасу кені, Үлкен Жезқазған, Павлодардағы алюминий заводы, Торғай боксит кені тағы басқалары бар. Химия өнеркәсібін салуға 4 миллиард сом қаржы жұмсалашақ. Көмір өнеркәсібінің жаңа салынатын шахталарының өзі ғана жетіжылдықтың аяқ шенінде 32,5 миллион тонна көмір береді. Жаңа салынып жатқан электр станцияларын қоса есептегенде 1965 жылы электр қуаты республикада 1958 жылға қарағанда 3,4 есе артуға тиіс. Сонымен бірге көптеген машина жасау, жеңіл, тамақ өнеркәсіп орны салынады.

Ауыл шаруашылығының барлық саласын дамытуға 27 миллиард сом қаражат жұмсалмақ. Жетіжылдықта мемлекет есебінен ғана 21 миллион шаршы метр тұрғын үй, ал колхоздар мен өз қаржысына үй салушыларды қосқанда 43 миллион шаршы метр тұрғын үй салынуға тиіс. Мектеп, аурухана, клуб сияқты мәдени-тұрмыс құрылысына, қала көркейтуге, транспорт пен байланыстың түр-түрін көбейте беру бағытында көлемді жұмыс орындалғалы отыр. Алдағы жетіжылдықта республикада орындалатын күрделі жұмыстың II пленум көрсеткен көлемі осындай.

Партия нұсқаған осы келелі іске қызу кіріскен республика партия ұйымдары мен барша еңбекшілері елеулі табысқа жетті. Жетіжылдықтың бастапқы 1959 жылы және 1960 жылдың бірінші жартысында республика өнеркәсібі жалпы өнім беру жоспарын мерзімінен бұрын орындады. 130-дан астам жаңа өнеркәсіп орны мен көптеген цех іске қосылды. Соның ішінде Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының бірінші кезегі мен Қарағанды металлургия заводының бірінші домнасы өнім

Бере бастады. Бұқтарма су электр станциясының бірінші агрегаты биылғы августта іске қосылды. Ауыл шаруашылығының өндірістік және техникалық базасы едәуір нығайтылды. Соңғы екі жылда 4 миллион шаршы метр тұрғын үй, 263 мектеп, көптеген аурухана, бала тәрбиелейтін орындар салынды.

Сөз жоқ, істелген жұмыстың көлемі зор. Бірақ сонымен бірге, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы атап көрсеткеніндей, республикадағы күрделі құрылыс жетіжылдық жоспарда белгіленген қарқынға ілесе алмай, әлі артта келеді. Жыл сайын бөлінген қаржы толық игерілмей, көптеген кәсіпорны уақтылы іске қосылмай отыр. Бұл жалпы республика халық шаруашылығының ілгері басуына кедергі жасап келеді.

1959 жылы құрылыс-монтаж ұйымдарының жартысынан көбі жоспарлы тапсырманы орындамады. Республика бойынша 1 миллиард 200 миллион сом күрделі қаражат игерілмеді. 1960 жылдың бірінші жартысында құрылыс-монтаж жұмысы 92 процент қана орындалып, жүздеген миллион сом игерілмей қалды. Республикада аса маңызды құрылыстар — Қарағанды металлургия заводы мен оның шикізат базасы, Сарыбай кенінің бірінші кезегі, Торғай боксит кені, Ақтөбе облысының дүние жүзінде ең бай хром кені, Жезқазған комбинаты, Павлодар алюминий заводы, бірқатар химия кәсіпорны өте баяу салынып келеді. Электр станцияларын салу мен электр сымын тартудың 5 айлық жоспары 68 процент қана орындалды. Бұл ретте Павлодар облыстық партия комитетінің бірінші секретары С. Д. Елагин жолдас: республика Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының, Қарағанды халық шаруашылығы советінің, Автомобиль-транспорты министрлігінің және басқа бірқатар ұйымдардың Павлодар-Екібастұз өнеркәсіп торабының маңызын, ондағы құрылысшылардың мұқтажын жете бағаламай отырғанын пленумда орынды сынағанын атап айту керек.

Жоғарыда айтылған елеулі кемшіліктердің бәрі сайып келгенде өнімнің маңызды түрлерін өндірудің жетіжылдық жоспарын орындауды ерекше қиындататыны даусыз. Бұл, әрине, қынжыларлық хәл. Республикада көптеген құрылыс ұйымдары жұмысты әлі күнге нашар істейді. Мұның бір себебі, олардың өндірістік базасы жүдеу, демек тез қарқынмен құрылыс жүргізу үшін күшті тірек жасалмаған. Өндіріс жұмысын ұйымдастырудың озат тәжірибесі мен жаңа техника құрылыстары кең қолданылмайды, құрылыс материалдарының өте тиімді жаңа түрлері көп өндіріліп, кең пайдаланылмай отыр.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің II пленумы «күрделі құрылыстың артта қалуының басты себебі құрылыс жұмыстарының әлі де болса техникалық төмен дәрежеде жүргізіліп, бұл жұмыстың нашар ұйымдастырылуы және құрылыс индустриясының баяу өркендетілуі» деп тапты. Сондықтан пленум бүгін таңдағы басты міндет — құрылыс-монтаж жұмысының қарқынын жоспарлы дәрежеге жеткізіп, жаңа өндіріс қуаттарын дер кезінде іске қосып отыру деп баса айтты. Бұған құрылыс ұйымдарының және тиісті министрліктер мен ведомстволардың басшылары тікелей жауапты екенін ескертті.

Партия мен үкімет күрделі құрылысқа ересен көп қаражат бөлумен бірге оны мейлінше үнемдеп жұмсауды, құрылыстың құнын арзандатуды, неғұрлым қысқа мерзімде әрі сапалы салуды талап етеді. Ал республика құрылысшылары күні бүгінге дейін осы талапқа толық сай жұмыс істей алмай отыр. Өткен 1959 жылы ғана құрылыс-монтаж жұмысында 200 миллион сомдай қаражат ысырап болды. «Казметаллургстрой», «Атасурудстрой», «Костанайстрой», Петропавл бу электр станциясы құрылысының басқармасы орындаған жұмыстардың әрбір сомынан 20—30 тиын зиян шекті.

Құрылысты тез қарқынмен әрі арзан салудың бірден-бір жолы — құрылысты индустрияландыру әдісі. Бұл әдіс құрылыстың ірі-ірі бөлшектері мен тіпті бүтіндей блоктарын заводта өнімді техниканың күшімен көптеп жасап шығарып, сол дайын бөлшектерді машинаның көмегімен құрастыруды талап етеді.

Осы талапқа сай республикада күшті құрылыс индустриясын, ең алдымен цемент өнеркәсібі мен құрастырмалы темір-бетон заводтарын салуға айрықша назар аударылып отыр. Құрастырмалы темір-бетон құрылыста үлкен орын алады. Бірақ республикада оның өндірісі әлі нашар. Мысалы, құрылыс-монтаж жұмысының 1 миллион текше метріне есептегенде құрастырмалы темір-бетонның үлесі Одақ бойынша 165 текше метр болса, Қазақстанда 94 текше метр ғана.

Сөйте тұрса да республикада құрылыс индустриясын салу жоспары жыл сайын орындалмай отыр. Әсіресе Қарағанды, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе Халық шаруашылығы советтерінде жағдай өте нашар. Негізгі құрылыс материалдарын, мәселен, қабырға тұрғызатын материалдарды жасайтын кәсіпорындардың 36,2 проценті, құрастырмалы темір-бетон құятын заводтардың 50,5 проценті, шифер заводтарының 50 проценті ғана іске қосылды. 1960 жылы да жағдай мәз емес. Биыл 5 айдың жоспары 84 процент орындалды. Ал бірқатар ірі кәсіпорындар шала-шарпы асығыс іске қосыла салу салдарынан қуатының 30—40 проценті мөлшерінде ғана істеп келеді. Бұл жөнінде «Қазметаллургстрой» тресінің № 2 темір-бетон заводын, Ақмоладағы 1958 жылы іске қосылған құрылыс плитасы заводын, Павлодардағы темір-бетон заводтары мен алаңдарын атап айтуға болар еді. Бұл жағдайлар құрылыс материалын қымбаттатуға, олардың сапасы нашар болуына, жоспардың орындалмауына жол ашып отыр.

Пленум: таяудағы жылдардың ішінде құрылыс материалдарын, түрлі бөлшектер мен конструкцияларды өндірудегі артта қалушылықты жою, сөйтіп құрылыс индустриясы кәсіпорындарының озық дамуын, әсіресе цемент, құрастырмалы темір-бетон, қабырға қалайтын, үй жабатын, жылу ұстайтын және руда емес материалдар өндіретін кәсіпорындардың озық дамуын қамтамасыз ету қажет деп тапты. Пленум сонымен бірге құрылыстың материалдық-техникалық базасын бірқалыпты дамыту, өте-мөте пайдалы әрі тиімді құрылыс материалдарын — ірі панельдерді, арматуралы және жеңіл құрылыс бөлшектерін, ағаш пен қамыс қиқымынан плиталар жасауды баса өркендету міндетін алға қойды.

Құрылыста еңбек өнімділігін арттыру, құрылыстың құнын арзандатып, мерзімін қысқарту үшін механикаландырудың, әсіресе жер қазу, тиеу-түсіру, тас қашау және уату, бетон әзірлеу сияқты қол еңбегін көп керек ететін жұмыстарды машинамен орындаудың маңызы ерекше. Қазір республикада күрделі техника аз емес. Құрылыс алаңдарында 1 700-дей кран, 1 500 экскаватор, 2 000 бульдозер, 900 скрепер, 500 автогрейдер істейді. Алайда, көп жерде осы құрылыс техникасын пайдалану, әсіресе жұмысты өндіріп істейтін машиналар мен құралдарды жаппай қолдану ісі нашар. Механикаландыру жоспары жылма-жыл орындалмай келеді. Пленум құрылыс және монтаж жұмысының барлық түрін, ең алдымен еңбекті көп тілейтін жұмыстарды түгелдей машинаның күшімен орындап, қолда бар машиналарды дұрыс әрі тиімді пайдаланып, бұзылған-сынғандарын кезінде жөндеп, тез іске қосып отыру, мұның үшін қажетті жөндеу базасын жасау құрылысшылардың негізгі міндеті деп атап көрсетті.

Құрылыстың құнын арзандатуда құрылыс материалдарын неғұрлым арзан жасап шығару, тиімді пайдалану үлкен орын алады. Республикадағы құрылыс материалдары өндірісі жоспарын үнемі орындамай келеді. Олардың бірсыпырасының қуаты кем, көлемі тым шағын. Мәсе-

лен, құрастырмалы темір-бетон құюға керекті рұда емес материалдардың 40 проценттен астамы шағын кәсіпорындарда өндіріледі.

Пленум құрылыс материалдарын керекті мөлшерде, арзан, сапалы жасап шығарудың негізгі жолдары құрылыс индустриясын бірқалыпты дамыту, ірі панельдер мен блоктарды заводта жасауға жаппай көшу, жергілікті құрылыс материалдарын жасауға айрықша көңіл бөлу, бұл үшін машиналанған және автоматтанған аудандық ірі-ірі кәсіпорындарды салу, мамандандыру және кооперативтендіру ісін дұрыс ұйымдастыру деп көрсетті.

Құрылыстың құны салынып болу мерзіміне байланысты. Құрылыс неғұрлым ұзаққа созылған сайын, солғұрлым қымбаттай береді. Бітпей жатқан құрылыстың басқару аппаратының, көмекші және күзетші адамдарының жалақысы, бұзылған-бүлінген жерін қайта жөндеу шығыны, тағы сондайлар құрылыстың жалпы құнына жамала береді. Алайда, республикада салыну уақыты төзгісіз ұзаққа созылып кеткен құрылыстар әлі көп. Мысалы, Өскемен ет комбинатының, Согрин бу электр станциясының, Алматы сыра заводының тағы басқаларының салына бастағанына кәзір 6—13 жыл болып қалды. Әлі біткен жоқ. Бұл жағдай бітпеген шала құрылыстың санын көбейтеді, күрделі қаражатты шашырандылыққа ұшыратады оны көп жылдар бойы ешқандай өнім бермейтін «өлі қаражатқа» айналдырады, құрылысты қымбаттатады.

Пленум осы жағдайларға тоқтала келіп, кемшіліктерді жою жолдарын меңзеді. Қолда бар қаражат пен материал қорын неғұрлым тиімді пайдалану керек екенін, оны ең алдымен аса маңызды құрылысқа және іске қосылғалы тұрған, демек, көп ұзамай өнім беретін кәсіпорындар құрылысына шоғырландыру керек екенін ерекше ескертті.

Күрделі құрылысты қымбаттататын қолайсыз бір жағдай шаруашылық жұмыстағы икемсіздік, түрлі ысырап. Көп жағдайда құрылыс материалдарын, металл мен электр қуатын үнемдеу үшін, жалақы қорын дұрыс жұмсау үшін үнемі қажырлы күрес жүргізілмейді. Тек осының қырсығынан ғана үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында республика бойынша құрылыс-монтаж жұмысының түсер құны жоспардағыдан 4,7 процент артық болды. Бұл жағдай әсіресе Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды халық шаруашылығы советтерінде, ауыл шаруашылығы және астық өнімдері министрліктері құрылыстарында өте нашар. Пленум құрылыс ұйымдарының, трестер мен ведомстволардың, министрліктердің басшылары жалақы қорын дұрыс жұмсауға, қаражат пен материалды үнемдеуге тікелей жауапты екенін атап көрсетті.

Кәзіргі заманда құрылысты тездету, сапасын жақсарту, құнын арзандату құрылыс ғылымы табыстарын, жаңашылдар мен өнертапқыштардың, рационализаторлардың озат тәжірибесі мен ұсынысын өндіріске енгізіп, кең таратуға байланысты. Республикамыздың бұл саладағы жетекші ғылыми орны — Құрылыс және архитектура академиясының Қазақстандағы бөлімшесі өз дәрежесіне лайықты жұмыс атқара алмай отыр. Сондай-ақ жобалау орындарының құрылыс орнын зерттеу, оның жобасын сызудағы кемшіліктері де аз емес. Пленум аталған орындардың жұмысын орынды сынаумен бірге кемшілікті тез арада түзету жолдарын белгіледі.

Пленум партия, совет және басқа қоғам ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктерге және олардың міндеттеріне ерекше тоқталды. Олардың «қызметі, — деп көрсетілген пленумның қаулысында, — резервтерді табу және пайдалану ісіне, мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайту ісіне әлі де нашар жұмылдырылуда. Құрылысшылар арасындағы бұқаралық жұмыстар әлі де нашар, өндірістік жоспар мен социалистік міндеттемелерді орындау жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын едәуір жақсарту түсу қажеттігі туып отыр».

Қазақстан құрылысшылары алдында әрі зор, әрі құрметті міндет тұр. 1960 жылы республика бойынша 17 миллиард сом күрделі қаражат игеріліп, аса маңызды 20 өнеркәсіп орны іске қосылуға тиіс. Соның ішінде Қарағанды металлургия заводының екінші домнасы мен 3 кокс-химия батареясы пайдалануға берілмек. Жыл аяғында 3 миллион шаршы метр тұрғын үй, көптеген мектеп, мектеп-интернат, аурухана, бала тәрбиелейтін орындар салынып болу керек. Ал ілгерірек көз жіберсек, үстіміздегі жетіжылдықта Қарағанды металлургия заводы түгел салынып бітуге тиіс. Жезқазғанда, Соколов-Сарыбай және Атасу кендерінде бірсыпыра жаңа өндіріс қуаты пайдалануға беріліп, Қашар, Лисаков кен-байыту комбинаттарының құрылысы күшті қарқынмен жүргізіле бастайды. Павлодар алюминий, машина жасау, Ермаков ферросплав заводтары, Торғай боксит кені, Жітіғара асбест, Қызылорда қатырғы-целлюлоза комбинаттары, Бұқтарма су электр станциясы, 17 жаңа шахта мен разрез, күшті бу электр станциялары, бірсыпыра жеңіл, тамақ, мата тоқу кәсіпорындары салынып болмақ. Ауыл шаруашылығы, тұрғын үй құрылысы саласында, оқыту, емдеу, бала тәрбиелеу, мәдениет орындарын салу жұмысының көлемі де айтарлықтай.

Бұл зор көлемді жұмыс құрылысшыларымыз ғана емес, бүкіл республика партия ұйымы мен барлық еңбекшілердің қажырлы еңбек сіңіруін керек етеді.

Қазіргі басты міндет — қолда бар қаражат пен материалды дұрыс жұмсай білуде, оны ең алдымен аса маңызды құрылыстар мен іске қосылатын объектілерге шоғырландыру арқылы жетіжылдықтың аса маңызды объектілерін мерзімді уақытында іске қосу. Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау құрылыс жұмысын қазіргі заманның ең озат техникасына негізделген индустриялы әдіспен жүргізуді талап етеді. Жоспарлы тапсырманы орындаудың негізгі шарттары — барлық құрылыста еңбек өнімділігін еселеп арттыра беру, еңбек ұйымдастыруды биік дәрежеге көтеру, құрылыс жұмысын жаппай механикаландыру жоспарын сөзсіз уақтылы орындау, құрылыс машиналары мен транспорттың жұмыс кезінде босқа тоқтап тұруына жол бермеу.

Ерекше назар аударатын жағдай құрылыстың сапасын жақсарту ісі. Партия, совет ұйымдары, халық шаруашылығы советтері бұл жұмысты ерекше бақылап, барлық құрылыс пен кәсіпорындары басшыларының, әрбір жұмысшының, бригадирдің, мастердің, инженердің жұмыстың сапасына жауапкершілігін арттыруға міндетті.

Партия комитеттері өнеркәсіп объектілерінің, құрылыс индустриясы кәсіпорындарының, тұрғын үйлердің, балалар тәрбиелейтін мекемелер мен емдеу орындарының, мәдени-тұрмыс объектілерінің белгіленген мерзімде пайдалануға берілуін қамтамасыз ету жөнінде кәсіпорны басшыларына талапты күшейте түсуге міндетті. Құрылыстағы бастауыш партия ұйымдарының ролі мен жауапкершілігін көтеріп, ондағы партия комиссияларының жұмысын жолға қою керек. Партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының маңызды міндеті құрылысшылар арасында социалистік жарысты өрістетуге, әсіресе коммунистік еңбек екіпіндісі, бригадасы, коллективі деген құрметті атақ алу үшін жарысты кең өрістетуге, озат құрылыс-техникасы мен алдыңғы қатарлы тәжірибені өндіріске кеңінен енгізіп, үнемі таратып отыру болады.

Пленум Қазақстанның коммунистері мен барлық еңбекшілері республикамыздың 40 жылдығы құрметіндегі жарысты үдете отырып, жетіжылдықтың және оның екінші жылының тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындайды, сөйтіп коммунизм құрылысшыларының алдыңғы қатарында болады деп зор сенім білдірді.

Бейбіт қатар өмір сүру—Совет Одағы сыртқы саясатының мызғымас негізі

Ж. АРАЛБАЕВ

Әлеуметтік құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру принципі — Совет елі сыртқы саясатының сара жолы. Совет мемлекеті өзінің өмір сүруінің алғаш күндерінен-ақ басқа халықтармен және мемлекеттермен қатынастарында осы принципті басшылыққа алып келеді.

Социалистік және капиталистік системалардың бейбітшілікпен қатар өмір сүруінің заңдылығын және объективті қажеттігін Владимир Ильич Ленин ашып, негіздеді. Қатар өмір сүру принципі социалистік революцияның лениндік теориясынан туады.

Капитализмнің өсіп, өркендеу заңдарын терең зерттей отырып, В. И. Ленин империализм дәуірінде капитализмнің әркелкі даму заңын ашты. Бұл дәуірде бұрынғы еркін бәсекенің орнына монополиялар үстемдігі орнады. Ескі, «мәдениетті», «прогресшіл» капиталдың орнын финанс капиталы басты, капиталдың «бейбіт» ұлғайып, «бос» жерлерге еркін жайылуы жойылып, оның орнына дүние жүзін күшпен қайта бөлісу басталды. Бұрын артта қалып келген елдер шапшаң дамып, алда келе жатқан елдермен теңесуге, басып озуға, рыноктерден ығыстыруға дейін барды. Мұның бәрі империализм қайшылықтарын шиеленіскен үстіне шиеленістіре түсті. Ірі монополистік бірлестіктердің, дүниежүзілік монополистік одақтардың және империалистік мемлекеттердің араларында таластар, жанжалдар туып, империалистік соғыстар қауып күшейді.

Империализм дәуірінде капитализмнің әркелкі даму заңына сүйеніп отырып, В. И. Ленин социалистік революцияның алғаш бірнеше елде немесе тіпті, жеке бір елде жеңуі мүмкін деген данышпандық қорытындыға келді. «Капитализмнің дамуы, — деп жазды ол, — әртүрлі елде мейлінше әркелкі болып отырады. Товарлы өндіріс тұсында басқаша болуы мүмкін де емес. Мұнан мынадай даусыз қорытынды туады: социализм бірден барлық елде жеңе алмайды. Ол әуелі бір немесе бірнеше елде жеңеді де, қалғандары біраз уақыт буржуазиялық немесе буржуазияға дейінгі ел күйінде қала тұрады» (Шығармалар, 23-том, 76-бет).

Лениндік бұл ілім империализм дәуірінде капитализм өзінің бір-кеккі дамымайтындығынан социалистік революция барлық елде немесе көпшілік елде бір мезгілде пісіп жетілуі мүмкін емес деп үйретеді. Социализм тек социалистік революция үшін қажет объективтік және субъективтік жағдайлар пісіп жетілген елде ғана жеңеді. Сондықтан басқа елдерден бұрын социалистік төңкерістер жасаған бір немесе бірнеше ел ұзақ уақыт бойына өздеріне қарсы капиталистік дүниемен қатар өмір сүруге тиіс.

Социалистік революцияның лениндік теориясының дұрыстығы тарихтың бүкіл барысында дәлелденіп, іске асуда. Россия капитализмі өз дамуының жоғарғы және соңғы сатысына, империализм сатысына көтерілген, паразиттік және өліп-шіріп бара жатқан капитализмге ай-

нала бастаған дәуірінде империализмнің барлық қайшылықтарының түйіскен жері және оның ең талма буыны еді. Мұнда помещиктер мен капиталистердің үстемдігі құлатылып, социализм орната алатын күш — пролетариат өсіп, жетілді. Лениндік партияның басшылығы арқасында еліміздің пролетариаты кедей шаруалармен одақтасып, 1917 жылы буржуазияның үстемдігін құлатты да, халықтық өкімет — совет өкіметін орнатты. Сөйтіп социализмге жол салған тұңғыш ел — Россия болды.

Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін біраз елдер капиталистік системадан шығып қалды. Европа мен Азияның бірқатар елдері социализм жолына түсті. Капитализмнен социализмге өту дәуірі біздің заманымыздың негізгі мазмұны болып отыр. Рас, кәзір де империализмнің табиғаты өзгерген жоқ. Бірақ дүние мүлдем басқаша. Дүние жүзіндегі халықтың үштен бір бөлегінен көбі, яғни бір миллиардтай адам социализм жолына түсті. Социализм бір елдің шеңберінен шығып, дүниежүзілік системаға айналды. 700 миллионнан астам адам отарлық езгінің бұғауын үзіп, өздерінің ұлттық, суверенді мемлекеттерін құрды. Капиталистік елдердің бәрінде де жұмысшылардың революциялық қимылы күшеюде. Бейбітшілікті жақтаушылардың қуатты қозғалысы кең өріс алып, күннен күнге ұлғайып келеді. Капитализмнің барған сайын өрісі тарылып, өзегі талып бара жатқан система екенін дүние жүзінің еңбекшілері өз көздерімен көруде. Міне, мұның барлығы халықаралық көлемде күштердің ара салмағы түбірінен бейбітшілік пен социализм пайдасына өзгергенін дәлелдейді.

Жас Совет республикасының капиталистік елдермен қарым-қатынасы жайында айтқан көптеген сөзінде де Владимир Ильич Ленин Совет мемлекеті жүргізіп отырған бейбітшілік саясаты уақытша, өткінші фактор емес, насихаттық әдіс-айла емес, біздің еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасындағы сара жолы деді. Мәселен, 1920 жылы «Нью-Йорктің кешкі газетінің» тілшісімен әңгімелескенде ұлы Ленин Совет мемлекеті Америка Құрама Штаттарымен тату тұруға және ынтымақтасып іс істеуге ешқандай кедергі жасамайды, қайта Америка капиталистері бұған кедергі жасап отыр деп көрсетті. Ленин «Американ капиталистері бізге тимейтін болсын. Біз оларға тимейміз... Біз ешқайсысын алаламай, барлық елдермен де одақтасуды жақтаймыз» деді.

Ленинсіз өмір сүрген жылдарда біз екі системаның қатар өмір сүруі жөніндегі лениндік идеядан айныған жоқпыз. Әрине, мұнан Совет елі В. И. Лениннің бұдан әлденеше жылдар бұрын империализм туралы айтқандарын әрдайым қалай болса солай қайталай айтып, сол тұрғысында нақты жағдайды, тарихи өзгерістерді еске алмай отырды деген ұғым тумайды. КПСС съездерінің, конференцияларының, пленумдарының қаулы-қарарларында екі системаның ұзақ уақыт бойына бейбіт қатар өмір сүру мүмкіндігі туралы лениндік қағида онан әрі дамытылды. КПСС XX, XXI съездерінде де, сол сияқты Коммунистік партиялардың 1957 жылғы Декларациясында да Совет Одағының, халықтық демократия елдерінің сыртқы саясаты — бейбіт қатар өмір сүру саясаты, бейбітшілік саясаты екені айтылды. Партиямыз дүниежүзілік екінші соғыстан кейінгі халықаралық жағдайдың өзгерістерін, қоғам дамуының процестерін зерттей келіп, өзінің XX, XXI съездерінде кәзіргі заманда империалистік соғыстың болуы даусыз еместігі жөнінде қорытынды жасады. Жұмысшы қозғалысының тарихи тәжірибесі, жұмысшы табының социализм жолындағы күрес тәжірибесі маркстік формулалармен қағидаларды тек жатқа білу жеткіліксіз екенін көрсетеді. Бәрінен бұрын марксизм-ленинизмді, маркстік диалектиканы жағдайдың қалай өзгергеніне қарай творчестволықпен қолданып отыру қажет. Ал кейбір коммунистер алға қарамай, артқа қарап, халықаралық жағдайда күш-

ердің ара салмағы бейбітшілік, социализм пайдасына өзгергенін жете скермейді.

Дүние жүзіндегі күштердің кәзіргі ара салмағы мен соғыс техникасының кәзіргі дәрежесі бейбіт қатар өмір сүруді керек етеді. Бірақ капиталистік мемлекеттердің билеп-төстеуші топтары арасында әлі де болса социалистік елдермен қатар өмір сүруді қалағысы келмейтіндер аз емес. Бейбіт қатар өмір сүрудің дұшпандарының ойларында бір-біріне қарама-қарсы екі система үнемі бір-бірімен қақтығысып отырады. Аундай көзқарас соғыстан кейінгі жылдарда Батыстың басты-басты капиталистік елдерінде кең өріс алды. Бұл «қырғиқабақ соғыс» дегеннен көрінді. Яғни, оның мақсаты — өмірді үнемі шиеленіскен халде ұстау.

Бейбіт қатар өмір сүру бейбітшілікті қамтамасыз ете алатын, сонымен қатар социалистік елдер үшін де, капиталистік мемлекеттер үшін де икемді бола алатын жолдарды іздейді. Бейбіт қатар өмір сүру аясатының мәнісі даулы мәселелерді шешудің құралы деп саналып келген соғыстан бас тартуда. Алайда, бейбіт қатар өмір сүру деген ұғым тек мұнымен ғана шектелмейді. Бұл ұғым бойынша барлық мемлекеттер бір-біріне тиіспеуге міндеттеме алуы керек. Сонымен қоса бір-бірінің территориясының тұтастығы мен суверенитетін ешуақытта да және қалай болғанда да бұзбауға тиіс. Бейбіт қатар өмір сүру басқа елдердің мемлекеттік құрылысын немесе тұрмыс салтын өзгерту мақсатымен, не болмаса нендей бір басқа сылтаулармен сол елдердің ішкі істеріне араласудан бас тартуды талап етеді. Бейбіт қатар өмір сүру принципі бойынша елдердің арасындағы саяси және экономикалық қарым-қатынас олардың толық теңдігі және өзара тиімділігі негізінде орнатылады.

Кәзіргі кезде бұл принциптер — жер жүзі мемлекеттерінің арасында бейбітшілік орнатудың кепілі. Әрине, қарама-қарсы екі системаның арасындағы қайшылықты жоюға немесе елемеуге болмайды. Бірақ бұл қайшылықтар екі системаның арасында соғыс болуын қажет етпейді. Мемлекеттер арасындағы даулы, талас мәселелерді күш қолданбай-ақ келісімге келу арқылы шешуге болады.

Соғысқа жол бермейтін күштер кәзір бүкіл әлемде өсіп, нығайып келеді. Алдымен, социалистік лагерьдің күш-қуаты болашаққа үлкен сеніммен қарауға жағдай туғызып отыр. Кәзір бейбітшілік сүйгіш күштердің адамзатты соғысқа киліктіргісі келетін империалистік агрессорларды тізгіндей алатын қуаты бар. Социалистік елдердің күші қандай екенін советтік ғылым мен техниканың тамаша табыстары — Совет Одағы ұшырған жер серіктері, космос ракеталары айқын дәлелдейді. Сондықтан біздің партия империалистік соғыстың болуы даусыз емес деп отыр.

Дегенмен, біз капитализм тіршілік етіп тұрғанда соғыс қаупінің тала беретінін ұмытпауға тиіспіз. Америка Құрама Штаттары соғыс-құмар топтарының Совет Одағына «У-2» шпион самолет жіберуі, жоғары дәрежедегі Кеңесті сәтсіздікке ұшыратуы — мұның айғағы. Бірақ империалистік елдер Совет Одағының күш-қуатымен, бүкіл социалистік лагерьдің күш-қуатымен санаспай отыра алмайды.

Ал бейбітшіл күштер соғысты болдырмауға күш салуы керек. Оның ішінде тіпті дүниежүзілік соғысқа да ұласып кетуі мүмкін шамадан тыс соғысты да болдырмау керек. Сондықтан қырағылықты күшейту, агрессияшыл күштердің тіміскілеу әрекеттерін әшкерелеу, әлеуметтік құрылысы әртүрлі мемлекеттердің қатар өмір сүруін қамтамасыз ету — бейбітшілікті сүйетін барлық елдер мен халықтардың абзал борышы.

Совет халқы бейбіт қатар өмір сүру негізінде мемлекеттер арасындағы экономика, мәдениет, ғылым саласындағы ынтымақты нығайтатын саясатын жүргізіп келеді. Әсіресе бейбіт экономикалық жарыстың мәні орасан зор. Социалистік мемлекеттер бұл жарыс соғыс қаруын көпте шығару арқылы жүргізілуге тиіс емес, қайта халықтың әл-ауқат күйін үздіксіз арттыру жолымен, тыныштық жағдайында жүргізілуге тиіс деп санайды. Қарама-қарсы екі системаның жарыс майданы — экономика. «Біз капиталистік мемлекеттердің қайраткерлеріне былай деп отырмыз: — деді Н. С. Хрущев жолдас, — келіндер, кімнің системасы тәуір екенін іс жүзінде тексерейік, келіндер, соғыссыз жарысып көрейік. Мұның өзі кімнің қару-жарақты көбірек жасап, біреуді біреу талқандауы үшін жарысудан гөрі әлдеқайда жақсы. Біз халықтардың әл-ауқатын неғұрлым жақсартуға көмектесетіндей жарысты жақтап келеміз және әрқашан жақтай береміз де».

Социалистік елдер өз құрылысын ешкімге де күшпен таңудан алақ. Кімде жұмыс күні ұзақ, кімде қысқа, қай елде еңбекші бұқараны материалдық және рухани игілікті көбірек алып, жақсы үйде тұруын білім алуына зор мүмкіндіктер туса, сайып келгенде сол құрылысты болашағы зор. Ондай құрылыс социализм ғана. Ал капиталистік құрылысты социалистік құрылыспен ауыстыру мәселесін әрбір елдің өз жұмысшы табы, өз еңбекшілері ғана шешеді.

Бейбіт қатар өмір сүрудің экономикалық негізінің жақсы формасы және баянды бейбітшілікті қамтамасыз ететін сенімді жолдардың бірі — сауда. Мемлекеттер арасында сауда ешқандай кедергісіз, қысымсыз жүргізілуге тиіс. Совет Одағы өз тарапынан барлық елдермен сауда байланысын ұлғайтуды жақтап келеді. Мысалы, Совет Одағының сыртқы саудасы 1959 жылы соғысқа дейінгі дәуірмен салыстырғанда сегіз жарым есе артты, СССР-дің сыртқы сауда айналымы 1958 жылдың өзінде ғана 1958 жылмен салыстырғанда 25 процент өсті. Біздің ел дүние жүзінің 70-тен аса елімен сауда жасайды.

Америка Құрама Штаттары мен кейбір капиталистік елдердің социалистік мемлекеттермен сауда жасасу жөнінде осы уақытқа дейін жүргізіп келген саясаты олардың экономикасын әлсіретіп отырғанын империалистік баспа орындары мен кейбір қайраткерлері мойындауда.

Совет елі қазір капитализммен экономикалық жарыстың жаңа кезеңінде отыр. КПСС XXI съезі атап көрсеткеніндей, қазіргі біздің міндетіміз дүниежүзілік өндірісте социалистік системаның капиталистік системадан асып түсуіне жету, неғұрлым дамыған капиталистік елдерді қоғамдық еңбектің өнімділігі жөнінен, жан басына өнім өндіру жөнінен басып озу және дүние жүзіндегі ең жоғары тұрмыс дәрежесін жетуді қамтамасыз ету. Совет Одағы АҚШ-ты экономика жөнінен басып озуды көздейді. Өйткені Құрама Штаттар капиталистік дүниенің бетке ұстап отырған елі, мұны қуып жету деген сөз — капиталистік елдердің жоғары көрсеткішін басып озу деген сөз.

Біз кейбір өнімнің жалпы көлемі жөнінде қазірдің өзінде-ақ АҚШ-ты қуып жетіп, басып оздық. Атап айтқанда, марганец, көмір мен хром рудасын, никель, асбест, сұрыпталған ағаш, электровоз, астық комбайндары және басқа өнімдер өндіру жағынан Құрама Штаттардан артта қалдырдық. Ал қантты олардан екі есе көп өндіріп, бидайдың қара бидайдың, арпаның, картоптың, жүн маталарының, сүттің, майының жалпы өнімі жөнінде де АҚШ-тан озып кеттік.

Совет халқы бұл жарыста өзінің озып шығатынына кәміл сенеді. Бұған негіз де бар. Өйткені, социалистік қоғамның жаратылысының өзі ғылымның, техниканың, мәдениеттің өсуіне, табиғи байлықтарды толық пайдалануға және еңбек өнімділігін үздіксіз арттыра берудің даңғыл жол ашады. Бізде өндіріс жоспарлы және үздіксіз дамып отырады.

рады. Ол қоғамның барлық мүшелерінің қажеттерін толық қанағаттандыруға қызмет етеді. Мұны елімізде биылдан бастап жұмысшылар мен қызметшілерден алынатын салықтардың жойыла бастайтыны, кәзір 7 және 6 сағаттық жұмыс күніне көшуді аяқтап келе жатқанымыз, ал 1964 жылдан бастап 35—30 сағаттық жұмыс аптасына көшетініміз дәлелдейді.

Капиталистік елдерде, әсіресе Құрама Штаттарда жұмысшылар мен қызметшілерден алынатын салықтардың жойылмауы былай тұрсын, қайта мұның керісінше, салықтар үсті-үстіне көбейе түсуде. Басқаша болуы мүмкін де емес. Өйткені, Америка Құрама Штаттарының үкіметі іс жүзінде халықтың мүдделерін емес, керісінше корпорациялар мен монополиялардың мүдделерін қорғайды.

Системалары әртүрлі мемлекеттердің қатар өмір сүруінің барысында социализм мен капитализмнің арасындағы идеологиялық күрес үдей түседі. Екі система арасындағы идеология майданында ешқашан бейбіт қатар өмір сүру болған емес, болмайды да. Коммунистер кәзіргі заманның ең озық, ең жоғары идеологиясы болып табылатын коммунистік идея үшін, жұмысшы табының революциялық идеясы үшін күресті өрістете береді.

Идеология мәселелерінде ешқандай ымыраға келу, ешқандай бейбітделу жайында әңгіме болуы да мүмкін емес дейді Н. С. Хрущев жолдас. Егер принциптік мәселелерде, идеология мәселелерінде ымырашылдық жасалатын болса, онда мұның мәнісі — дұшпанның ұстаған позициясына жылжып түсу деген сөз. Кімде-кім мұндай жолға түсетін болса, ол адам социализм ісіне опасыздық жасайды. Айталық, коммунистер пролетариат диктатурасының жеңісі жолындағы күресінен бас тарта ала ма? Әрине, жоқ. Өйткені, ол капиталистік құрылыстың өмір бақи жасай беруіне көмектескендік болар еді. Немесе коммунистер капиталистік жеке меншікті жалпы халықтық, мемлекеттік меншікке айналдыру күресінен бас тарта ала ма? Әрине, жоқ. Өйткені бұл адамды адамның қанауын мәңгі қалдырғандық болар еді. Болмаса, коммунистер халықтың қолындағы экономиканы жоспарлы жүргізуден бас тарта ала ма? Әрине, жоқ. Бұл өндірістің жоғары қарқынмен дамуын қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірінен бас тартып, капитализм туғызған қайыршылықты қайта орнату болар еді. Демек, социализмнің қандай бір принципінен де сәл ғана шегінудің өзі капитализмге пайда жасағандық болар еді.

Буржуазия насихатшылары «коммунистер идеология саласында ешқандай келісімге келмейді, олар мұнысымен өздерінің бейбіт қатар өмір сүру жөніндегі қағидаларына қайшы келіп отыр» деп сандырақтайды. Бейбіт қатар өмір сүру жолындағы күрес пен идеологиялық күрес бір-біріне қайшы келмейді. Қайта идеология саласындағы кейін шегінушілік екі система арасында соғыс жанжалын туғызуы мүмкін.

Идеологиялық күрес бейбіт қатар өмір сүрудің саяси және экономикалық негіздерін бұзбайды. Қандай идеологияның болса да дұрысығын немесе оның артықшылығын қарудың күшімен дәлелдеуге болмайды, бейбіт жолмен — түсіндіру, иландыру, айтыс арқылы ғана дәлелдеуге болады. Күштеу — идеологиялық тартыстарды шешудің құралы емес.

Жүз жыл бойы буржуазияның кертартпа топтары ғылыми коммунизмнің теориясын, маркстік ілімді «талқандауға» бар күшін салып келе жатқаны мәлім. Бірақ, олардың бұл әрекетінен ешнәрсе шықпады. Өйткені, қандай да болмасын шындықты жоюға болмайтыны сияқты, марксизм-ленинизм теориясын да жоюға болмайды. Марксизм-ленинизм адамзатқа жаңа дүниенің есігін ашты, ол миллиондаған

адамдардың ақыл-ойын билеп, оларды творчестволық еңбекке жігерлендіріп отыр.

Кәзір жер шарында социалистік және капиталистік дүние өмір сүріп отыр. Оларды бір-бірімен өзара қатынасатын екі арна деп қарауға болады. Амал қанша, Америка империалистері және оның сыбайластары «қырғиқабақ соғыс» дегенді жақтайды. Тіпті, олар мұны бұрынғыдан да бетер күшейтуге әрекеттеніп бағуда. Соңғы кездегі оқиғалар мұны айқын дәлелдейді. Американың соғыс самолетінің Совет Одағының әуе кеңістігіне басып кіруі сияқты арсыздық және агрессиялық әрекет—мұның бұлтартпайтын айғағы.

Америка Құрама Штаттарының үкіметі арандату әрекеттерін айыптап, тоқтатудың орнына, шпиондық және диверсиялық әрекетті тағы да арсыздықпен жақтап шықты. Ал соғысқұмарлардың мұндай әрекет бейбітшілік ісіне өте қауіпті. Совет ракеталары мен истребительдері әуе қарақшыларын дәл атып түсіріп қана қойған жоқ, сонымен бірге американың саясатшылары мен милитаристерінің бет пердесін де жұлып тастады. Совет үкіметі Америка Құрама Штаттарының үкіметіне және оның соғыс базалары орналасқан елдердің үкіметтеріне қатты ескерту жасады. Совет үкіметінің агрессорға берген тойтарысы орынды-ақ болды. Егер империалистердің осындай әрекеттеріне немқұрайды қарайтын болсақ, онда мұның өзі жаңа соғыс қаупін күшейте түсер еді.

Әлеуметтік құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру теориясы белгілі бір дәрежеде келісімге келуді, кейбір мәселе жөнінен өзара көнісуді, компромиссті жоққа шығармайтыны сөзсіз. Сондықтан Совет Одағы бейбітшілік, социализм мүддесі үшін, еңбекшілердің мүддесі үшін кей уақыт бұған барып та жүр.

Совет елі бейбіт қатар өмір сүру саясатын қажырлылықпен жүргізіп келеді. Тек соңғы бір жарым жылдың ішінде ғана Совет үкіметі ядролық қаруды сынауды тоқтату туралы, атом қаруын біржола жою Германиямен бітім договорын жасасу жолымен дүниежүзілік екінші соғыстан кейін сөнбей қалған оттың шаласын өшіру туралы, әбден мезгілі жеткен халықаралық мәселелерді шешу үшін үкіметтер басшыларының кеңесін шақыру туралы, жаппай және толық қарусыздану туралы ұсыныстар сияқты маңызды ұсыныстарды енгізді. Совет Одағының белсенділікпен жүргізген бейбітшіл сыртқы саясатының нәтижесінде халықаралық жағдай белгілі дәрежеде жақсара бастаған еді. Совет үкіметінің басшысы Н. С. Хрущевтің Америка Құрама Штаттарына, Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне және Францияға барып қайтқан сапары халықаралық шиеленістің бәсеңдеуіне жол ашты.

Совет Одағы мен социалистік системаның басқа да елдері капиталистік системадағы елдермен бейбіт қатар өмір сүрудің лениндік саясатын келешекте де бұлжытпай жүргізіп отырады. «Біз, — деді Н. С. Хрущев жолдас, — социалистік және капиталистік мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруін көздейтін лениндік бағыттан келешекте де айнымай, халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге, қарусыздануға, даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуге күш саламыз».

Қоғамдық құрылысы әртүрлі елдердің бейбіт қатар өмір сүру саясатын Совет мемлекеті бейбітшілік сүйгіш барлық халықтың игілігі үшін бұдан былай да дәйектілікпен жүргізе береді.

Жұмысшы, шаруа тілшілері — баспасөздің тірегі

Қ. ШАЛАБАЕВ,

*Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің насихат
және үгіт бөлімі баспасөз секторының меңгерушісі*

Партия-совет баспасөзінің негізгі сүйеніші — қалың бұқара. Большевиктік баспасөздің күшінің өзі газет, журналдардың халықпен тығыз байланыс жасауында, күн сайын тілдесіп, оның тілегіне құлақ асуында.

Біздің баспасөздің тек халық үшін қызмет ететін нағыз бұқаралық баспасөз екені мәлім. Ал осындай абыройлы атаққа кір келтірмеу үшін газет, журналдарымыз өздерінің күнделікті жұмысында жұмысшы және ауыл-село тілшілеріне — халық тілшілеріне арқа сүйеніп отырады.

Жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің қозғалысын өрістетудегі, оларды баспасөзге кеңінен тартудағы, сөйтіп еңбекшілердің қалың бұқарасымен байланысты барған сайын күшейте берудегі жаңа белес — КПСС Орталық Комитетінің 1958 жылғы 30 августтағы «Совет баспасөзінің жұмысшы және село тілшілерінің бұқаралық қозғалысына басшылықты жақсарту туралы» қаулысы. Кәзіргі уақытта 70 мыңға жуық жұмысшылар, колхозшылар, интеллигенция өкілдері республика газет, журналдарының жұмысына белсене қатысып жүр. Бұл — жұмысшы және ауыл-село тілшілеріміздің саны соңғы үш жыл ішінде 10 мыңға жақын өсті деген сөз. Мұның өзі республика партия ұйымдары мен газет, журнал редакцияларының КПСС Орталық Комитеті қаулысын жүзеге асыруда елеулі жұмыс істегенін, жұмысшы ауыл-село тілшілерінің қозғалысын дамытуға күнделікті көңіл бөліп отырғанын сыпаттайды.

Көкшетау, Семей, Павлодар, Қызылорда, Шығыс Қазақстан облыстарының жергілікті партия ұйымдары халық тілшілері арасындағы жұмысты жақсарту беруге көп назар аударып келеді. Мәселен, Қызылорда облысында тек биыл ғана жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің газеттерде жарияланған сын материалдарына байланысты аудандық, облыстық партия комитеттері 82 рет мәселе қараған. Павлодар облыстық партия комитеті «Жұмысшы және село тілшілерінің қозғалысы жөніндегі КПСС Орталық Комитеті қаулысының орындалу барысы туралы» мәселе талқылап, Лебяжі аудандық партия комитетінің есебін тыңдады.

Жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің жаппай рейдтерін өткізіп, оларды редакцияларға келіп түскен хаттар мен материалдарды тексеруге қатыстыру өріс алуда. Көп жерлерде жаңа авторлар тартуға, авторлық мақалалар әзірлеуге тілшілер үлкен қолқабыс тигізуде. Қоғамдық өндірістік байқауларды өткізуде де — жұмысшы және ауыл-село тілшілері негізгі күш.

Соңғы бір жарым жыл ішінде ғана республика бойынша 4 326 рейд өткізілді. Оған 41 355 адам қатысты. Тілшілер рейдтері негізінен ауыл-шаруашылық жұмыстарының маңызды маусымдарын ойдағыдай өткізу, жаңа техника мен техникалық өнертабыстарды өндіріске кеңінен енгізу, еңбекшілердің мәдени-тұрмыстық мұқтажын өтеу, жаңадан салынып жатқан құрылыс орындарын мерзімінде пайдалануға беру, жұмыстың сапасын жақсарту, заттардың түсер құнын кеміту, еңбек өнімділігін арттыру сияқты көкейтесті мәселелерге арналған. Оларға жұрт барынша көп қатысқанда ғана рейдтердің табысты болатынын еске тұтқан редак-

циялар рейд ұйымдастырғанда оның шын мәнісінде бұқаралық болуын ескеруде. Бұл жағынан Шығыс Қазақстан облысында өткізілген рейдтер айтарлықтай. Мұнда әрбір рейдке орта есеппен 13—14 адам қатысқан.

Әрине, әңгіме рейд өткізуде ғана емес, әңгіме оның қорытындысында. Осы тұрғыдан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұсынысы бойынша ұйымдастырылып, мал шаруашылығындағы міндеттемелердің орындалуын тексеруге арналған бүкілқазақстандық рейд жемісті болды. Рейд бригадалары тексергеннен кейін беті ашылған кемшіліктерді қолма-қол жоюға жергілікті жерлерде тиісті шаралар қолданылды. Рейд кезінде көптеген озаттардың тәжірибесі ортаға салынып, қолдау тапты.

Бүкілқазақстандық рейд тұсында Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газеті бірсыпыра жұмыс істеді. Рейд басталар алдында газет редколлегиясының осы мәселеге арналған мәжілісі өткізілді. Оған меншікті тілшілер мен редакция қызметкерлері қатысты. Аудандарға арнаулы адамдар жіберілді. Олар әрбір колхоз, совхозда тілшілердің рейдін ұйымдастыруға нақты көмек көрсетті. Осының бәрі газетте рейд материалдарының үзбестен жариялануына, олардың әсерлі болуына жағдай жасады.

Республика газет, журналдарының жұмысшы және ауыл-село тілшілерінен құрылған 2 317 тұрақты посты бар. Бұлар жұмыстың шешуші учаскелерінде. Тілшілер постары өздерінің редакцияға жіберген хат-хабарларында істегі кемшіліктерді айтып қана қоймай, олқылықтардың неліктен орын алғанын, оларды қалай жою керек екенін де көрсетіп, партия ұйымдары мен шаруашылық басшыларына едәуір жәрдем тигізуде. Постар жұмыстың жақсы жағын насихаттап, өнегелі істі таратуға да ат салысып келеді. Әдетте, жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің посты жазған коллективтік материалдар аяқсыз қалып қоймайды, өйткені жарияланған мақалалардың ықпалды болуын постардың өздері қадағалап отырады. Әсіресе республикалық «Қазақстанская правда», «Лениншіл жас» және «Ленинская смена» газеттерінің Қазақстан Магниткасында құрған тұрақты постарының қызметі көңіл бөлерліктей. Олар көбіне-көп тұңғыш домна іске қосылар алдына газет оқушыларды құрылыстың әрбір тынысымен таныстырып тұрды десек, асыра айтпаған болар едік.

Баспасөзге қатысып жүрген халық тілшілерінің барлығы да саяси маңызы зор жұмыс атқарады. Олардың бәрі де халық үшін қызмет ету жолына жан-тәнімен берілген, ештеңеден де қорықпайтын, кемшілікке төзбейтін, жаңалықтың жаршысы. Міне сондықтан да жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің мыналары жұмысты жақсы істейді, мыналары—жаман істейді деу қиын-ақ — тілшілер түгелінен абыройлы іс атқарып жүр. Бірақ, біз жақсылардың да жақсысы болатындықтан кейбір жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің өнегелі еңбегіне тоқтала кеткіміз келеді.

Көптеген тілшілер газет, журналдарға үзбестен хат-хабар жазумен қатар, редакциялардың тапсырмасын ұқыпты орындап, ұйымдастыру жұмысын жақсы жүргізеді. Олар өздеріне жүктелген тілшілік қызметі сияқты ардақты қоғамдық міндетті ойдағыдай орындау үшін ең алдымен өздері қажырлы еңбектің үлгісін көрсетіп жүр. Петропавл элеваторының слесары Иван Григорьевич Коньков жұмысшы тілшісі болғаннан бергі екі жыл ішінде облыстық «Ленинское знамя» газетіне 30-дан астам материал берді. Оның жазатын басты тақырыбы — совет адамының еңбегі мен тұрмысы. Ол өзі еңбек озаты болғандықтан да жолдастарының үздік тәжірибесінің сырына ашып, басқалардың игілігіне айналдырады. Жұмысшы тілшісінің очерк сияқты әрі күрделі, әрі қиын жанрға

араласа бастағаны да қуанарлық. Жуырда И. Коньковтың «Шофер» деген очеркі жарияланды.

Цюрупа ауданының (Павлодар облысы) Калинин атындағы колхозының бригадирі Ғазез Әубәкіровтың тілші болғанына 15 жыл. Ол көбінесе озат тәжірибе мен алдыңғы қатарлы адамдар туралы жазады. Ғ. Әубәкіровтың аудандық газетте жарияланған, діни қалдықтарға қарсы жазған мақаласы аудандық партия комитетінде талқыланды. Бұл ауыл тілшісінің көкейтесті мәселе көтеретінін көрсетеді. Ақтөбе облысы, Қобда аудандық «Заря коммунизма» газетінің село тілшісі Кирилл Андреевич Сычев тілшілер постын басқарумен қатар, баспасөз таратуға да белсене ат салысады. Ал клубтың тілшілер үшін арнаулы бөлмесін колхозшылар күн сайын босатпайды деуге болады. Олар К. А. Сычевпен алуан түрлі мәселелер жөнінде әңгімелесіп, пікір алысуға келіп тұрады, өйткені тілші — қоғамдық пікір ұйтқысы.

Мұндай мысалдар көп. Олар қай ауданнан болса да табылады. Халық тілшілерінің тамаша жұмысын мына цифрдың өзі де айқын дәлелдемей ме? Соңғы екі жыл ішінде жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің қатарынан 258 адам газет, журнал редакциясына қызметке алынды. Бұлардың ішінде Қызылорда облыстық «Ленинский путь» газетінің кәзіргі меншікті тілшісі, Қазалы локомотив депосының бұрынғы технигі Ш. Серікбаев, осы облыстың Жанакорған аудандық «Екпінді» газетінде істеп жүрген, бұған дейін қатардағы колхозшы А. Сопыбеков, облыстық «Актюбинская правда» газетінің әдеби қызметкері, бұрын Қызылжар жөндеу-техника станциясында комбайншы болған И. Лахно, Гурьев облысы, Мақат аудандық «Нефтяник» газеті редакциясының партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі П. Кряколова, облыстық «Кокчетавская правда» газеті редакциясының өнеркәсіп-транспорт бөлімінің меңгерушісі А. Тютюнник және басқалары бар. Журналистік қызметке алынған тілшілерден жақсы очеркистер мен фельетонистер де шықты. Н. Колинко секілді кешегі село тілшісі — бүгін аудандық газеттің редакторы (Н. Колинко — кәзір Ақмола облысындағы ең ірі астықты ауданның бірі — Есілде аудандық газеттің редакторы).

Жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің журналистік шеберлігін арттыру мақсатында едәуір жұмыс істеліп жатыр. Республикамызда тілшілердің мектебін ұйымдастыру, курстар мен семинарлар, кеңестер мен конференциялар өткізу дәстүрге айналды. Кәзір жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің мамандығын жетілдіретін 17 мектеп бар. Тек Семей облысының өзінде ғана осындай төрт мектеп құрылған. Мұнда Бородулиха аудандық «Ленинское знамя» газеті жанындағы мектептің жұмысы тәуір. Үстіміздегі жылдың май айында жұмысшы тілшілерінің алғашқы тобы Гурьев қалалық мектебін бітіріп шықты. Ақмола облысының Атбасар ауданындағы мектепте жұмысшы және ауыл-село тілшілері, қабырға газет редакторлары, партия, комсомол ұйымдарының өкілдері оқиды. Мектептерде большевиктік баспасөздің тарихы, газеттердің кәзіргі кезеңдегі міндеттері, газет жанрлары және басқа мәселелерден сабақ өткізіліп тұрады. Лекциялар оқуға аудандық, қалалық, облыстық, республикалық газеттердің тәжірибелі журналистерімен бірге, партия, совет органдарының, сондай-ақ шаруашылық ұйымдарының басшы қызметкерлері қатысады. Көп газеттер өздерінің бетінде жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің сырттан оқитын мектебін ашып, үзбестен материал жариялайды.

Тілшілерді тәрбиелеудегі газеттердің жұмысы мектеп ұйымдастыру, семинар немесе кеңес өткізумен ғана тынып отырған жоқ. Редакциялар мен жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің арасындағы күн сайын жүргізіліп жататын әдеттегі орасан зор жұмысты айтпағанның өзінде, халық тілшілеріне газет беттерінен де аз көмек көрсетіліп жатқан жоқ. Бұл жерде

«Жұмысшы және ауыл-село тілшілеріне сөз береміз», «Осы айда қандай мәселеге назар аудару керек», «Тілшілер бұрышы», «Біздің алда тұрған міндеттеріміз мыналар», «Мұны сен де ұмытпа, біздің жауынгер тілшіміз!», «Жұмысшы және ауыл-село тілшілері үшін консультация» деген рубрикаларды атап өтудің өзі де жеткілікті. Қорыта айтқанда, республика газет, журналдарында жұмысшы және ауыл-село тілшілеріне арналған материалдар, оның ішінде бас мақалалар көбеюде. Мәселен, Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газеті тек үстіміздегі жылы ғана тілшілерге арнап 8 консультация, 2 бас мақала берген. Кей жерде тілшілердің баспасөз конференциясын өткізу практикаға енгізіле бастады.

Жұмысшы және ауыл-село тілшілері қозғалысының барған сайын дамуы, еңбекшілердің газет, журналдарға қатысу ынтасының артуы арқасында баспасөзде жұмыс істеудің қоғамдық негізін мұнан былай да өрістете беру үшін қолайлы жағдай туып отыр. Қоғамдық негіз дегеніміз — жұртшылық үшін өз еркімен тегін жұмыс істеу. Қоғамдық негіз бойынша жұмыс істеудің үлгісін редакциялардың штаттан тыс бөлімдері, жұмысшы және ауыл-село тілшілері мен авторлар советтері, редколлегиялардың штаттан тыс мүшелері көрсетіп жүр. Бұл да — коммунизмнің нышаны. Сонымен бірге бұл факті советтік демократияның дамуын сипаттайды.

Қазақстан газет, журналдарының редакцияларында кәзір 223 штаттан тыс бөлім жұмыс істеп жатыр. Мұның көпшілігі аудандық газеттерде. Штаттан тыс бөлімдер түрлі-түрлі мәселелер бойынша құрылған: насихат пен үгіт, партия және комсомол тұрмысы, совет құрылысы, физкультура мен спорт, өнеркәсіп, мәдениет, құрылыс тағы басқалары. Әдетте, қоғамдық негізде құрылған бөлім редакция штаты қамтымаған саланы қамқорлыққа алады. Штаттан тыс бөлім құрамын редакциялар іріктеп алады, ал бөлім меңгерушісін партия комитеттерінің бекіткені жөн. Бөлімдегі қызметкерлер саны әр жерде әртүрлі, бірақ ең кемі — 4—5 адам.

Жамбыл облыстық «Коммунист» газетінің редакциясында штаттан тыс төрт бөлім бар. Олар — химия өнеркәсібі, физкультура мен спорт, темір жол транспорты және комсомол тұрмысы бөлімдері. Физкультура мен спорт бөлімінде 11 әдеби қызметкер істейді. Бөлім меңгерушісі — республикалық «Спорт» газетінің Жамбыл облысындағы меншікті, тілшісі В. Борисенко. Бөлім газетте «Өткен аптадағы спорт жаңалықтары» деген рубрикамен берілетін материалдарды баспаға әзірлейді. Есбол аудандық (Гурьев облысы) «Коммунизм туы» газеті редакциясының насихат және үгіт бөлімі осы жылдың алты айы ішінде идеологиялық жұмыстың түрлі мәселелері бойынша 22 материал даярлап, газетке жариялады. Шығыс Қазақстан облыстық «Знамя коммунизма» газеті редакциясының тарих бөлімі де ойдағыдай жұмыс істеп келеді. Ол облыс өміріне байланысты тарихи материалдар жинап, соларды газетте шығаруға белсене қатысып жүр. Октябрь революциясы мен азамат соғысы ардагерлерінің «Знамя коммунизма» газетінде басылып жүрген естеліктерінде осы штаттан тыс бөлімнің үлесі көп. Қостанай облысы Федоров аудандық газеті редакциясындағы штаттан тыс төрт бөлімнің бәрі де өзінің басты міндетін авторлық материалдар ұйымдастыру деп санайды. Осы облыстық «Ленинский путь» газетінің жұмысына штаттан тыс құрылған заң бөлімі үлкен көмек көрсетіп келеді. Бөлім меңгерушісі — облыстық прокурордың көмекшісі В. Пак әдеби қызметкердің назарын газетке заң консультациясының үзбестен жарияланып, жолдастық соттар мен халық жасақшыларының жұмысы жайындағы материалдардың сапалы әзірленуіне, редакцияға түскен шағымдар мен арыздардың

мүқият тексерілуіне, сұрақтарға дұрыс жауап берілуіне аударып отырады.

Жұмысшы, ауыл-село тілшілері мен авторлар советтерінің де ролі зор. Советтер редакциялардың жоспарын талқылауға қатысып, әзірленген материалдар жөнінде пікір айтады, ұйымдастыру жұмысын жүргізеді. Семей облыстық «Прииртышская правда» газеті редакциясының ауылшаруашылық бөлімі жанынан ұйымдастырылған советтің жұмысы көңілдегідей. Осы совет Аякөз ауданындағы «Қарақол» совхозының шопаны Социалистік Еңбек Ері Б. Әбіжановтың, Үржар ауданындағы «Красные горные орлы» совхозының шопаны Социалистік Еңбек Ері Ұ. Барлыбаевтың, Ново-Покров ауданындағы «Қазақстанская правда» газеті атындағы колхоздың сауыншысы В. Найверттің озат тәжірибесін насихаттап, өндіріске енгізуге жәрдемдесті.

«Социалистік Қазақстан» газетінің бастамасы бойынша бірқатар газет штаттан тыс жергілікті тілшілер тағайындауға кірісті. Қазір «Социалистік Қазақстанның» 95 ауданда жергілікті тілшісі бар. Олар — партия, совет, комсомол, кәсіподақ, шаруашылық қызметкерлері мен журналистер. «Социалистік Қазақстанның» аудандағы жергілікті тілшілерін аудандық партия комитеттерінің ұсынуы бойынша редколлегия бекітеді. Әзірге бір ауданда — бір тілші. Редколлегия келешекте мұндай тілшілердің аудан, қала, облыс сайын болуын көздеп отыр. Сөйтіп, газеттің жергілікті жердегі барлық жұмысы болашақта бірте-бірте меншікті тілшілерден штаттан тыс жергілікті тілшілерге ауысады. «Социалистік Қазақстан» редакциясы өзінің жергілікті тілшілерінің екі күндік семинарын өткізді. Семинарға қатысқандарды Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші секретары Н. Н. Родионов жолдас қабылдады.

Жұмысшы және ауыл-село тілшілері қозғалысының бұрынғыдан анағұрлым жандана түсуі газет, журналдардың жұмысына үлкен әсерін тигізуде: баспасөз бетінде көтерілген мәселелердің шеңбері кеңейді, мақаланың тілі жақсара бастады, редакцияларға хат-хабарлар мен бағалы ұсыныстар көп түсетін болды. Газет, журналдарға 1960 жылдың алты айында ғана түскен хаттың өзі бүкіл 1957 жылға теңбе-тең. Ақсуат аудандық (Семей облысы) «Социалистік қарқын», Павлодар аудандық «Знамя коммунизма», Шиелі аудандық (Қызылорда облысы) «Коммунизм жолы», «Актюбинская правда», Қостанай облыстық «Ленинский путь», Шығыс Қазақстан облыстық «Знамя коммунизма», Алматы облыстық «Коммунизм таңы» газеттерінің жұмысы едәуір жақсарғаны ең алдымен халық тілшілері арасындағы жұмыстың жолға қойылуынан деу керек. Мысалы, Алматы облыстық «Коммунизм таңы» газетінің Панфилов жүгерішілерінің жақсы тәжірибесін жазудағы, Алматы облысын, астана халқын, қала берді басқа облыстарды да овощпен, жеміс өнімдерімен жабдықтайтын негізгі база ету күресіндегі, еліміздің атақты шопандарының бірі Иван Малашенконың озат әдісін таратудағы игі істерін айрықша атап өткен жөн. Өйткені редакция коллективінің үлкенді-кішілі табыстарының барлығы да тілшілердің жұмысына байланысты. Газет редакциясы көбінесе маңызды саяси-шаруашылық науқан кезінде рейд бригадаларын ұйымдастыруға баса көңіл бөліп отырады. Жұртшылық қызыға оқыған «Жүгері—сүт, жүгері—ет, жүгері—күт, жүгері екі» деген арнаулы номер, «Озат өз ортамызда, олар — панфиловтықтар», «Қәне, кімде қандай пікір бар, қой саны қайтсе көбеймек?», «Кегенде туды бұл игі іс» деген және басқа көптеген дербес беттер мен подборкалар жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің қатысуымен жарық көрді.

Халық тілшілерінің бұқаралық қозғалысын дамытып, баспасөзде қоғамдық негізді барған сайын кеңейте беру ісінде кемшіліктер де жоқ емес. Бізде жұмысшы және ауыл-село тілшілеріне сүйенбейтін, көбі-

несе штаттағы қызметкерлер жазған, солар ғана ұйымдастырған мақаламен толтырылатын, тіпті газетке қанша тілші қатысатынын нақты білмейтін баспа орындары да кездесулі. Тілшілермен жұмыс істеу, әсіресе, журналдарда нашар екенін айтпай кетуге болмайды. Неліктен екені белгісіз, көптеген журнал редакциялары тек «мықты» авторлар ғана іздеумен шұғылданып, жұмысшы, ауыл-село тілшілерін мүлдем естен шығарған. Бұған, ең алдымен, «Народное хозяйство Казахстана» журналы мысал бола алады. Журналдың бірде-бір жұмысшы және ауыл-село тілшісі жоқ десек ағаттық емес. Керек десе, редакциядағы жолдастар жергілікті жерлерден қанша хат түсіп тұратынын да жете білмейді. Журнал оқушыларының ішінде қатардағы жұмысшы мен колхозшының бірен-саран ғана кездесетіні де осыдан шығар.

Қызылорда облысындағы Теренөзек және Жаңақорған, Павлодар облысындағы Өрлітөбе және Куйбышев, Ақтөбе облысындағы Қарабұтақ және Степной, Жамбыл облысындағы Қордай, Алматы облысындағы Қаратал аудандық газеттеріндегі елеулі кемшіліктердің басты сыры — редакциялардың тілшілер арасындағы жұмысты тиісті дәрежеге көтере алмағаны. Бұл газеттер әлі күнге дейін бірсарыннан, біржақтылықтан айырыла алмай келеді. Жарияланған материалдың біріне бірі ұқсайтыны сондай, газеттің жаңа номерін оқығанда «мынау өткендегі номер емес пе?» деп те қаласын. Редакциядағы кейбір қызметкерлердің бірсарындылыққа салынып кеткенін бұрын басылған мақалалар мен корреспонденциялардың тақырып жағынан емес-ау, тіпті түгелінен көшіріліп жарияланатыны сияқты ұнамсыз жайдан-ақ байқауға болады. Жоғарыда аталған газеттерден қатардағы адамдардың да, жеке авторлардың да құнды мақалаларын табудың өзі қиынға түсетіні — олардың бүкіл жұмысты штаттағы қызметкерлер арқылы ғана ұйымдастыруында. Әрине, мұндай әдіс советтік баспасөзге жат.

Штаттан тыс бөлімдер, жұмысшы, ауыл-село тілшілері мен авторлар советтері, сондай-ақ редколлегиялардың штаттан тыс мүшелері жұмысты шын мәнісінде қоғамдық негізде, яғни тегін атқаруға тиіс. Ал кей жерлерде, әсіресе штаттан тыс бөлімдер барлық материалды өздерінің атынан жазуға ұмтылып жүрген көрінеді. Бұл дұрыс емес, өйткені олардың негізгі міндеті өз мақалалары мен корреспонденцияларын тықпалау емес, ұйымдастыру жұмысымен айналысу, редакцияға түскен хат-хабарларды қорытып, баспаға дайындау, газетке жаңа авторлар тарту, жұмысшы және ауыл-село тілшілерімен байланысты нығайту, хаттарды тексеру, авторларға көмектесу және осы сияқтылар.

Бірқатар редакциялар жұмысшы және ауыл-село тілшілерінен құрылған постардың санына ғана мән болып, оларды басқарудан тыс қалып қойған. Солтүстік Қазақстан облысының кей аудандық газеттерінде тілшілер постары тек қағаз жүзінде есептеліп жүр.

Әлі де болса орын алып келе жатқан өрескелдік — жұмысшы және ауыл-село тілшілеріне қуғын жасау. Семей облысының Көкпекті ауданындағы «Большевик» совхозының ферма басқарушысы Тақыров өзін аудандық «Ленинское знамя» газетінде сынағаны үшін ауыл тілшісі Қ. Сахариевті соққыға жыққан. Осы қылығы үшін Тақыров партиядан шығарылды да, ісі сотқа берілді. Екінші бір мысал. Өткен жылы «Қазақстанская правда» газетінде Алматы облысының Қаскелең ауданында тұратын село тілшісі А. Ф. Усцелемованың Каменка селосындағы фельдшерлік пункттің меңгерушісі Шестаковтың қызмет бабын пайдаланатыны, оның жұмысты нашар істейтіні жайында корреспонденциясы басылды. Газетте жазылған кемшіліктерді жою шараларын қолданудың орнына, Каменка селолық Советінің председателі Бондаренко Шестаковты арашалап алып қалу мақсатымен тілшіге көріне көзге жала жабуға кірісті. Ол А. Ф. Усцелемова дала бригадасының бригадиріне тіл

тигізді-міс деген акт жасатқызып, тілшіні милиция арқылы сотқа апартқызды. Соттағылар мәселенің анық-қанығына жетпестен, 15 күн жұмыс істеуге үкім шығарды. А. Ф. Усцелемова түрмеге отырғызылды да, сол түні оның пәтеріндегі заттары ұрланды.

«Казахстанская правда» газетінің редакциясы тілшіні қорғап мақала жазды. Тілшіден кек алу мақсатымен, оны қуғынға салғандарды тәртіпке шақыруды Алматы облыстық атқару комитеті тек осыдан кейін ғана қолға алды. Каменка селолық Советінің председателі Бондаренко, фельдшер Шестаков қызметтен босатылды. Селолық милиция бөлімінің бастығы Головкин де жазасыз қалған жоқ, ол да қызметтен босатылды, өйткені ол тілшіні тұтқынға аларда оған пәтерін біреуге тапсырып кету үшін шара қолдануға мүмкіншілік бермеген, ал А. Ф. Усцелемованың үй ішіндегі мүлкі ұрланғанын естігенде оны тілшінің айласы деп, затты, ұрыны іздеу үшін шара қолданбаған.

Жұмысшы және ауыл-село тілшілеріне қысым көрсетіп, олардың соңына түсу, газетте сынағаны үшін қызметтен шығару, ұру-соғу, айта берсе, жалпы баспасөзге қырын қарау сияқты сорақылық басқа жерлерге қарағанда, әсіресе Алматы облысында жиі кездеседі. Оны облыстық партия комитеті де жақсы біледі. Бірақ облыстық партия комитеті мардымды шара қолданбай келеді. Осының салдарынан болу керек, облыста баспасөз дабылына құлақ қою, тілшілердің газет бетіндегі сынын талқылау нашарлап кетті. Бұл Алматы қалалық партия комитеті секретарьларының өз газетіне теріс көзқарасынан да байқалады. Биылғы 24 июльде орталық «Правда» газетінде Алматы қалалық партия комитетінің секретарьлары Третьяков, Казаченко жолдастардың журналистерді шеттететіні, газет сынына құлақ аспайтыны туралы редакцияға хат басылды.

Редакциялардан тексеріп, шара қолдану үшін келіп түскен тілші хаттарына айлап жауап бермеу, тіпті көбінесе оларды аяқсыз қалдыру, баспасөз сынын жоққа шығаруға тырысу фактілері де жоқ емес. Мәселен, Преснов аудандық (Солтүстік Қазақстан облысы) партия комитетінің бірінші секретары Лепехин жолдас бір топ шофердің облыстық «Ленинское знамя» газетінде шыққан хатындағы орынды көрсетілген кемшіліктерді дұрыс емес деп редакцияға жолдама жіберген. Кейіннен бұл мәселе обкомда талқыланып, Лепехин жолдастың қателігі атап көрсетілді.

КПСС Орталық Комитеті жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің қозғалысын барған сайын өрістетуге ерекше маңыз беріп келеді. Баспасөз бен радиода қоғамдық негізді онан әрі дамыту туралы осы жылғы 28 июньде қабылданған қаулы — мұның бір көрінісі. КПСС Орталық Комитеті редакцияларда штаттан тыс бөлімдер, тілшілер мен авторлар советтерін құру тәжірибесін мақұлдап, редколлегия құрамына алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен колхозшыларды, партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының өкілдерін енгізуді ұсынып отыр. Қаулыда штаттан тыс бөлімдер мен редколлегия мүшелерінің, тілшілер советтерінің қызметкерлері үшін өндірістен қол үзбей өтетін семинарлар ұйымдастыру қажет екені айтылған.

Баспасөздің негізгі тірегі — халық тілшілеріне күнбе-күн қамқорлық жасап, тиісті көмек көрсету, олардың баспасөзде көтерген мәселелерін қолдап отыру — жұмысшы және ауыл-село тілшілері қозғалысының бұқаралық болуына бірден-бір қажетті шара. Партия ұйымдарының тілшілер арасындағы жұмысы да осы тұрғыда жүргізілуге тиіс.

Абайдың дін туралы түсініктері

Б. ҒАБДУЛЛИН,

философия ғылымының кандидаты

Осы уақытқа дейін Абай туралы еңбектерде оның дінге көзқарасы жайында екі түрлі қате пікір болып келді. Кейбіреулер Абайды «ислам дінінің қазақ ішінен шыққан өкілі» деп соқты. Бұл пікір 30-жылдарда айтылды. Ал екінші бір зерттеушілер ақынның дүниеге көзқарасының басқа жақтарын кең де дәйекті талдай келіп, дін мәселесіне келгенде тайсақтап, Абайдың дін туралы түсініктері ақын творчествосының әлсіз, кертартпа жағы дегенді алға тартты. Бұл пікір, тіпті соңғы кезге дейін орын теуіп келді.

Бірінші пікір — Абайға тағылған жала, екінші пікір — Абайдың дін туралы түсініктеріне тарихи тұрғыдан қарамай, тұрпайы социологияға бас июдің салдары.

Кемеңгер ақынның дін туралы пікірлерін дұрыс түсіну, бағалау үшін оған тарихи тұрғыдан қарау керек. Абай заманында қазақ сахарасында ислам дінінің ықпалы күшейе түскенін, оның күшейе түсуіне жергілікті феодалдар да, патша үкіметі де мүдделі болғанын еске алу кажет.

Феодалдар бұрын көбіне кейбір рулық түсініктер мен ұрандарға сүйеніп, билікті патриархалдық әдістермен жүргізіп келсе, кейіннен ру жігі ыдырап, сауда капитализмі кіре бастаған кезде үстемдік жүргізу тәсілдерін өзгертеді, енді ислам дініне табан тірейді, оны идеологиялық құралға айналдырып, халық санасына мұсылмандық, діншілдік көзқарасты сіңіруді мақсат етеді. Сол мақсатпен ру басы — ақсақалдар, байлар мен билер дінге қарай ойысады. Хажыға баратындар көбейе бастайды. Мешіт, медресе, молда, ишан, имам, хазіреттер саны өседі.

Ал патша үкіметін алсақ, отарлаудың алғашқы кезіндегі әскер жіберіп, зеңбірек атып, ат ойнатып, көрінеу зорлық көрсетудің орнына, енді отаршылдықтың жаңа айла-тәсілдерін қарастырады. Бір жағынан, саудаға жол беріп, зат сатып, арзанын қымбатқа өткізіп сахараның экономикасын қолға алады. Екінші жағынан, ертерек кездегі миссионерлік саясат, бұратана халықты христиан дініне тікелей шоқындыру саясаты ойдағыдай нәтиже бермегендіктен патша үкіметі өзін халық алдында «дін бостандығын жақтаушы» етіп көрсетуге тырысады. Үстем тап пен дін иелерін қолда ұстаса, халықты ақ патшаға шіркеу арқылы ғана емес, мешіт, медресе арқылы да бас идіруге болады деп ойлайды. Сондықтан патша үкіметі қырда мұсылман молдаларының көбеюіне ат салысып, Татарстан мен Башқұртстаннан қазақ даласына дін иелерін жіберіп отырады.

Абай өскен орта — Семей қаласы мен Құнанбай аулы айтылған жайлардың айқын көрінісі бола алады. Семейде татар молдалары мешіт пен медресені көбейте бастайды. Семейдегі Абай оқыған молдалар Ғабдулжалпар мен Ахмет Риза сондай адамдар еді.

Абай заманында ислам дінінің ықпалы қырдан гөрі қалада басымырақ еді, бірақ қыр да қарап қалмады. Бұған Құнанбай аулы мысал. Құнанбай мұсылманшылықтың сахарадағы ұйтқысы болып, қазақты құдайдың құлы, Мұхаметтің үмбеті етуге тырысып бақты. Ол өз аулын-

да молда, қожаларды көп ұстады, Қарқаралыда мешіт салғызды, өз балаларын діни мектептерде оқытты. Ол 1874 жылы Мекеге барды. Басқа хажылар сияқты Құнанбай да дін таратудың әр түрлі айла-амалын қолданады. Мұның үстіне ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда діни кітаптар — хиссалар көп тарап, сол кітаптар арқылы панисламизм уыт шаша бастайды. Бұл жөнде Мұхтар Әуезов: «Сол басылып тарап жүрген жаңа қазақша сексен шамалы кітаптың көптен-көбі хиссалар болатын. Ол кітаптардың бәрін де қазақтың діншіл, кітапшыл (исламшіл) молда ақындары шығарған. Осы шығармалардың көптен-көбі панисламизді қазақ сахарасына таратып, сіңірудің үгіті еді» дейді («Әр жылдар ойлары». 114-бет).

Сөйтіп, Абайдың дін жөніндегі түсініктері мен дін иелеріне қарсы күрес жүргізген дәуірі — жергілікті үстем тап пен патша үкіметінің бірлесіп алып, ислам дінін қалада да, қырда да таратуға бой ұрған кезең еді, феодализм мен отаршылдық ел басына жоқшылық пен қанаудың ауыр салмағын түсірген кезең еді. Сонымен қатар, қараңғылық пен надандық, шамандық пен мұсылмандық өрістей бастаған, халық санасын уландыруды қарекет етпек қара ойлы бақсы-бәлгерлердің, «сүйенгені надандық, сөйлегені жалған, дәлелдері тасбиғы менен шалмасы», «мал құмар», «жем құмар» (Абай сөздері) молдалар мен ишандардың, имамдар мен хазіреттердің көбейген кезеңі еді.

Міне осындай кезеңде демократ-ағартушылар Шоқан мен Ыбырай сияқты Абай да халық тағдырына ара түседі, сахараны басқан қараңғылықта сәуле болып, өз халқына білім мен мәдениеттің рухын себеді, бұқараның «көзін қойып, көңлін ашуды» арман етеді.

Ұлы ағартушының дінге көзқарасын сөз еткенде оның дүние мен құдай, тән мен жан, адамгершілік пен иман туралы топшылауларына, дінге ғылымды қарама-қарсы қою тәсілдеріне, Қазақстанда ислам дінінің қалай тарап, қалай дамуы жөніндегі пікірлеріне, дін иелеріне, діни мекемелерге, діни әдет-ғұрыптарға берген сынына, халықтар достығы идеясын берік қуаттағанына тоқталған жөн.

Алдын ала ескертетін бір жай — дін мәселелері туралы Абайдың қисындары мен түсініктері, діни әдет-ғұрып пен дін иелеріне берген сыны — ағартушылық, антиклерикалдық бағыттағы сын. Сондықтан басқа елдердің ағартушыларындай Абайдың дін жөніндегі пікірлерінде көптеген кемістік, тарөрістілік, қайшылық бар. Сонымен бірге В. И. Лениннің ескерткеніндей, өткен дәуірдің мәдениет өкілдерін өзінен бұрынғылармен, өз замандастарымен салыстырғанда, қоғам өмірінің рухани мәдениетіне қандай үлес қосқандығымен бағаласак, Абайдың дін мәселелері жөніндегі пікірлерінде көптеген озық ой, алысқа сілтейтін арна бар екенін сезбеуге болмайды.

Ең әуелі Абайдың «құдай» деген ұғымды қалай түсінгенін қарастырып көрейік. Абай, біріншіден, құдайды адамдардың күнделік өміріне, іс-әрекетіне ешбір қатысы жоқ, тек алғашқы жаратушы деп санайды.

Үлкен ойшылдың пікірінше, әлемдегі заттардың, құбылыстардың бәрін әуел баста құдай жаратқан, кейін әрбір зат өз заңдылығымен, өз бетімен өзгеріп отырған, қоғам мен адамның өміріне құдай қатыспайды. Оның түсінігінше, адам мен жануарды, жер мен суды, байлық пен кедейлікті, денсаулық пен ауруды, білімділік пен надандықты, адалдық пен арамдықты, еңбек сүйгіштік пен жалқаулықты, әділеттік пен әділетсіздікті жаратқан құдай, бірақ құдай ешкімге де ақылды, мейірімді бол, немесе ақымақ, залым бол демеген. «Жақсылық, жамандықты жаратқан — құдай, бірақ қылдырған құдай емес. Ауруды жаратқан құдай, ауыртқан құдай емес. Байлықты, кедейлікті жаратқан құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес» дейді Абай (Шығармалар, толық жинағы, 2-том, 1954 ж. 200-бет).

Құдайды бұлай түсіну — ислам дінінің догмасы — құраннан шегінушілік, құдайға күдіршілік келтірумен тең. Өйткені, ислам дінінің уағызы бойынша дүние жүзіндегі ешбір іс-әрекет, ешбір нәрсе, адам баласының күнделікті өміріндегі ешбір өзгеріс құдайдың күдіретінсіз болмайды. Бұл пікір құранның үшінші суресіндегі: «құдайдың бұйрығынсыз ағаштың бірде-бір жапырағы үзілмейді» (Құран, орыс тілінде, үшінші басылуы, Қазан, 1917 жыл, 148-бет) деген діни тұжырымнан айқын сезіледі. Құранды біле тұра Абайдың жоғарыдағыдай пікір айтуы ислам дінінің фанатизмінен бас тарту.

Ал, халықты шырмауына алған жоқшылық пен бейнетке, надандыққа жаны күйгенде:

«Көкке бақтым «алла» деп,
Тамаша етіп күдіретін,
Рахаты оның онда көп,
Бізге түк жоқ тиетін» — деп алланың өзін әжуалайды.

Абай құдайдың жаратушы екенін мойындаумен ғана тынбайды, «құдай дегеннің өзі кім?» деген сұраққа жауап іздемек болады. Абайдың бұл сұраққа берген жауабы дін мен этика проблемасының арасынан келіп шығады. Маркске дейінгі көптеген социологтер сияқты Абай да дін мәселелерін адамгершілікпен ұштастыра зерттейді. «Адам бол» деген этикалық принцип ұсынып, діннің өзін адам тәрбиелеудің құралына айналдырмақ болады. Өз өмірінің ақырғы шағы — 1902 жылы жазылған бір өлеңінде ақын:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты.
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және қаж жолы осы деп әділетті», — дей келіп, өз пікірін «дін де осы, шын ойласаң, тағатта осы» деп қорытады.

Абайдың жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесі жөніндегі пікірлері де діни түсінік емес, ағартушылық түсінік. Ұлы ақын өзі өскен ортаның жағымсыз көріністерін — ұрпақтан ұрпаққа созылған ру таласын, партиягершілігін, барымташылығын көре отырып, ескі ұрпақтың да, өз ұрпағының да адамгершілік жайларына қанағаттанбайды. Абай, әсіресе билер мен болыстардың, хажылар мен байлардың зұлымдығын, қиянаты мен зымияндығын аяусыз әшкерелейді. Олардың діни мен құдайы, ақылы мен білімі, ұяты мен ары, жақыны мен жақсысы — бәрі де мал боп кеткенін айтып, олардың надандығына, арсыздығына ызаланады.

Бірақ, ойшыл ақын торықпайды, қайғы қуып, сарыуайымға түспейді, қайта өз халқынан үміт күтеді. Абайдың үміті — жас ұрпақ. Сондықтан сол ұрпаққа арнап өзінің «Ғақлиясын» және «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Сегіз аяқ» сияқты көптеген шығармаларын жазады. Абайдың жас ұрпаққа көрсететін жолы — адамгершілік жолы. Сол себепті ақын өзінің өлең, сөздерінде «Адам бол» деген ұранын жебейді.

Ғылым мен діннің ара қатынасын сөз еткенде де Абай ғылымды діннен жоғары бағалайды. «Ғылымсыз ақырет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қаж ешбір ғибадат орнына бармайды» (2-том, 170-бет). «Балаңа қатын әперме — енші берме, барыңды сатсаң да балаңа орыстың ғылымын үйрет» деп халықты, жас ұрпақты оқуға, білімге шақырады. Ғылымға ұмтылып, білім алғанда, я тілмәш, я адвокат болу үшін үйренбе, Салтыков пен Толстойдай адам болу үшін үйрен, адам баласына қызмет ету үшін үйрен дейді ұлы ағартушы.

Абайдың «жан» туралы түсінігі де діни түсінікке ұқсамайды. Діни түсінікте «адам жан мен тәннен тұрады, тән өледі, жан мәңгі өлмейді»

иманды адамның жаны жұмаққа барып рахат, имансыздың жаны тозаққа барып бейнет көреді»-міс. Абай мұны да басқаша түсінеді. Оның пікірінше де адам жан мен тәннен тұрады. Абай:

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өншең білмес» — дейді.

Сырттай қарағанда бұл жерде Абай «адам өлмейді», тек білмейтін кісі ғана тәннен жанның бөлінгенін өлу деп есептейді дейтін сияқты. Ал бұл пікірді оның басқа да көптеген пікірлерімен салыстырсақ, Абайдың жанның өлмеуін түсінуі В. Г. Белинскийдің түсінігімен бірдей. Абайша «мені» мен «менікінің» екі түрлі мағынасы бар. «Менікі» дегеніміз адамның денесі, ал «мен» — сол дененің рухани туындысы, өзі өлгенде артқа қалдырған ісі, өнері. «Менікі» — дене өледі, ал «мен» — дененің рухани туындысы, адамның артқа қалдырған игі ісі, өнері өлмейді. Бұл пікірін ол:

«Көп адам дүниеде бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» — деп түйеді.

Артында өлмейтұғын мұра қалдырған ізгі адамды шынында да ешкім рухани өлді деп санамайды. Физиологиялық өлімге ұшырағанымен, оның ойы, пікірі, халқына істеген жақсылығы ұрпақтан ұрпаққа кетеді. Абай өз өлеңінде осыны айтып отыр. Державиннің:

«Так, весь я не умру,
Но часть меня большая,
От тлена убежав,
В потомстве будет жить» — деген пікірін мысалға кел-

тіріп, «ақынның жақын адамдарын жұбата алмаса да, мұндай өлмеудің шындық екеніне қарсы айтар сөз жоқ» деген еді Белинский. Бұл салыстырудан Белинский мен Абай пікірлерінің ұштас жатқаны көрініп тұр.

Абай құдай мен құранға ғана күмәнданып қоймайды, сол құдай мен құранды дәріптеуші дінді, діни мекемелерді, дін иелерін ол екеуінен төрі күштірек сынға алады, ислам дінінің қазақ даласына қалай таратқанына, онан бұрын қазақтың не нәрсеге, қалай сеніп келгеніне өзінше талдау жасайды.

Абай тек бір мұсылман дінін ғана емес, орыс жазушыларының еңбектері арқылы христиан дінімен де, Шығыс жазушыларының еңбектері арқылы буддизммен де таныс болған. Әртүрлі діннен толық хабардар ол дін мәселесіне өз заманындағы ғылыми түсінік тұрғысынан қарап, Қазақстанда бір кезде шаманизмнің үстем болғанын, ислам дінін Таяу және Орта Шығысқа араб басқыншылары таратқанын дәлелдейді. «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген мақаласында «Арабтан бұл Орта Азияға дін исламды үйретушілер көп әскермен келіп, халықты жаңа дінге қаратып жүргендерінде, Құтайба атты кісі Қашқарға шейін келіп, халықты исламға көндіргенде бұлар да (қазақтар да — Б. Ғ.) мұсылман болдық депті. Сөйтсе де бұрыннан бақсы-бәлгерге иланып, отқа-шыраққа табынатын әдеттерімен исламға тез түсініп кете алмапты. Ол кезде шала-пұла хат таныған кісі болса оны «абыз» дейді екен. Ол «абыз» демек, әуелде шаман дініндегілердің өз молдасына қоятын аты екен. Дүниеде не нәрсенің есебіне көзі жетпесе, сол нәрсені

құдай қылып тұр деп дін тұтынатұғын әдеттерінің сарқынын біз де кей жерде көргеніміз бар. Келін түскенде үлкен үйдің отына май құйып, «от ана, май ана, жарылқа!» дегізіп, бас ұрғызған секілді. «Өлген аруаққа арнадық» деп шырақ жаққан секілді, жазғытұрым әуелі бұлт күркірегенде, қатындар шөмішпен үйдің сыртынан ұрып, «сүт көп, көмір аз» деген секілді. Бұған ұқсаған көп еді» (2-том, 250-бет) деп Абай Қазақстанда ислам дінінің қалай тарағанын талдап көрсетеді.

Ислам дінін Орта Азия мен Қазақстанға таратудың бірінші себебі араб басқыншыларының әскери күші болса, екіншіден ол дінді халықтың қабылдауы оның қараңғылығынан, білімі жоқтығынан болған деп түсіндіреді Абай. «Ислам діні бұрынғы ата-бабаларды ұмыттырып, діндестерді жақын көрсеткендіктен әм артқы жағы хабарсыз қараңғылықта қалғандықтан болған іс» (2-том, 248-бет). Бірақ бірсыпыра боджау айтқанына қарамастан, Абайдың дін, оның ішінде ислам діні — үстем таптың идеологиялық құралы екенін түсінбегені айқын көрінеді.

Діннің қазақ даласына қалай тарағанын ғана жазып қоймай, ойшыл ақын ислам дінінің — бұ дүние өмірдің тек болымсыз көлеңкесі, шын мәніндегі рахат өмір о дүниеде, ахиретте басталады — деген діни догмасына ешбір сенбейді, халықтың миын ашытып, басын қатырған мұсылман медреселерінің схоластикасы мен бәлдір-батпағын, молдалар мен фанатиктерді, діни әдет-ғұрыпты шенейді.

«Кейбірі хажыға барып жүр,

Болмаса да хаж парыз» — деп Абай хажыға барудың

парыз еместігін ескертсе, өзінің «Көзінен басқа ойы жоқ» деген өлеңінде құлқынның құлы, жемқор, пайдакүнем молдаларды

«Кітапты молда теріс оқыр,

Дағарадай болып сәлдесі,

Мал құмар көңілі — бек соқыр,

Бүркіттен кем бе жем жесі?» (1-том, 144-бет) деп түй-

жайді.

тия,

пар «Алла деген сөз жеңіл» деген өлеңінде:

би

ті

з

«Ақыл хауас барлығын,

Білмейдүр жүрек, сезедүр.

Мүтәкәллимін, мантикин

Бекер босқа еседүр» (2-том, 27-бет) деп ислам дінінің

әйгілі догматиктері, білгіштері — мүтәкәллиміндер мен сол діннің сұлу сөзді софистері — мантикиндерді сөз құмар мылжындар деп, өзін олардан аулақ ұстайды, оларды «еседүр», «сезедүр», «білмейдүр» сияқты сол кездегі кітапшыл молда ақындардың өз сөздерімен әжуалайды.

Дін екеш діннің де не екенін білмейтін, бірақ білместігін мойындамайтын, діншіл, құдайшыл болып көріну үшін өзінің елден естіген бәлдір-батпағын айтып, күніне бес рет намаз оқитын надан болыстар мен билердің қылықтарын жаратпай, Абай:

«Тегін ойлап байқаса,

Мұнда ми жоқ, құлақ бар» (2-том 124-бет) деп келеке етеді.

«Отыз бесінші сөзінде» «құдай» деген ұғымды құлқынның құлы болған, өздерінің іс-әрекетімен халыққа жәбір көрсеткен екі жүзді хажылар мен молдаларды, «адамның сайтан-монтаны сопылар» мен мейірімсіз мырзаларды мақшарға барғанда жазалаушы, зауал беруші күш ретінде суреттейді. Абайдың құдайды зәлымдардың жазалаушысы деп

түсіндіруі, әрине, әлсіздік, ал сол заманның тұрғысынан қарағанда ақынның бұл пікірі — «беттеріне ахиретті ұстап», өмірлерін халықты алдауға сарп қылған хажылар мен молдаларға, сопылар мен қалпелерге қарсы күресте ислам дінінің дәлелдерін, аргументтерін құрал етудің білдісі.

Абайдың діни көзқарасты жаратпайтыны оның өдебиеттегі діншілдікті, халық мүддесінен аулақ, реализмге жат идеяларды әрі қатал, әрі әділ сынауынан да көрінеді. Мысалы, «Мен жазбаймын өленді ермек үшін» деген өлеңінде Абай сол кезде діни сарынға жазылған хиссаларға еліктеп, Әзірет Әлі жайында хисса жазбақ болған Көкбайды, «Зияда» дейтін поэмасында сұлу қыздың сипатын бермек болып,

«Енжу тік, нәзік белді, гауһар сүйек,
Сүмбіл шын, лағыл мойын, алтын иек» — деп сұлудың

иегін алтын, өзін сары-ала етіп шығарған Әріп ақынды, реализмнен шығып, діни хиссаларға еліктегендерді:

«Сөз айттым «Әзірет Әлі айдаһар» сыз,
Мұнда жоқ «алтын иек, сары-ала қыз».
Кәрілікті жамандап өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз» — деп сынайды.


Дүниеге көзқарасының қалыптасуына әсерін тигізген Шығыс халықтарының әдеби мұраларын пайдаланғанда да Абай оларға сын көзімен қарайды, дұрыс талдау жасап, мұқиятты түсінік береді. Өзінің философиялық-моральдық «Ескендір» атты поэмасында Низамидің «Ескендір-Намесінің» сюжетін пайдаланса да, оған сын көзбен қарап, жаңа идея, жаңа мазмұн береді. Мысалы, Низамидегі ислам дінінің ықпалынан пайда болған, Хызыр пайғамбардың орнына Абай дана философ Аристотельдің образын жасайды, пайғамбардың орнын философқа, діни сарынның орнын тарихи шындыққа ауыстырады.

Абайдың дін туралы пікірлерінің бір өзгешелігі — халықтар достығы идеясын ұсынуы, қазақ халқын басқа халықтармен достыққа шақыруы. Карл Маркс айтқандай, құран және оған негізделген мұсылман діні дүние жүзіндегі халықтарды діни түсінікке ыңғайлы екі жікке, мұсылман мен «кәпір» деп бөледі. Ислам «кәпір» ұлтына лағынат айтады, мұсылмандар мен «кәпірлер» арасында жаугершілікті — газаватты уағыздайды. Абай ислам дінінің мұндай барып тұрған кертартпа, дұшпандық идеясына қарсы. Ол қайта «адам баласына адам баласының бәрі дос» деген халықтар достығы идеясын ұсынады.

Абай өмір сүрген кезде қазақ халқының алдында тарихи ұлы мәселе тұрды. Қандай жолмен, қалай қарай даму керек? Оның серігі кім болуы керек? Бұл мәселелерді дұрыс шешу үшін ең әуелі осы сұрақтардың тарихи мәнін терең түсіну керек еді, екіншіден, өз халқына даңғыл жол сілтеу үшін үлкен көрегендік керек еді. Абайда бұл екеуі де болды, сондықтан ол жоғарыдағы тарихи мәселелерге өз заманының тұрғысынан, сол кездегі қоғамдық ойдың тұрғысынан дұрыс жауап бере білді.

Абай өз халқын Россияға қарай бастады, қазақ халқының тағдыры мен тарихын ұлы орыс халқының тағдыры мен тарихына байланыстыруды үндеді, орыс халқымен айнымас достыққа беттеп көшкен ел керуенінің саналы көш басшысы болды.

Абайдың түсінігінше, орыспен достасу деген сөз — патша чиновниктеріне, онда істейтін жандарал, ояз, адвокат, тілмаш, пәсірлерге жадынып-жалбарынып күн көру емес. Өзінің екі халықты достыққа шақыратын «Жиырма бесінші сөзінде» «Тек майордың күлгені керек» деп қорыстың қаруымен қазақты аңдыма», жорғалық жасап, жауырының-



бан бір қаққанға мәз болып ел-жұртыңды, адамгершілігінді чиновниктерге сатпа» деп қазақтың жағымпаз атқамінерлеріне қаламын найзадай түйрейді. «Ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей законы болмаса, законсыз зорлығына көнбе» деп бір жағынан халыққа ақыл айтса, екінші жағынан патшаның «жұртқа бірдей законынан» үміттенеді. Әрине, Абайдың патша заңдарынан үміт күтуі оның саяси көзқарасының әлсіздігі.

Абайдың достыққа шақыратын Россиясы — халық Россиясы, ұлы орыс халқы, оның әділеттілігі мен адамгершілігі, озық мәдениеті мен ғылымы, өнері мен еңбек сүйгіштігі, отырықшылығы мен кәсібі. Міне сондықтан да, «орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі де орыста... Орыстың тілін білсең көкірек-көзің ашылады... Орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі», «Тура тілді кісіні дейміз орыс», «Орыс теріс айтпайды» деп, Абай өзінің қараңғы халқына орыстан үйренгенде «біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек» дейді.

Ақынның орыс халқымен достыққа шақыруын «дін бұзарлық» деп, оны ислам дінінің жауы етіп, халықтан бөліп тастамақшы болған дін иелерінің әрекетіне, ұлының орыспен жақындығын оның бойындағы ең үлкен міні деп санайтын әкесі Құнанбайдың қаһарына қарамастан, өз балаларын да, ел балаларын да орысша оқытып, Абай өз басы өмір бойы орыс мәдениетінен рухани азық алып отырды. Орыс жазушыларымен неғұрлым терең танысып, олардың еңбектерін көп оқыған сайын, солғұрлым шарифат пен құран шетке ығыстырыла береді. Орыстың озық мәдениетінің өзіне еткен тамаша әсеріне мейірленген Абай «Менің Шығысым батыс, Батысым шығыс болды» деген қорытындыға келеді.

Абайдың дін туралы түсініктерінің өз заманы үшін прогрестік мәні бар. Қорыта айтқанда, ойшыл ақынның дін туралы пікірлерінің ілгері озық жақтары мынада.

Біріншіден, бүтін Таяу Шығыс пен Орта Азияда ислам дінінің үстемдік жүргізіп тұрған заманында Абай дінге шүбә келтіріп, құдайды иманды, дінді әділеттікке, шындыққа, адамгершілікке бара-бар, тепетең етіп түсінеді. Академик М. Әуезовтың айтқанындай, Абайдың діні — «ақылдың, сыншыл ойдың діні», «адамгершіліктің діні», «сырттан барынша діншіл көрініп отырған өлеңнің өзінде де Абай ислам дінінің үгіт-өсиетін өте шартты түрде ғана шамалы, шақты жерге ғана керекке жаратады» («Әр жылдар ойлары», 128, 139, 140-беттер).

Екіншіден, дін мен ғылымды салыстырғанда өз бетін де, халық бетін де дінге, ислам дінінің догмасы — құранға бұрмайды, ғылымға бұрады, ағартушы көбінекей ғылымды жақтайды, халықты білімге, оқуға, мәдениетке үндейді.

Үшіншіден, қазақ даласында ислам дінін үстем таптың идеологиялық құралына айналдырып, дінді дәріптеген молдалар мен сопыларды, хажылар мен хазіреттерді аяусыз әшкерелейді.

Төртіншіден, реализмге, халық мүддесіне жат діншілдік бағытта шығармалар жазған ақындарды қатал да әділ сынап, қазақ ақындарының діни сарыннан аулақ болуын қалайды.

Бесіншіден, ислам дінінің фанатизмінен бас тартып, халық санасын дін үгітінен арашалайды, халықты мұсылман мен «кәпірге» бөлмей, ұлтына, нәсіліне, дініне қарамай адамға адам дос деп санап, халықтар достығын, әсіресе, ұлы орыс халқы мен қазақ халқының достығын күшейтуге ат салысады, халықтар достығының жаршысы болады.

Абайдың дін мәселелерін түсінуі де, халыққа түсіндіруі де өзі өскен ортадан озық ойда болғанын көрсетеді. Егер мұсылман ғұламалары ғасырлар бойы «ақыр заман», «қиямет күні» дегендерді халық құла-

ғына сіңіріп, табиғат пен қоғам өміріндегі өзгерістерді, ғылымдағы жаңалықтарды сол «ақыр заман» мен «қиямет күнінің» таяп келе жатқанының белгісі деп түсіндірсе, Абай «үміт үзбек — қайратсыздық... Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келетіндей», ескі заманның орнына жаңа заман келеді деп, өз халқына «сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар қалан» деп ұран тастайды.

Бұл айтқандардан Абайдың дін туралы пікірлерінде кемістік, жетімсіздік, тарөрістілік жоқ деген ұғым тумасқа керек. Қазақстандағы тарихи-экономикалық жағдаймен байланысты Абайдың әлеуметтік көзқарасында бірталай әлсіздік, дәйексіздік, қайшылық барлығын, бұл жәйт әсіресе «Қара сөздерінде» көп кездесетінін атап айтқан жөн. Тәртіп-тәрбие жөніндегі өлеңдерінде өзінің этикалық идеалын Абай дінге, құдайға апарып тірейді.

Абай діннің таптық мәнін, гносеологиялық (танымдық) негіздерін мүлде түсіне алған жоқ. Сондықтан ол діннің танымдық негіздерінің өзін жоққа шығаратын жүйелі философиялық материализм дәрежесіне, дін — халықтың басын айналдыратын апиын екенін біліп, дінмен ашық күресетін атеизм дәрежесіне көтеріле алмады.

Лекция және консультация

Таным теориясы

С. ӨТЕМБЕТОВ,

философия ғылымының кандидаты

Бұл шағын мақалада сезу мен ойлаудың дүние танудағы алатын орны мен ара қатынасы, олардың практикамен байланысы, ақиқат жөніндегі мәселелерге түсінік бермекшіміз.

Дүниені танып білуге болады. Материялық дүниені тану—маркстік-лениндік философияның маңызды мәселесі. Ол қоғамның даму заңдарын, табиғат заңдарын адамның қаншалықты дәрежеде танып, қоғам игілігі үшін пайдалана алатынын көрсетеді.

Таным деген не, дүниені танудың қандай жолдары бар, біздің біліміміздің ақиқат немесе жалған екенін қалайша білеміз, — міне осы сұрақтарға диалектикалық материализмнің таным теориясы жауап береді. Таным теориясын білу тек зерттеуші ғалым үшін емес, білім алуға ұмтылған әрбір адам үшін өте керек.

Бастапқы негіз табиғат пен материя ма, жоқ ой-сана мен «рух» па, яғни «рух» материяның туындысы ма, жоқ керісінше материя «рухтың» туындысы ма, — деген мәселе философияның негізгі мәселесінің бірінші жағы. Ал адам дүниені тани ала ма, жоқ тани алмай ма, деген проблема философияның негізгі мәселесінің екінші жағы. Осы негізгі мәселеге материализм мен идеализм қарама-қарсы жауап береді. Мысалы, агностицизмнің белгілі уәкілі Кант дүние «өзіндік заттарға» толы, оны «біздік етуге», яғни тануға болмайды десе, философ-скептиктер дүние тануды былай қойып, әуелі сол «дүние бар ма, жоқ па, біліп болмайды» деп лағады. Бірақ идеалистердің бәрі агностик емес. Кейбір идеалистер, мәселен, дүниені тануға болады дейді. Бірақ олар қай дүниені айтып отыр? Сөз түйіні осында. Объективтік идеалист Гегель таным дегеніміз «абсолюттік рухты» тану десе, субъективті идеалистер біз өз түйсігіміз бен санамызды ғана танимыз дейді. Бұлар «рух» пен түйсіктің ар жағында объективті материялық дүние бар демейді. Сонымен, идеалистер танымды материалистерше тек объективті дүниенің адам санасындағы сәулесі, бейнесі деп қарамайды. Кәзіргі буржуазияшыл философтар да солай. Олар әсіресе қоғамның даму заңдары мен құбылыстарын тануға, болжауға болмайды деп санайды. Оның себебін де түсіну қиын емес. Қоғамның заңдары мен құбылыстарын тануға болатындығын буржуазияшыл философтар мойындаса, онда олар капитализмнің күйреп, оның орнына заңды түрде социализмнің келетінін де мойындау керек. Сондықтан олар капитализмнің кеселін, әділетсіздігін, жауыздығын жасыруға тырысады.

Дүние тануға болатынын адамзаттың практикасы мен ғылым дәлелдеп отыр. Адам табиғаттың әлсіз құлы болған байырғы сатысынан табиғатқа әмірін жүргізген биік сатыға көтерілді. Ол өзінің терең ойы мен еңбегінің арқасында жердің бейнесін өзгертті, «екінші табиғатты», яғни заводтарды, қалаларды, түрлі жол қатынасын, т. б. жасады. Адам 80 миллион гектар шөл жерге су берді, миллиард гектар жерге мәдени дақыл екті, 400 түрлі қара мал, 250 түрлі қой, 150 түрлі жылқы тұқымын өсірді. Әлемге ұшырған спутник, спутник-корабліміз, айға ұшырған ракетамыз адам ойы мен еңбегінің салтанаты емес пе!

Идеализм мен агностицизмді сынай отырып, Маркстен бұрынғы материалистер де объективті дүниенің барлығын және оны тануға болатынын дәлелдеді. Бірақ олар таным процесін біржақты түсінді: адам айналасындағы заттар мен құбылыстарды сезім мүшесіне жасаған әсері арқылы ғана біледі, сыртқы дүниенің тікелей әсерінсіз таным да жоқ деді.

Маркстік-лениндік философия да өзінің таным теориясында осы негіздерге сүйенеді. Бірақ ол практиканы танымның негізі дей отырып, таным процесіне диалектика тұрғысынан қарайды, танымды күрделі процесс деп біледі. Таным процесі адам мен табиғат арасындағы қатынастан шығады. Бірақ адам табиғатты енжар байқаушы ғана емес. Ол еңбек үстінде табиғатты өзінің керегіне сай өзгерту үшін белсенді қимыл жасайды. Адам баласы материалдық игіліктер өндіру, қоғамдық қатынастарды өзгерту үстінде ғана дүниені таниды. Басқаша айтқанда практика таным процесінде шешуші роль атқарады.

Таным халық өмірінен, өндірістен нәр алады. Ғылым қоғам практикасының шешуші әсерімен дамиды. Коммунистік құрылыстың практикасына, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын құру мүддесіне сай совет ғылымы да өсіп жетіліп келеді. Ғылымның міндетін оның бағдарын практика белгілейді. Практикадан тыс таным жоқ. Таным адамның санасында өзінен өзі тумайды. Танымның түп мақсаты—қоғамның қажетін өтеу. «Өмірдің, практиканың көзқарасы дүние тану теориясының ең бірінші және негізгі көзқарасы болуы керек» дейді В. И. Ленин (Шығармалар, 14-т., 148-бет).

Біз практика деп неі айтамыз? Сөзбе-сөз айтқанда практика адамның әрекетін, қызметі мен қимылын аңғартады. Практиканы марксизм мен буржуазия философиясы әртүрлі түсінеді. Прагматистер, мысалы, практиканы субъектің (дәл айтқанда монополистің, саттарманның) еркін жігері дейді, адам әрекетінен жігер мен сана бастырын алады деп түсіндіреді. Оларша адамның санасы бірінші орында, ол дүниені жаратушы да, өзгертуші де. «Дүниені біз қалай жасасақ, ол солай болады» дейді прагматистер. Идеализм адам қимылының саналы моментін осылайша біржақты өрескел өсіріп жібереді де, сана мен жігерді практиканың басты өлшемі деп түйеді.

Практиканы субъективизм тұрғысынан түсіну оның объективті негізі болған материялық дүниемен оның заңдарымен санаспауға әкеліп соқтырады. Практиканы тек қана сананың әрекеті деп қарасак, онда практиканың ішінде құдайға сену, үміт-арман, әртүрлі құрғақ қиял, түс көру сияқты нәрселер де жүрмей ме? Әлбетте, практиканы бұлай түсіну мәселені шиеленістіреді, практика танымның негізі де, мақсаты да, өлшемі де болудан қалады.

Табиғат пен қоғамды материализм тұрғысынан қарағанда ғана практиканы дұрыс түсінуге болады. Адам бір нәрсені істеу үшін әуелі өзінің алдына белгілі мақсат қояды, ақыл-ойға салады. Бірақ қойылған мақсат пен адам ойының түбірі қайда жатыр? Сана мен мақсат өзінен өзі пайда болды ма? Жоқ. Оның түбірін қоғам болмысынан іздеу керек. Қоғамдық сананы қоғамдық болмыс анықтайды. Ф. Энгельс айтқандай ғылыммен, философиямен, саясатпен шұғылдану үшін әуелі материалдық игілік керек, тұрар үйін, ішер асын, киер киімнің, т. б. болу керек, соның бәрін шығару үшін практикалық әрекет ету керек. Мақсаттың өзі адамның еңбек әрекеті үстінде, өндірісте, тап күресінде және қоғам практикасының басқа түрлері негізінде пайда болады және іске асады. Марксизм-ленинизм практиканы дүниені өзгертуге бағытталған адамдардың сезімдік-материалдық іс-әрекеті деп түсінеді. Адамның практикалық әрекетінің ең бастысы өндірістегі еңбегі. Сондай-ақ тап күресі, әлеуметтік революциялар, ұлт-азаттық қозғалы-

сы қоғам практикасы жүйесіне қосылады. Ғылыми-зерттеу қызметінде практиканың эксперимент, байқау тәрізді түрлері бар.

Сезу және ойлау арқылы дүние тану. Таным дегеніміз объективті дүниенің адам санасындағы бейнесі. Мақсат осы таным диалектикасы түсіне білуде. Метафизик-материалист заттарды, құбылыстарды үнем өзгерісте, өзара байланыста, қозғалыста, дамуда болады деп қарамайды. Сондықтан олар заттар да, заттар тұрасындағы біздің біліміміз де мүлде өзгермейді дейді. Ал диалектик-материалист үшін таным — күрделі диалектикалық процесс.

Сезу мен ойлау — таным процесінің негізгі сатылары. Сезу және ойлау арқылы дүние тану практика негізінде ғана мүмкін. Адам практикалық әрекетімен сыртқы дүниеге ықпал жасайды. Ал дүниедегі заттар мен құбылыстар адамның сезім мүшесіне әсер етеді, сол арқылы бізде түйсік, сезім тәжірибесі пайда болады.

Таным процесі тікелей сезуден, түйсіктен, сезім аңғаруынан басталады. Сезім тәжірибесінің негізінде де практикалық әрекет жатыр. Сезім арқылы біз сыртқы дүниемен тікелей байланысып отырамыз. Адамның түйсігі мен аңғаруы — объективті дүниенің субъективтік бейнесі. Түйсіктің түбірі — объективті дүние. Сезімдік таным дүние тұрасында бірінші және қажетті мағлұматтар береді. Сезімсіз, түйсіксіз білім жоқ. Біз түйсік берген материал жөнінде ғана ойлаймыз. Ал идеалистер түйсіктің объективті негізін мүлдем елемейді. Адамның түйсігі өзінде, оның сыртқы дүниемен қатысы жоқ дейді олар. Сөйтіп адам өзінен өзі мелодия ойнайтын фортепиано болып шығады.

Сезім тәжірибесі адамға сыртқы дүниенің бейнесін дұрыс берме. Сезім мүшелері арқылы дүниеден біз шын мәлімет ала аламыз ба? Бұған жауапты практика береді. Біздің зат туралы түсінігіміздің дұрыс не жалған екенін дәлелдеуге болады. Егер біз затты өзіміз білетін қасиетіне сай жұмсасақ, сөйтіп оны көрегімізге жарата алсақ, онда бұл зат туралы біздің түсінігіміздің, түйсігіміздің дұрыс болғаны. Егер түйсігіміз объективті дүниенің көшірмесін, бейнесін дұрыс бермесе, дүниеде өмір сүре алмас едік.

Адамның сезім мүшелерінің табиғи шегі бар. Мысалы, біздің құлағымыз жоғары тондағы дыбыстарды есітпейді, көзіміз кейбір сәулелерді көре алмайды, қолымызбен электронды, атомды ұстап сезе алмаймыз. Бірақ адам кейбір затты, құбылысты тікелей көрмесе де, есітпесе де, сезбесе де ол туралы дұрыс пікір айта алады. Оның себебі материялық дүниеде өзара байланыс, заңдылық деген бар, сезілген мен сезілмегеннің, байқалған мен байқалмағанның, даралық пен жалпылықтың арасында байланыс бар. Бұл байланысты ойлау арқылы табамыз. Демек, ойлау — таным құралы, оның жоғары сатысы. Мысалы радио қабылдағыш арқылы әр тараптан сөз, ән-күй есітеміз. Бірақ дыбыстың көзі бізден таса, алыста. Оның электр-магнит толқыны арқылы келіп тұрғанын сезбесек те білеміз.

Сонымен, сезім мүшелерінің бізге беретін мәліметі танымның ірі тасы тәрізді. Сезімнен абстрақтылы ойлауға өту дегеніміз даралықта жалпылықты тануға, құбылыстан мәнді айыруға, фактілер жинауда теориялық қорытындыға секіру деген сөз. Сезім мүшелерінің тікелей алуға шамасы келмейтін құбылыстар заңдылығын, олардың ішкі байланысын ойлау арқылы білуге, түсінуге болады. Сезім мүшелеріміз оттың ыстық екенін сезеді, бірақ неге ыстық екенін аңғартпайды. Сезім арқылы күннің көлемін, планеталар арасындағы қашықтықты немесе жұлдыздардың химиялық құрамын біле алмас едік. Түйсікпен қоғам дамуының заңдарын аша алмаған болар едік. Абстрақтылы ойлауды бұларға күші жетеді.

Сезімнен ойға көшу жаңа сапаға көтерілу деген сөз. Егер сезім

Бізді дүниемен тікелей байланыстырса, ойлау үстінде біз объективті дүниемен сол сезім арқылы байланысамыз. Сезім таным даралықты білдірсе, ойлау таным жалпылықты баяндайды. Сезім мен ойлау — таным процесінің екі сатысы. Олар бір-бірімен диалектикалық бірлікте. Сезім тәжірибесіне сүйенбейтін ой түйіні, білім жоқ. Ойлануға керек мәліметті әр уақытта сезім ғана береді. Сезім — ойдың қозғаушысы. Екінші жағынан, сезімдік таным да ойлауды керек етеді. Сезімдік таным тек ойдың аналитикалық және синтетикалық жәрдемімен ғана жоғары дәрежеге көтеріледі, яғни сезім таным сананың елегінен өтеді. Адамның мүшелік сезімі мен ой сезімі арасындағы айырмашылық осында. Танымның бұл екі сатысының да түп негізінде практика жатыр.

Ұғым, пікір, ойша қорыту дегеніміз логикалық ойлаудың негізгі түрлері. Ұғым көптеген құбылыстың мәнін, жалпылық жағын қармайды. Мысалы, «товар», «тап», «электрон», «адам», «үй», «қозғалыс» деген ұғымдарда құбылыстың жалпы және мәнді жағы қорытылған. Белгілі құбылыстың жалпы бейнесін көзбен көріп, құлақпен естуге болмаса да, оның объективтік қасиетін практика дәлелдеп отырады. Мысалы, «тап», «қозғалыс» деген жалпы ұғымды көруге, есітуге болмағанымен, таптың жеке өкілдерін, қозғалыстың жеке оқиғаларын көруге де, есітуге де болады. Осындай жеке дара фактілерден ой жалпы ұғым тудырады. Ұғым, пікір, ойша қорыту өзінің мазмұны жағынан объективті құбылыс, оларды тысқы дүниеге қатысы жоқ, таза ойдың туындысы деп қарауға болмайды. Дарасыз, нақты заттарсыз жалпылық жоқ. Сол сияқты нақты адамдардан, нақты үйлерден тыс жалпы «адам», жалпы «үй» болуы мүмкін емес.

Біздің планетада 2,6 миллиард адам бар екен, оның ішінде бір-бірінен айнымайтын екі адам таба алмайсыз. Адам баласының көптеген ерекшелігі бар (сырт көрінісі, жасы, денсаулығы, білімі, ұлты, әдеті, т. б.). Бірақ бұл белгілерді адам туралы жалпы ұғымның негізіне алуға болмайды. Оның үшін барлық адамға тән және мәнді белгілерді табу керек. Адам үшін бұл — саналы еңбек ойлау және сөйлеу қабілеті. Адам — қоғамдық субъект. Оның басқа жан-жануардан мәнді айырмашылығы да, «адам» деген ұғымға жататын жалпы қасиеттері де осылар. Басқа ұғымдар да осылай қалыптасады.

Ұғым объективті дүниеге сәйкес болғанда ғана пікіріміз дұрыс болады. Ұғым — таным процесінің тірегі. Ұғымсыз ғылым болмайды, ал ғылымсыз өндірістің дамуы мүмкін емес. Таным нақты заттар мен құбылыстарды оймен қорыту ғана емес, сонымен қатар ойдан нақты заттарға қайта оралу процесі. Ұғым — нақты нәрсені толық білу құралы. Ойлану арқылы, оның құралы ұғым мен пікір арқылы біз дүниені толығырақ, дұрысырақ, тереңірек түсінеміз.

Таным — тарихи құбылыс. Жеке адам қанша талантты болса да, бір ғана өз басының тәжірибесіне сүйеніп, білім ала алмайды. Біздің кәзіргі замандағы біліміміз — өткен кездегі және кәзіргі ұрпақтың тірнектеп жинаған тәжірибесінің нәтижесі. Жеке адам білімнің көбін басқа адамдардың тәжірибесінен, кітаптан алады.

Ұғым дегеніміз қорытылған практика. Практика негізінде туған ұғымдар өмір озған сайын тағы сол практикада сыннан өтіп, түзетіліп, байып отырады. Сөйтіп таным процесінің барлық кезеңінде практика шешуші роль атқарады.

Ақиқат. Практика — ақиқаттың өлшемі. Ақиқат деген не? Бұл мәселе жөнінде де материализм мен идеализм бір-біріне қарсы тұр. Идеализм білімнің объективті мазмұны жоқ, ақиқат адамның санасына ғана байланысты дейді. Идеализм ақиқатты субъектен, оның санасынан іздейді. Кәзіргі идеалистер ойдың саралы, идеяның пайдалы болуы ақиқаттың өлшемі деп жүр. Дұрысында бұлар ақиқаттың шын өлшемі бола алмайды. Біреуге айқын көрінген ой, басқаға

айқын болмауы мүмкін, ал буржуазияға пайдалы идея, еңбекшілерге зиянды. Дәурені озған тап үстемдігін сақтау үшін халықты алдайды, өзіне пайдалы «идеяны» жалған болса да ақиқат деп жариялайды, жақтайды. Шынында білім пайдалы болу үшін объективті дүние мен оның заңдылығына сәйкес болуы, яғни ақиқат болуы қажет. Ал идеализм ақиқатты объективті дүниеден емес, адамның «таза» санасынан қиялынан ғана шығарады, ол объективті ақиқат жоқ деп есептейді.

Диалектикалық материализм ақиқатты тек ойдың өзінен ғана іздемейді. Адамның танымы объективті болмысқа, шындыққа сәйкес болуы керек деп біледі. Біз ақиқат деп объективті дүниеге сай келетін білімді айтамыз, яғни ақиқат адамға, адамзатқа тәуелді емес. «Жер жұмыр» деген тұжырым — бұл ақиқат, өйткені объективті шындықтың өзі солай, ал тұжырым сол шындыққа толық сай айтылған. «Үдемелі қарқынмен даму социализмнің заңы» деген тезис — бұл да ақиқат, себебі барлық социалистік елдердегі социализм құру практикасы бұл қағиданың шындығын толық растады. Осы арада айта кететін бір жағдай бар. Объективті ақиқат пен объективті шындықты шатыстыруға болмайды. Ақиқат объективті шындықтың өзі емес, сол туралы біздің дұрыс түсінігіміз, пікіріміз. Ақиқат заттың, не құбылыстың өзі емес, солар жөніндегі біздің дұрыс түсінігіміз бен ойымыз.

Объективті ақиқат әрқашан нақтылы да. Мұның себебі — әрбір зат, құбылыс нақты жағдайда кездеседі, белгілі орын және уақыт ішінде өмір сүреді. Олай болса осы нақты заттар жөніндегі ойымыз да, пікіріміз де нақтылы болу керек. В. И. Ленин бұл туралы былай деп жазды: «Марксизмнің бүкіл рухы, оның бүкіл системасы әрбір қағиданы тек қана (а) тарихи жағынан; (в) тек қана басқалармен байланыстылығы жағынан; (у) тек қана тарихтың нақтылы тәжірибесімен байланысы жағынан алып қарауды талап етеді» (Шығармалар, 35-том, 225-бет).

Лениннің бұл сөздерінде терең мағына бар: ақиқатқа догматтарша қарамау керек. Белгілі бір зат немесе құбылыс туралы пікіріміз, оның дамуының басқа сатысында немесе басқа бір орында, уақытта және жағдайда ескіріп, тіпті жалған да болып қалуы мүмкін. Егер «капиталистік қоршау» туралы ұғымымыз бір кезде шындық болса, кәзіргі кезеңде жағдай өзгерді. Н. С. Хрущев көрсеткендей, кәзір капиталистік қоршау жоқ, дүниежүзілік екі система бар. Совет Одағында капитализмді қайта орнату хаупі жойылды. Ал догматик-метафизиктерше егер қағида бір кезде дұрыс болса, ол барлық жағдайда, барлық уақытта дұрыс бола бермек. Ақиқатты бұлай түсіну — ғылым өзгермейтін, қатып қалған ережелер жиынтығы дегенмен барабар.

Ақиқат объективті, нақтылы болумен бірге оның абсолюттік және относительдік мәні де бар. Ақиқаттың абсолюттігі мен относительдігі материялық дүниенің біздің санамыздағы бейнесінің қаншалықты дәл толық екендігін сипаттайды. Абсолюттік ақиқат деп келешекте ғылым мен практиканың дамуы бекерге шығармайтын білімдерді атаймыз. Мысалы, дүниенің материялығы туралы тезистің немесе жоқтан ешнәрсе пайда болмайды, бар мүлде ізсіз құрып кетпейді деген пікірдің абсолюттік сипаты бар. Абсолюттік ақиқаттың бір түрі — «факт ақиқаты». Абай ХІХ ғасырда өмір сүрді; дем алмайынша, ас-су ішпейінше адам өмір сүре алмайды десек — мұның бәрі абсолюттік шындық.

Ғылымда относительдік ақиқат көп. Относительдік ақиқат—шындықтың бейнесін негізінен дұрыс беретін білім. Бірақ ол толық емес, дәл емес. Сондықтан даму процесінде бара-бара дәлденіп, толықтырылып, тереңдей береді. Мұның себебі: үнемі күрделі қозғалыста, өзгерісте болатын материялық дүниені әрбір нақты кезеңде білім абсолютті түрде қамти алмайды, бірақ білім соған ұмтылады. Дүниені танудың шегі жоқ, дәл емес білімнен дәлірек білімге, толық емес білімнен толығырақ білімге өту — ұшы-қиыры жоқ мәңгі процесс.

Ақиқатты релятивистерше түсінудің зияны көп. Егер догматтар барлық ақиқатты мәңгі өзгермейтін абсолют десе, релятивистер ақиқатты тек относителді ғана дейді, тіпті ақиқаттың объективті екенін де мойындамайды. Релятивизм идеализмге апарады. Қазіргі ревизионистер де ақиқат мәселесіне релятивизм тұрғысынан қарайды. Олар, мысалы, марксизм-ленинизм ақиқаттарын жоққа шығарғысы келеді. Ревизионистер капитализмнен социализмге өтудің жалпы заңдылығы жоқ дей отырып, әрбір ұлттың ерекшелігін баса айтады.

Дұрысында абсолюттік және относителдік ақиқаттың арасында тығыз байланыс бар: относителдік ақиқат абсолюттік ақиқаттың бөлшегі, элементі. Ал абсолюттік ақиқат относителдік ақиқаттың қосындысынан құралады. Мысалы, атом құрамында электрон бар деген пікір абсолюттік ақиқат. Бірақ ол әуелбаста тек болжау еді. ХІХ ғасырдың орта шенінен бастап Вебер, Стоней, Гельмгольц, Крукс, Перрен деген оқымыстылар әрқайсысы әр уақытта және әр тарапта тәжірибе жасап, сол болжаудың шындық екенін растады. Бұған 30—40 жылдай уақыт кетті. Былайша айтқанда, аталған оқымыстылардың әрқайсысы тапқан относителдік ақиқаттың бәрі жиыла келе электрон туралы абсолюттік ақиқатқа жеткізді.

Практика — танымның негізі болуымен қатар ақиқаттың өлшемі. Ойдың ақиқат не жалған екенін объектімен салыстырғанда ғана білеміз. Ал бұл практикалық іс. Табиғат ғылымдарында, мәселен, эксперимент пен байқау арқылы ғылым қағидаларының ақиқаттығы тексеріледі. Ғылым 200 жылдан астам уақыт бойы жылылықты «теплород» деген ерекше нәрсе шығарады деп келгенді. Бірақ сол «нәрсені» тәжірибе таба алмады, қайта бұрынғы осы жалған пікірді теріске шығарып, жылылық молекуланың қозғалысынан туатынын дәлелдеді. Ал социалистік революцияның бір елде жеңу мүмкіншілігін болжаған теорияны практика ақиқат ретінде растап берді.

Практикаға диалектика тұрғысынан қарау керек. Ақиқат практика арқылы ашылады және сол ақиқат практика сынынан өтіп, түзеліп, расталып, дамып отырады. Практика мен теорияның бірлігін біздің партия әруақытта басшылыққа алып отыр. Теория практика болмаса жансыз, ал практика теориясыз соқыр. Теория практикадан туады, ол практикада іске асады, түзеледі, толықтырылады. Практика «құрғақ» теорияны байытады, оған өмір береді.

Теория практикалық іске жарқын жол сілтейді, ол бүгінгі практикадан озып, келешекті болжауға мүмкіншілік береді, болашағымызға сенім тудырады. Мәселен, партияның ХХІ съезі маркстік-лениндік теорияны дамытып, коммунизм құрудың заңдылығын, нақты міндеттерін көрсетіп берді. Бұл совет халқын нақты жұмысқа жұмылдырды.

Сонымен маркстік-лениндік таным теориясы бізді неге үйретеді? Егер практика танымның қайнар көзі болса, оған жақын болу, аралас болу, өмір құбылыстарын терең түсіну, коммунистік практиканы дұрыс қорыта білу міндеті туады. Егер құбылыстардың ішкі сырын, заңдылығын ойлау арқылы ғана білетін болсақ, білімде фактілерді жинап, тіркеумен қанағаттанбай, одан әрі теориялық қорытуларға көтерілу керек. Егер танымның мақсаты практикаға қызмет ету болса, практика ақиқаттың өлшемі болса, білімнің жемісті болуы үшін оның әрқашан да практикамен тығыз байланысты болуы шарт. Коммунистік құрылыс практикасы жемісті, озат теорияны, ғылымды керек етеді.

айқын болмауы мүмкін, ал буржуазияға пайдалы идея, еңбекшілерге зиянды. Дәурені озған тап үстемдігін сақтау үшін халықты алдайды, өзіне пайдалы «идеяны» жалған болса да ақиқат деп жариялайды, жақтайды. Шынында білім пайдалы болу үшін объективті дүние мен оның заңдылығына сәйкес болуы, яғни ақиқат болуы қажет. Ал идеализм ақиқатты объективті дүниеден емес, адамның «таза» санасынан, қиялынан ғана шығарады, ол объективті ақиқат жоқ деп есептейді.

Диалектикалық материализм ақиқатты тек ойдың өзінен ғана іздемейді. Адамның танымы объективті болмысқа, шындыққа сәйкес болуы керек деп біледі. Біз ақиқат деп объективті дүниеге сай келетін білімді айтамыз, яғни ақиқат адамға, адамзатқа тәуелді емес. «Жер жұмыр» деген тұжырым — бұл ақиқат, өйткені объективті шындықтың өзі солай, ал тұжырым сол шындыққа толық сай айтылған. «Үдемелі қарқынмен даму социализмнің заңы» деген тезис — бұл да ақиқат, себебі барлық социалистік елдердегі социализм құру практикасы бұл қағиданың шындығын толық растады. Осы арада айта кететін бір жағдай бар. Объективті ақиқат пен объективті шындықты шатыстыруға болмайды. Ақиқат объективті шындықтың өзі емес, сол туралы біздің дұрыс түсінігіміз, пікіріміз. Ақиқат заттың, не құбылыстың өзі емес, солар жөніндегі біздің дұрыс түсінігіміз бен ойымыз.

Объективті ақиқат әрқашан нақтылы да. Мұның себебі — әрбір зат, құбылыс нақты жағдайда кездеседі, белгілі орын және уақыт ішінде өмір сүреді. Олай болса осы нақты заттар жөніндегі ойымыз да, пікіріміз де нақтылы болу керек. В. И. Ленин бұл туралы былай деп жазды: «Марксизмнің бүкіл рухы, оның бүкіл системасы әрбір қағиданы тек қана (а) тарихи жағынан; (в) тек қана басқалармен байланыстылығы жағынан; (у) тек қана тарихтың нақтылы тәжірибесімен байланысы жағынан алып қарауды талап етеді» (Шығармалар, 35-том, 225-бет).

Лениннің бұл сөздерінде терең мағына бар: ақиқатқа догматтарша қарамау керек. Белгілі бір зат немесе құбылыс туралы пікіріміз, оның дамуының басқа сатысында немесе басқа бір орында, уақытта және жағдайда ескіріп, тіпті жалған да болып қалуы мүмкін. Егер «капиталистік қоршау» туралы ұғымымыз бір кезде шындық болса, кәзіргі кезеңде жағдай өзгерді. Н. С. Хрущев көрсеткендей, кәзір капиталистік қоршау жоқ, дүниежүзілік екі система бар. Совет Одағында капитализмді қайта орнату хауіпі жойылды. Ал догматик-метафизиктерше егер қағида бір кезде дұрыс болса, ол барлық жағдайда, барлық уақытта дұрыс бола бермек. Ақиқатты бұлай түсіну — ғылым өзгермейтін, қатып қалған ережелер жиынтығы дегенмен барабар.

Ақиқат объективті, нақтылы болумен бірге оның абсолюттік және отноcительдік мәні де бар. Ақиқаттың абсолюттігі мен отноcительдігі материялық дүниенің біздің санамыздағы бейнесінің қаншалықты дәл, толық екендігін сипаттайды. Абсолюттік ақиқат деп келешекте ғылым мен практиканың дамуы бекерге шығармайтын білімдерді атаймыз. Мысалы, дүниенің материялығы туралы тезистің немесе жоқтан ешнәрсе пайда болмайды, бар мүлде ізсіз құрып кетпейді деген пікірдің абсолюттік сипаты бар. Абсолюттік ақиқаттың бір түрі — «факт ақиқаты». Абай XIX ғасырда өмір сүрді; дем алмайынша, ас-су ішпейінше адам өмір сүре алмайды десек — мұның бәрі абсолюттік шындық.

Ғылымда отноcительдік ақиқат көп. Отноcительдік ақиқат — шындықтың бейнесін негізінен дұрыс беретін білім. Бірақ ол толық емес, дәл емес. Сондықтан даму процесінде бара-бара дәлденіп, толықтырылып, тереңдей береді. Мұның себебі: үнемі күрделі қозғалыста, өзгерісте болатын материялық дүниені әрбір нақты кезеңде білім абсолютті түрде қамти алмайды, бірақ білім соған ұмтылады. Дүниені танудың шегі жоқ, дәл емес білімнен дәлірек білімге, толық емес білімнен толығырақ білімге өту — ұшы-қиыры жоқ мәңгі процесс.

Ақиқатты релятивистерше түсінудің зияны көп. Егер догматтар барлық ақиқатты мәңгі өзгермейтін абсолют десе, релятивистер ақиқатты тек относителді ғана дейді, тіпті ақиқаттың объективті екенін де мойындамайды. Релятивизм идеализмге апарады. Кәзіргі ревизионистер де ақиқат мәселесіне релятивизм тұрғысынан қарайды. Олар, мысалы, марксизм-ленинизм ақиқаттарын жоққа шығарғысы келеді. Ревизионистер капитализмнен социализмге өтудің жалпы заңдылығы жоқ дей отырып, әрбір ұлттың ерекшелігін баса айтады.

Дұрысында абсолюттік және относителдік ақиқаттың арасында тығыз байланыс бар: относителдік ақиқат абсолюттік ақиқаттың бөлшегі, элементі. Ал абсолюттік ақиқат относителдік ақиқаттың қосындысынан құралады. Мысалы, атом құрамында электрон бар деген пікір абсолюттік ақиқат. Бірақ ол әуелбаста тек болжау еді. ХІХ ғасырдың орта шенінен бастап Вебер, Стоней, Гельмгольц, Крукс, Перрен деген оқымыстылар әрқайсысы әр уақытта және әр тарапта тәжірибе жасап, сол болжаудың шындық екенін растады. Бұған 30—40 жылдай уақыт кетті. Былайша айтқанда, аталған оқымыстылардың әрқайсысы тапқан относителдік ақиқаттың бәрі жиыла келе электрон туралы абсолюттік ақиқатқа жеткізді.

Практика — танымның негізі болуымен қатар ақиқаттың өлшемі. Ойдың ақиқат не жалған екенін объектімен салыстырғанда ғана білеміз. Ал бұл практикалық іс. Табиғат ғылымдарында, мәселен, эксперимент пен байқау арқылы ғылым қағидаларының ақиқаттығы тексеріледі. Ғылым 200 жылдан астам уақыт бойы жылылықты «теплород» деген ерекше нәрсе шығарады деп келген-ді. Бірақ сол «нәрсені» тәжірибе таба алмады, қайта бұрынғы осы жалған пікірді теріске шығарып, жылылық молекуланың қозғалысынан туатынын дәлелдеді. Ал социалистік революцияның бір елде жеңу мүмкіншілігін болжаған теорияны практика ақиқат ретінде растап берді.

Практикаға диалектика тұрғысынан қарау керек. Ақиқат практика арқылы ашылады және сол ақиқат практика сынынан өтіп, түзеліп, расталып, дамып отырады. Практика мен теорияның бірлігін біздің партия әруақытта басшылыққа алып отыр. Теория практика болмаса жансыз, ал практика теориясыз соқыр. Теория практикадан туады, ол практикада іске асады, түзеледі, толықтырылады. Практика «кұрғақ» теорияны байытады, оған өмір береді.

Теория практикалық іске жарқын жол сілтейді, ол бүгінгі практикадан озып, келешекті болжауға мүмкіншілік береді, болашағымызға сенім тудырады. Мәселен, партияның ХХІ съезі маркстік-лениндік теорияны дамытып, коммунизм құрудың заңдылығын, нақты міндеттерін көрсетіп берді. Бұл совет халқын нақты жұмысқа жұмылдырды.

Сонымен маркстік-лениндік таным теориясы бізді неге үйретеді? Егер практика танымның қайнар көзі болса, оған жақын болу, аралас болу, өмір құбылыстарын терең түсіну, коммунистік практиканы дұрыс қорыта білу міндеті туады. Егер құбылыстардың ішкі сырын, заңдылығын ойлау арқылы ғана білетін болсақ, білімде фактілерді жинап, тіркеумен қанағаттанбай, одан әрі теориялық қорытуларға көтерілу керек. Егер танымның мақсаты практикаға қызмет ету болса, практика ақиқаттың өлшемі болса, білімнің жемісті болуы үшін оның әрқашан да практикамен тығыз байланысты болуы шарт. Коммунистік құрылыс практикасы жемісті, озат теорияны, ғылымды керек етеді.

айқын болмауы мүмкін, ал буржуазияға пайдалы идея, еңбекшілерге зиянды. Дәурені озған тап үстемдігін сақтау үшін халықты алдайды, өзіне пайдалы «идеяны» жалған болса да ақиқат деп жариялайды, жақтайды. Шынында білім пайдалы болу үшін объективті дүние мен оның заңдылығына сәйкес болуы, яғни ақиқат болуы қажет. Ал идеализм ақиқатты объективті дүниеден емес, адамның «таза» санасынан қиялынан ғана шығарады, ол объективті ақиқат жоқ деп есептейді.

Диалектикалық материализм ақиқатты тек ойдың өзінен ғана іздемейді. Адамның танымы объективті болмысқа, шындыққа сәйкес болуы керек деп біледі. Біз ақиқат деп объективті дүниеге сай келетін білімді айтамыз, яғни ақиқат адамға, адамзатқа тәуелді емес. «Жер жүзі мыр» деген тұжырым — бұл ақиқат, өйткені объективті шындықтың өзі солай, ал тұжырым сол шындыққа толық сай айтылған. «Үдемелі қарқынмен даму социализмнің заңы» деген тезис — бұл да ақиқат, себебі барлық социалистік елдердегі социализм құру практикасы бұл қағиданың шындығын толық растады. Осы арада айта кететін бір жағдай бар. Объективті ақиқат пен объективті шындықты шатыстыруға болмайды. Ақиқат объективті шындықтың өзі емес, сол туралы біздің дұрыс түсінігіміз, пікіріміз. Ақиқат заттың, не құбылыстың өзі емес, солар жөніндегі біздің дұрыс түсінігіміз бен ойымыз.

Объективті ақиқат әрқашан нақтылы да. Мұның себебі — әрбір зат, құбылыс нақты жағдайда кездеседі, белгілі орын және уақыт ішінде өмір сүреді. Олай болса осы нақты заттар жөніндегі ойымыз да, пікіріміз де нақтылы болу керек. В. И. Ленин бұл туралы былай деп жазады: «Марксизмнің бүкіл рухы, оның бүкіл системасы әрбір қағиданы тек қана (а) тарихи жағынан; (в) тек қана басқалармен байланыстылығы жағынан; (у) тек қана тарихтың нақтылы тәжірибесімен байланысы жағынан алып қарауды талап етеді» (Шығармалар, 35-том, 225-бет).

Лениннің бұл сөздерінде терең мағына бар: ақиқатқа догматтарша қарамау керек. Белгілі бір зат немесе құбылыс туралы пікіріміз, оның дамуының басқа сатысында немесе басқа бір орында, уақытта және жағдайда ескіріп, тіпті жалған да болып қалуы мүмкін. Егер «капиталистік қоршау» туралы ұғымымыз бір кезде шындық болса, кәзіргі кезеңде жағдай өзгерді. Н. С. Хрущев көрсеткендей, кәзір капиталистік қоршау жоқ, дүниежүзілік екі система бар. Совет Одағында капитализмді қайта орнату хаупі жойылды. Ал догматик-метафизиктерше егер қағида бір кезде дұрыс болса, ол барлық жағдайда, барлық уақытта дұрыс бола бермек. Ақиқатты бұлай түсіну — ғылым өзгермейтін, қатып қалған ережелер жиынтығы дегенмен барабар.

Ақиқат объективті, нақтылы болумен бірге оның абсолюттік және относительдік мәні де бар. Ақиқаттың абсолюттігі мен относительдігі материялық дүниенің біздің санамыздағы бейнесінің қаншалықты дәл, толық екендігін сипаттайды. Абсолюттік ақиқат деп келешекте ғылым мен практиканың дамуы бекерге шығармайтын білімдерді атаймыз. Мысалы, дүниенің материялығы туралы тезистің немесе жоқтан ешнәрсе пайда болмайды, бар мүлде ізсіз құрып кетпейді деген пікірдің абсолюттік сипаты бар. Абсолюттік ақиқаттың бір түрі. — «факт ақиқаты». Абай XIX ғасырда өмір сүрді; дем алмайынша, ас-су ішпейінше адам өмір сүре алмайды десек — мұның бәрі абсолюттік шындық.

Ғылымда относительдік ақиқат көп. Относительдік ақиқат—шындықтың бейнесін негізінен дұрыс беретін білім. Бірақ ол толық емес, дәл емес. Сондықтан даму процесінде бара-бара дәлденіп, толықтырылып, тереңдей береді. Мұның себебі: үнемі күрделі қозғалыста, өзгерісте болатын материялық дүниені әрбір нақты кезеңде білім абсолютті түрде қамти алмайды, бірақ білім соған ұмтылады. Дүниені танудың шегі жоқ, дәл емес білімнен дәлірек білімге, толық емес білімнен толығырақ білімге өту — ұшы-қиыры жоқ мәңгі процесс.

Ақиқатты релятивистерше түсінудің зияны көп. Егер догматтар барлық ақиқатты мәңгі өзгермейтін абсолют десе, релятивистер ақиқатты тек относителді ғана дейді, тіпті ақиқаттың объективті екенін де мойындамайды. Релятивизм идеализмге апарады. Қазіргі ревизионистер де ақиқат мәселесіне релятивизм тұрғысынан қарайды. Олар, мысалы, марксизм-ленинизм ақиқаттарын жоққа шығарғысы келеді. Ревизионистер капитализмнен социализмге өтудің жалпы заңдылығы жоқ дей отырып, әрбір ұлттың ерекшелігін баса айтады.

Дұрысында абсолюттік және относителдік ақиқаттың арасында сығыз байланыс бар: относителдік ақиқат абсолюттік ақиқаттың бөлшегі, элементі. Ал абсолюттік ақиқат относителдік ақиқаттың қосындысынан құралады. Мысалы, атом құрамында электрон бар деген пікір абсолюттік ақиқат. Бірақ ол әуелбаста тек болжау еді. ХІХ ғасырдың орта шенінен бастап Вебер, Стоней, Гельмгольц, Крукс, Перрен деген оқымыстылар әрқайсысы әр уақытта және әр тарапта тәжірибе жасап, сол болжаудың шындық екенін растады. Бұған 30—40 жылдай уақыт кетті. Былайша айтқанда, аталған оқымыстылардың әрқайсысы тапқан относителдік ақиқаттың бәрі жиыла келе электрон туралы абсолюттік ақиқатқа жеткізді.

Практика — танымның негізі болуымен қатар ақиқаттың өлшемі. Ойдың ақиқат не жалған екенін объектімен салыстырғанда ғана білеміз. Ал бұл практикалық іс. Табиғат ғылымдарында, мәселен, эксперимент пен байқау арқылы ғылым қағидаларының ақиқаттығы тексеріледі. Ғылым 200 жылдан астам уақыт бойы жылылықты «теплород» деген ерекше нәрсе шығарады деп келген-ді. Бірақ сол «нәрсені» тәжірибе таба алмады, қайта бұрынғы осы жалған пікірді теріске шығарып, жылылық молекуланың қозғалысынан туатынын дәлелдеді. Ал социалистік революцияның бір елде жеңу мүмкіншілігін болжаған теорияны практика ақиқат ретінде растап берді.

Практикаға диалектика тұрғысынан қарау керек. Ақиқат практика арқылы ашылады және сол ақиқат практика сынынан өтіп, түзеліп, расталып, дамып отырады. Практика мен теорияның бірлігін біздің партия әруақытта басшылыққа алып отыр. Теория практика болмаса жансыз, ал практика теориясыз соқыр. Теория практикадан туады, ол практикада іске асады, түзеледі, толықтырылады. Практика «құрғақ» теорияны байытады, оған өмір береді.

Теория практикалық іске жарқын жол сілтейді, ол бүгінгі практикадан озып, келешекті болжауға мүмкіншілік береді, болашағымызға сенім тудырады. Мәселен, партияның ХХІ съезі маркстік-лениндік теорияны дамытып, коммунизм құрудың заңдылығын, нақты міндеттерін көрсетіп берді. Бұл совет халқын нақты жұмысқа жұмылдырды.

Сонымен маркстік-лениндік таным теориясы бізді неге үйретеді? Егер практика танымның қайнар көзі болса, оған жақын болу, аралас болу, өмір құбылыстарын терең түсіну, коммунистік практиканы дұрыс қорыта білу міндеті туады. Егер құбылыстардың ішкі сырын, заңдылығын ойлау арқылы ғана білетін болсақ, білімде фактілерді жинап, тіркеумен қанағаттанбай, одан әрі теориялық қорытуларға көтерілу керек. Егер танымның мақсаты практикаға қызмет ету болса, практика ақиқаттың өлшемі болса, білімнің жемісті болуы үшін оның әрқашан да практикамен тығыз байланысты болуы шарт. Коммунистік құрылыс практикасы жемісті, озат теорияны, ғылымды керек етеді.

Партия тұрмысы

Басшылық әдісі ширақ болса, жұмыс та жақсы

Бұдан бес жыл бұрын Қөкшетау облысында Чистополь деген аудан жоқ еді. Ал Чистополь селосының атын ол кезде тіпті көрші ауылдардың өзінде де біреу білсе, біреу білмейтін-ді. Кәзір совхоздар орналасқан ең дала Арықбалық, Рузаев аудандарының мал жайылымдары болатын.

Бұл ең далаға 1955 жылы тың игеру үшін мындаған патриот келді. Сол ұлы көшті бастап келгендердің ішінде кәзір осы аудандық Совет атқару комитетінің председателі, Социалистік Еңбек Ері Әбілжан Өмішев, аудандық партия комитетінің екінші секретары Антон Александрович Бухряков, Ялта совхозының директоры Владимир Семенович Назаров, ауданның атакты жүгері өсірушісі Василий Иванович Крапивин және тағы басқа жолдастар болатын.

Сол жылы ноябрь айының бір сәтті күні елсіз даладан 6 жаңа совхоздың орны белгіленіп, совхоз орталығының алғашқы қазығы қағылды. Сөйтіп, Чистополь ауданының шежіресі басталды. Келесі жылы аудандағы бірнеше ұсақ ауылшаруашылық артельдерінің негізінде тағы да үш совхоз құрылды.

Тыңда құрылған совхоздар алғашқы жылдың өзінде-ақ мындаған гектар егін егіп, Отан қоймасына едәуір астық құйды. Сонымен бірге олар тұрғын үй, мәдениет-көпшілік орындарын салып, бүгін даланың көркі болып тұрған совхоз поселкелерін тұрғыза бастады. Қажырлы еңбектің, сан алуан қиыншылық пен күрестің үстінде ұйымшыл да еңбек сүйгіш коллективтер жасақталды. Бұл істің бәріне де коммунистер жетекші болып, партия ұйымдары басшылық етті.

Содан бергі бес жылдың ішінде совхоз коллективтері үкімет пен партияның әкелік қамқорлығы мен көмегіне сүйене отырып, елеулі табыстарға жетті. Олар егіс көлемін 240 мың гектарға, әрбір гектардан алынған астықты 6,1 центнерден 13 центнерге дейін жеткізді. Осымен бірге екінші тыңды игеруде — мал шаруашылығы да қолға алынып, өркендетіле бастады.

Чистополь еңбекшілері үшін әсіресе өткен жыл айта қаларлықтай табысты болды. Бір жылдың ішінде астықтың түсімі орта есеппен әрбір гектардан 3 центнер артты. Совхоздар Отан қоймасына жоспарда белгіленген 10 800 мың пұттың орнына 12 миллион пұт астық құйды. Арғы жылға қарағанда әрбір сиырдан сүт 500 литр артық сауылды, мемлекетке жоспарда белгіленген мөлшерден мың тонна ет артық тапсырылды. Өткен жылы совхоздар 8 миллион сомнан астам таза пайда алды.

Жаңа ауданның өсу қарқыны осылай шапшаңдай түсті. Бұған, бүкіл еліміздегі сияқты, үкімет пен партияның ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөнінде белгілеген шаралары арқау болды. Бірақ істі ұйымдастыра білген, мүмкіндіктерді шебер іске асыра білген жерде ғана партия белгілеген шаралар табыспен жүзеге асады. Басшылықтың, ұйымдастыру жұмысының күші осында.

Аудандық партия комитетінің жұмыс стилінде, оның ұйымдастыру, басшылық жұмысында қандай өзгеріс болды? деген сұрақ соңғы кезде аудандық партия комитетінің бірінші секретары Василий Иванович Давыденко жолдасқа жиі қойылып жүр.

Біз де аудандық партия комитетінің жұмысымен танысуымызды осы сұрақтан бастадық. Рас, бір жыл онша көп уақыт емес. Барлық жерде де істің алға басып келе жатқаны айқын сезіле тұрғанмен әлі де кемшіліктер аз емес. Дегенмен, аудандық партия комитетінің жұмысында үлгі аларлық, көңіл аударарлық көптеген жайттар бар.

Аудандық партия комитетінің жұмысы сан алуан. Оның бәрін айтып шығу мүмкін емес, сондықтан басшылық ісіндегі ерекшеліктерді көрсететін кейбір фактілерге ғана тоқталып өтейік. Бұл фактілер, біздіңше, Чистополь ауданы совхоздарының қолы жеткен табыстарының сырын ашып береді.

1958 жылғы декабрьде аудандық партия конференциясы болып өтті. Конференция бір жылғы жұмыстың қорытындысын шығарды. Бірақ қорытынды көңіл толарлық болмады. Конференция делегаттары ауыл шаруашылығындағы істің жағдайына қатты қынжылды. Совхоздар барлық мүмкіндік бола тұрып, мемлекетке астық, басқа да ауылшаруашылық өнімдерін тапсыру жөніндегі жоспарды орындай алмады. Мал өсірудің мемлекеттік жоспары да бірде-бір түліктен орындалмады. Мұның үстіне келесі жылдың қамы да нашар ойластырылған болып шықты: көктемгі егіске әзірленген пар мен зябь мардымсыз, техниканы жөндеу қарқыны нашар, жемшөп жетімсіз, мал шығыны көп. Бұл жағдайлар аудан кадрларының, совхоз жұмысшыларының да еңсесін түсіріп, олардың өз күшіне сенімін әлсіреткені конференцияда сөйленген сөздерден айқын сезіліп тұрды.

Жаңа сайланған секретарь Давыденко жолдас конференцияның ертеңіне-ақ: «адамдарды қалай жігерлендіреміз, бұл істі неден бастау керек?» деп ойлады.

Рязань облысы партия ұйымдарының жұмысы секретарьға көп көмектесті. Аудан еңбекшілерін, кадрларды қажырлы еңбекке жігерлендірерлік, олардың арасында саяси және өндірістік өрлеу туғызарлық айқын да түсінікті мақсат қою керек, деп ойлады секретарь.

Аудандық партия комитеті әрбір жұмысшының, бригаданың, ферманың, совхоздың алдына жетіжылдықтың бірінші жылында айқын нысана белгілеу ісіне көп көңіл бөлді. Бұл үшін аудандық комитеттің өзіне де жер-жердегі жағдайды терең зерттеп, ауылшаруашылық өнімдерін молайтудың мүмкіндіктерін таба білу керек болды. Аудандық партия комитеті бюро мүшелерін, партия, совет ұйымдарының жауапты қызметкерлерін совхоздарға жіберді. Олар партия ұйымдарына көмектесті.

Давыденко жолдастың өзі бірнеше күн Чистополь совхозының бөлімшелерінде, фермаларында, бригадаларында болып, қатардағы адамдармен әңгімелесті. Олармен егін шығымдылығын арттыру, мал шаруашылығы өнімдерін мол алудың жолдары мен мүмкіндіктері туралы ақылдасты. Ақырында коммунистермен, совхоз активтерімен бас қоса отырып, бұл шаруашылықтың 1959 жылғы міндеттемесін белгілеуге көмектесті. Міне барлық совхоздарда да жаңа міндеттеме осылай қабылданды.

Ақырында, аудандық партия комитетінде әрбір жұмысшының, әрбір бригада мен ферманың, әрбір совхоздың алған міндеттемелерін қорытып, жинақтай келгенде, 1959 жылы Чистополь еңбекшілерінің 14 миллион пұттай астық жинайтыны, мемлекетке ет тапсыру жөнінде бір жылда екі жылғы жоспарды орындай алатыны, сүт саууды кемінде бір жарым есе арттыра алатыны анықталды.

Аудандық партия комитеті совет, шаруашылық, кәсіподақ, комсомол ұйымдарымен бірлесе отырып, бұл міндеттемені жүзеге асырудың шараларын жасады. Кезекті бір бюро мәжілісінде бұл шаралар жан-жақты талқыланып, бекітілді. Бюро мәжілісіне бастауыш партия ұйымының секретарьлары, совхоз директорлары, мамандар шақырылды.

Күні бұрын әзірленген мәселені талқылау қызу да белсенді өтті. Көптеген жаңа пікірлер айтылды.

Бұрын аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде шаруашылықты өркендетудің мұндай түйінді мәселелері күн ілгері мұқият әзірленіп, талқыланбай келген еді. Бюро мәжілісіне көбінше жұмыс бабында-ақ шешіліп кететін ұсақ-түйек мәселелер қойылатын. 1958 жылдың ішінде аудандық партия комитетінің бюро мәжілісі 25 рет шақырылса, онда 346 мәселе қаралған, сонда әрбір отырыста 14 мәселе қаралған болып шығады. Мұндай жағдайда ол мәселелердің жеткілікті дайындықпен, тыңғылықты шешілмейтіні белгілі.

Аудандық партия комитетінің жұмысында ұсақ-түйек мәселелер көп орын алып кетсе, олар негізгі мақсатты көлегейлеп, басты міндетті ұмыттырады. Мысалы, 1958 жылы аудан еңбекшілерінің қажырлы еңбегі нәтижесінде дәнді дақылдардың шығымдылығы жаман болған жоқ. Бірақ аудандық партия комитеті бітік егінді мерзімінде жинап алу ісін ұйымдастыра алмады. Мұның себебі аудандық партия комитеті егін орағы басталғанға дейін бұл науқанды өткізу жөнінде қандай ұйымдастыру жұмысын жүргізу керек, қандай озат әдістерді қолдану керек екенін кең талқылап, айқындап алмады. Осының салдарынан егін жинау жұмыстары бей-берекет жүргізілді. Аудандық партия комитетінің ұстаған берік бағыты, тұжырымдалған пікірі болмағандықтан совхоздарға барған әрбір уәкіл әртүрлі нұсқау берді, осының салдарынан техника өнімсіз пайдаланылды, егін жинау кешеуілдетіліп, көп астық ысырап болды. Сөйтіп аудан еңбекшілері мемлекет алдындағы борышын өтей алмады.

Аудандық партия комитеті өзінің өткен жолына да сын көзімен қарап, бұл сияқты кемшіліктерден батыл қорытынды шығара білді.

Аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары бар күшті алған міндеттемені орындау жолындағы социалистік жарысты ұйымдастыруға жұмсады. Бұқара арасындағы саяси-көпшілік, үгіт-насихат жұмыстары да осы мақсатқа бағындырылды.

Аудан еңбекшілері арасында ауылшаруашылық өнімдерін молайту жөніндегі социалистік жарыстың өрістей түсуінде Чистополь совхозының механизаторы Василий Иванович Крапивин жолдастың бастамасы ерекше роль атқарды.

Василий Иванович өз көмекшілерімен бірге жүгері өсіретін звено құрып, 180 гектар егісті тек трактормен баптап, әр гектардан 350 центнерден сүрлемдік меке алуға міндеттенді. Совхоздың бастауыш партия ұйымы, оның секретары Кожин жолдас озат механизатордың бұл бастамасын қызу қолдады. Оған тиісті техника, жер берілді.

Чистополь совхозында туған бұл жаңа бастаманы ауданның барлық совхоздарына тарату керек болды. Сондықтан аудандық партия комитеті бұл іске партия ұйымдары мен коммунистерді жұмылдырды. В. И. Крапивин жолдастың бастамасы туралы аудандық газет арнаулы бет ұйымдастырып, оны таратуға ат салысты.

Бұл ауданда бұрын жүгері егісі мандымай келген еді. 1958 жылы жүгерінің гектарынан аудан бойынша 30 центнерден ғана сүрлемдік меке алынған болатын. Жүгерінің көлемі де аз болды. Міне бұл жемшөп қорын толықтыруға ешқандай себін тигізе алмаған еді. Мал санының өспеуіне, онан өнімнің аз алынуына себеп болған басты кемшілік осы болатын.

Кешікпей-ақ барлық совхоздардан да Крапивин жолдастың бастамасын қостаушы механизаторлар шыға бастады. Аз күннің ішінде ауданда жүгері өсіретін 69 звено құрылды. Олардың бәрі де жүгері егісін баптауды, жинауды кеңінен механикаландыру мақсатын көздеді.

Жүгері өсірушілер мол өнім үшін күресті ерте бастады: егістікке қар тоқтатты, жүгері тұқымын іріктеп, әзірледі, оны шаршы-ұялап егу-

дің, екі бағытта баптаудың әдістерін үйренді. Кейінірек ауданның бір топ механизаторлары еліміздің атакты жүгері өсірушісі Гиталовқа барып, оның тәжірибесін үйреніп қайтты.

Аудандық партия комитеті мен партия ұйымдары зейін қойып, мәпелеп өсірген бастама зая кеткен жоқ. Ауылшаруашылық өнімдерін молайтудың негізгі тірегі—дала дүлділі — жүгері егісінің көлемі 15 мың гектарға жетті. Сол жылы онан тәп-тәуір өнім алынды. Звенолардың көпшілігі-ақ өз міндеттемелерін абыроймен орындап шықты. Осының нәтижесінде өткен жылы әрбір сауын сиырға аудан бойынша орта есеппен 8 тоннадан, әрбір мегежінге 3 тоннадан жүгері сүрлемі әзірленді. Мұның өзі мал шаруашылығынан алынатын өнімдерді молайтты. Совхоздар өткен жылы мемлекетке ауылшаруашылық өнімдерін тапсыру жөніндегі жоспарды асыра орындаумен бірге, мал өсіру жөніндегі тапсырмаларды да барлық түлік бойынша абыроймен орындап шықты.

Өткен жылдың қорытындысы мынаны көрсетті: партиялық басшылықтың аса маңызды шарты — еңбекшілердің алдына міндетті дұрыс қойып, оларды сол міндетті орындау күресіне шебер жұмылдыра білу. Әрбір адам не үшін күресетінін жақсы біліп, ол өзінің айлық, жылдық нысанасының орындалатынына көзі жететін болуы керек. Міне осындай міндеттеме ғана адамдардың жігерін тасытып, оларды қажырлы еңбекке бастай алады.

Аудандық партия комитеті биылғы жылдың міндеттемесін бұрынғыдан да жете пысықтап алуға көңіл бөлді. Әрбір механизатор, мал өсіруші, сауыншы, құрылысшы жетіжылдықтың екінші жылындағы өз нысанасын белгілеумен бірге бригаданың, ферманың, совхоздың міндеттемесін қабылдауға да белсене қатынасты.

Мысалға аудандағы озат шаруашылықтың бірі Токтыброд совхозын алайық. Партия ұйымы (секретары С. Корниенко жолдас) совхоз жұмысшылары мен мамандарының міндеттеме алуға ерекше белсенділікпен, жауапкершілікпен қатынасуына жағдай жасады. Бұл коллектив биыл дәнді егістің әрбір гектарынан кемінде 100 пұттан өнім алып, мемлекетке 1,9 миллион пұт астық тапсыру, 900 тонна ет өткізу, әр сиырдан 2 мың литр сүт сауу үшін күресуде. Совхоз мал өсірушілерінің мемлекетке ет өткізу жөніндегі алған міндеттемесі үшжылдық жоспарға тең. Бұл міндеттеме сөзсіз орындалады, оның берік негізі бар.

Партия ұйымы мен совхоз дирекциясы мұндай көтеріңкі міндеттемені орындаудың жолы шошқа етін молайту деп санады. Бұл іске бүкіл коллективті жұмылдырды. Совхозда Василий Куприянович Фетчук жолдастың бастамасы бойынша шошқа етін молайту жолындағы күрес қызды. Василий Куприяновичті жұрт Көкшетаудың Чижі деп атайды. Ол өз көмекшілерімен ақылдаса отырып, биыл мемлекетке 1 500 шошқа бордақылап тапсыруға міндеттенген болатын. Бригаданың коллективі өз міндеттемесін абыроймен орындап келеді. Кәзірдің өзінде олар 1 500-ден астам торай алып, бордақылауға қойды. Осы сияқты озат мал өсірушілердің еңбегіне сүйеніп, биыл совхоз кемінде 2 400 центнер шошқа етін тапсырмақшы.

Шошқа етін молайту жолындағы жарыс ауданның басқа совхоздарында да кең өрістеді. Биыл аудан еңбекшілерінің мемлекетке тапсыратын етінің кемінде үштен бірі шошқа еті болмақшы. Аудандық партия комитеті Фетчук жолдас басқаратын бригаданың тәжірибесін қорытып, ол жөнінде арнаулы плакат шығарды. Бұл тәжірибені барлық шаруашылықтарда да кеңінен пайдалану жөнінде шаралар белгіледі.

Барлық шаруашылықтарда да социалистік міндеттеме озаттардың қол жеткен табыстарына сүйеніліп, мүмкіндіктер толық ескеріліп қабылданды. Биыл аудан еңбекшілері дәнді егістің гектарынан жаппай 100 пұттан өнім алып, мемлекетке 15 миллион пұт астық, яғни әрбір гек-

тардан 75 пұт астық тапсыру, 3 800 тонна ет тапсыру үшін күресуде. Сонымен бірге әрбір сиырдан 1 800 литр сүт алмақшы.

Кәзір бұл міндеттемені орындау жолында қызу күрес жүріп жатыр. Аудан еңбекшілері ет, сүт тапсырудың жартыжылдық жоспарын артығымен орындады. Өткен жылғы осы уақытпен салыстырғанда әрбір сиырдан сүт 400 литр артық сауылды. Бұл алған міндеттеменің сөзсіз орындалатынын көрсетеді. Мал шаруашылығының өнімділігі артуы — жемшөп қорының нығая түсуінің нәтижесі.

Биыл жүгері егісінің көлемі 16 500 гектарға жеткізілді. Оны баптап, өсіретін 117 арнаулы звено жұмыс істейді. Биыл ауданда әрбір сиырға 12 тоннадан, әрбір мегежінге 5 тоннадан сүрлем әзірлеу мақсаты көзделіп отыр. Бұл мал шаруашылығының өнімдерін арттыра түседі.

Кәзір мол астық үшін күрестің де нәтижелі болатыны айқын. Совхоздар биыл көктемгі егісті бұрынғы қай жылдан да сапалы, озық агротехниканың талаптарына сай өткізді.

Бұл аудандық партия комитеті жүргізген ұйымдастыру жұмысының нәтижесі деп айтуға болады. Мысалы, Тоқтыброд совхозы көктемнің алғашқы күндерінде-ақ дайын пар мен зябьке тұқым себе бастады. Пар мен зябьте арам шөпті өсірмеудің шараларын қолға алмады. Биыл жауын-шашын өте көп болды. Демек, пар мен зябьті арам шөп басып кету қаупі күшті. Бұл жағдайдың бәрін совхоз басшылары ескермеді. Аудандық партия комитеті тоқтыбродтықтардың қатесін түзетті. Бұл қатеден барлық шаруашылықтың басшылары сабақ алу үшін бюро мәжілісінде көктемгі егісте агротехникалық шараларды қатаң сақтау туралы мәселе талқыланды.

Бюро мәжілісі Тоқтыброд совхозының өзінде өткізілді. Оған барлық совхоздың директорлары мен бас агрономдары, партия ұйымының секретарьлары шақырылды. Бюро мәжілісінде көктемгі егістің барысына терең талдау жасалып, биылғы көктемнің ерекшеліктеріне байланысты агротехникалық ережелерді қатаң сақтау шаралары белгіленді.

Бюроның шешімін жүзеге асыра отырып, совхоздарда биыл пар мен зябьтің арам шөбі кей жерде екі-үш рет құртылғаннан кейін барып тұқым себілді, сол сияқты тұқымды тарқатарлап тоғыспалы әдіспен себу кеңінен қолданылды. Осының нәтижесінде бітік егін өсті. Аудан еңбекшілерінің мол өнім аламыз деген сенімі күшті.

Егіс қостарында саяси көпшілік жұмыстарды пәрменді жүргізіп, жарысты кең өрістету көктемгі егістің қысқа мерзімде, сапалы өткізілуіне көп әсер етті. Бұл жөнінде әсіресе егіс бригадаларын қамқорлыққа алған аудандық мекемелер мен ұйымдар жақсы жұмыс істеді. Совхоздардағы 64 егіс бригаданың әр қайсысын бір ұйым немесе мекеме қамқорлыққа алды. Олар қос басында жұмыстың үзіліссіз ұйымдастырылуын қадағалады, механизаторлар мен егіншілер арасында үгіт-көпшілік жұмысын жүргізді, олардың мәдениетті демалысын ұйымдастырды.

Аудандық партия комитеті кәзір егіс бригадалары мен мекемелер, ұйымдар арасындағы байланысты бұрынғыдан да нығайта түсті. Бұл байланыс еңбекшілерді алда тұрған саяси және шаруашылық міндеттерге жұмылдыра білудің тиімді әдісі екенін көрсетті. Егін жинау кезінде де аудан мекемелері мен ұйымдары совхоздарға көмекті күшейте түседі. Жақында аудандық партия комитеті мекемелер мен ұйымдардың егіс бригадаларына көмегін ұйымдастырудың тәжірибесі туралы мәселе қарап, бұл істегі жақсы, үлгілі жұмыстарды қорытты.

Биыл аудан совхоздарының егін орағына әзірлігі бұрынғыдан әлде қайда ширақ. Үкімет совхоздарға көптеген жаңа техника беруде, күн сайын тың өлкесіне жүздеген комбайн, жатка, автомашина және басқа техника келіп жатыр. Сонымен бірге қолда бар техниканы да егін орағына сақадай сай ету үшін барлық күш жұмсалуда. Ауданның партия

ұйымдары биыл барлық күшті егін жинау жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтау міндеттеріне бағыттап отыр. Қазір барлық совхозда да егін жинаудың жоспары, графигі жасалып, ол жоспар механизаторлардың, совхоз жұмысшыларының арасында кеңінен талқыланды.

Чистополь аудандық партия комитетінің кадрлармен жұмыс стилінде де елеулі өзгеріс болды. Мұнда, алдымен, кадрларға сенім күшейтілді. Бұрынғыдай олардың әрбір басқан қадамы аудандық комитеттің шешімімен өлшеп-пішілмейді, қайта олардың өздерінен инициатива көрсету талап етіледі. Сондықтан да олар жалынды жігермен жұмыс істеп, өзіне жүктелген жауапкершілікті бұрынғыдан да күшті сезінеді.

Аудандық партия комитеті қолынан іс келмейтін, өз орнында болмай келген кейбір басшы қызметкерлерді тәжірибелі, инициативалы жас кадрлармен ауыстырып келеді. Мысалы, Баррикада совхозының директорлығына бұрын басқа совхозда директордың орынбасары болып істеп келген жас маман М. Қудря жолдасты ұсынды. Аудандық комитеттің бұл шешімінің дұрыс болғаны совхоздағы істің нәтижесінен айқын көрінді. Бұл шаруашылық осыдан бір жыл бұрын ауданда барлық көрсеткіштері жөнінен ең соңда қалып, жыл сайын зиян шегіп келе жатқан болатын. Совхоз соңғы бір жылдың ішінде бұрынғы кемшіліктердің бірыпырасын түзетіп, мемлекетке пайда бере бастады.

Кадрлардың білімін, тәжірибесін арттыруға көмектесу, оларға шаруашылықтың мәселелерін дұрыс шешуді үйрету — міне бұл аудандық партия комитетінің басшылық жұмысының аса маңызды саласы. Бұл жұмыста да Чистополь аудандық партия комитетінде өнегелі істер бар.

Аудандық партия комитеті кадрлардың білімі мен шаруашылықты басқару тәжірибесін шындай түсу мақсатымен өткен жылдан бастап, экономикалық семинарлар ұйымдастырған болатын. Қазір әрбір совхоздың, құрылыс тресінің және аудандық партия комитетінің жанында тұрақты жұмыс істейтін экономикалық семинар бар. Семинарға совхоз директорларының өздері басшылық етеді, аудан орталығындағы семинарды В. Давыденко жолдас жүргізеді.

Өткен оқу жылында экономикалық семинарларда совхоздарды шаруашылық есепке көшіру, өнімнің түсер құнын кеміту жолдары туралы мәселелер талқыланды. Экономикалық семинарда алған білім, үйренген тәжірибе совхоз кадрларына шаруашылық есепті жүзеге асыруға көмектесті. Қазір Ялта, Чистополь, Салқынкөл совхоздары шаруашылық есепке көшті, қалған шаруашылықтар оған әзірлік жасап жатыр. Шаруашылық есеп совхоздарда еңбек тәртібін нығайтуға, өнімдердің түсер құнын кемітуге көмектесуде.

Экономикалық семинардың жұмысы әсіресе Ялта совхозында жақсы жолға қойылған. Мұнда семинарға совхоздың бөлімше меңгерушілері, бригадирлері, мамандары тегіс қатынасады, сабақ айына екі рет өтеді.

— Экономикалық семинар, — дейді насихатшы В. Назаров жолдас, — бәріміздің де өсуімізге, ізденіп жұмыс істеуімізге, шаруашылыққа басшылықты жетілдіре түсуімізге көмектесті.

Мұның айқын дәлелі — совхоз шаруашылығының табыстары. Совхоздағы бес бригаданың бәрі де шаруашылық есепке көшірілген. Соңғы үш жылда совхоз шаруашылығынан алынған таза пайда 100 мың сомнан 3 345 мың сомға дейін, ал әрбір жұмысшыға шаққанда өндірілген астық 124 центнерден 664 центнерге дейін артты.

Экономикалық семинарлардың жұмысында елеулі кемшіліктер де бар. Кейбір совхоздың директорлары семинардың жұмысын нашар ұйымдастырған, олар кадрлардың білімі мен тәжірибесін арттырудың бұл сияқты тиімді жолын жеткілікті бағаламайды. Дегенмен, жалпы алғанда экономикалық семинар кадрлардың білімін жетілдіріп, шаруашылыққа басшылықтың дәрежесін арттыра түсуге көмектесіп келеді.

* * *

Партия ұйымдарына күнделікті көмектесіп, оларды нығайтып отырмайынша ұйымдастыру жұмысын, бұқара арасындағы саяси жұмысты, сол сияқты кадрларды тәрбиелеу жұмысын да жолға қоюға болмас еді. Аудандық партия комитеті бюросының бұрынғы басшылығының жұмысындағы кемшіліктің бірі осы болып келген. Аудандық партия комитеті бастауыш партия ұйымдарымен байланысты нашарлатып, әрбір науқан сайын барлық істі уәкілдер жіберу арқылы орындатуға тырысатын еді. Соңғы жылы аудандық партия комитетінің басшылық стиліндегі бұл кемшілік те түзетіліп келеді. Дегенмен, оның қалдықтары әлі бар.

Аудандық партия комитеті алдымен бастауыш партия ұйымдарына бірсыпыра ысылған кадрлар жіберді. Мысалы, Салқынкөл совхозының коммунистері аудандық партия комитетінің ұсынысы бойынша өздеріне жетекші етіп Г. Янкин жолдасты сайлады. Григорий Иванович бұрын партия жұмысында, баспасөз қызметінде болып, ысылған қызметкер. Сол сияқты Чистополь совхозы партия ұйымының секретары болып Кожин жолдас сайланды. Ол аудандық партия комитетінің өз қызметкері болатын. Қазір барлық партия ұйымдарының да секретарьлары білімді де тәжірибелі коммунистер.

Аудандық партия комитетінің әрбір нұсқаушысына үш-төрт бастауыш партия ұйымы бекітіліп берілген. Олар көбінше бастауыш ұйымдарда болады. Нұсқаушылар, әсіресе озық тәжірибені қорытып таратуға, саяси-көпшілік жұмысына баса көңіл бөледі. Аудандық партия комитетінің басқа қызметкерлері де — бюро мүшелері, секретарьлардың өздері бастауыш партия ұйымдарында үнемі болып, оларға көмектесіп отырады. Мысалы, олар декабрь Пленумының қорытындысы, Қазақстан Компартиясы X съезінің шешімдері туралы бастауыш партия ұйымдарында коммунистердің жиналыстарында баяндама жасап, бұл шешімдерден туатын міндеттерді орындауға көмектесті.

Соңғы жылы бастауыш партия ұйымдарында саяси тәрбие жұмысының жандана түсіп, олардың беделінің арта бастағанын көрсететін бір факты мынадай. Ауданда коммунистердің қатары еңбек адамдарының есебінен үнемі өсіп келеді. Өткен жылдың өзінде ғана партия мүшелігіне кандидаттыққа 74 адам қабылданды, олардың ішінде 5 тракторшы, 9 шофер, 5 комбайншы, 5 малшы және бірнеше ауылшаруашылық мамандары бар.

Аудан еңбекшілерінің алдында тұрған міндеттерді толық орындау үшін партия комитеті мен партия ұйымдарына ұйымдастыру жұмысының басшылық стилін мұнан да ширата түсу керек болады.

Аудандық партия комитетінің еңбекшілерге қамқорлықты жақсартта түскені, жастар арасындағы тәрбие жұмысын жетілдіре бергені абзал. Өйткені бұл жұмыста әлі де кемшілік көп. Бірсыпыра ұйымдарда жастар арасындағы тәрбие жұмысы нашар. Осының салдарынан комсомол қатарының өсуі ойдағыдай емес. Өткен жылы комсомолдың 36 ұйымы бірде-бір мүше қабылдамады.

Совхоздарда шешілмей жатқан мәселелер көп. Айталық, құрылыс қарқыны нашар, мал санының төлден өсуі айтарлықтай емес. Бұған да көбінесе мал қораларының жетімсіздігі тұсау болып отыр.

Аудан шаруашылықтарында мұнан басқа да кемшіліктер мен қиыншылықтар бар. Бірақ бір қуанарлық нәрсе, олардың көпшілігі өсу мен алға қарай жылжудан туып отырған қиыншылықтар. Аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары еңбекшілер бұқарасын бұл қиыншылықтарды жеңуге жұмылдырып, олардың Отанға берген сертін орындап шығуын қамтамасыз етеді деп толық сеніммен айтуға болады.

Қ. ӘБІЛДАЕВ.

Шопандардың іріленген бригадасы

Қ. БАЙҒОЖИН,

Қазақстан ҚП Семей облыстық комитетінің секретары

Коммунистік құрылыстың ұлы жоспарын іс жүзіне асыра отырып, совет халқы экономиканы, мәдениетті, ғылымды, техниканы дамытуда, еңбекшілердің әл-ауқатын көтеруде жаңа зор табыстарға ие болып келеді.

Біздің облыстың еңбекшілері де бүкіл совет халқымен бірге жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістете түсуде.

Жетіжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыста ауыл шаруашылығының озаттары бай мүмкіндіктерді шебер пайдаланудың тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Мысалы, «Қарақол» совхозының аға шопаны, Социалистік Еңбек Ері коммунист Бекембей Әбіжанов өткен жылы әрбір жүз саулықтан 158-ден қозы алса, биыл әрбір жүз саулықтан 160 қозы алуға міндеттенген еді. Ол кәзір бұл уәдесін артығымен орындады. «Мыңбұлақ» совхозының бақташысы, Социалистік Еңбек Ері коммунист Қайрақбай Ақбаев 178 ірі қараны мемлекетке әрқайсысының тірідей салмағын 395 килограмнан тапсырды, ол бір центнер еттің түсер құнын 298 сомға дейін кемітті. Сол сияқты Ленин атындағы совхоздың шошқа өсірушісі Арбит Крейник топтап бағу әдісімен 1 326 шошқа бордақылап, мемлекетке 1 447 центнер ет өткізді. Ол бір центнер шошқа етінің түсер құнын 360 сомнан айналдырды. Арбит Крейник еліміздің атакты шошқа өсірушісі Ярослав Чижбен социалистік жарысқа түсіп, 2 000 шошқаны бордақылап, етке тапсыруға міндеттенді.

Облыстың партия ұйымдары озаттардың тәжірибесін тарату жолында қажырлы күрес жүргізіп отыр. Жақында облыстық партия комитеті өзінің кезекті Пленумында ауыл шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарын және облыс ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің биылғы қабылдаған социалистік міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындаудың шаралары туралы мәселе талқылады.

Облыс еңбекшілері, мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің және дайындаудың жетіжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін 1965 жылы қорамдық малды: ірі қараны 500 мыңға, оның ішінде сиырды 210 мыңға, қой мен ешкіні 5 300 мыңға, шошқаны 10 мыңға, жылқыны 130 мыңға, құсты 1 700 мыңға, қоянды 30 мыңға жеткізу мақсатын көздеп отыр.

Пленум бұл міндетті жүзеге асырудың сенімді жолы мал шаруашылығын ұйымдастырудың озық әдісін — ірі қараны байлаусыз ұстап, шошқаны клеткасыз күтіп, бағуға мүмкіндік беретін жаңа мал қораларын салу, ірілендірілген шопандар бригадаларын құру екенін ерекше атап көрсетіп, барлық партия, совет, шаруашылық ұйымдарының назарын бұл әдістерді кеңінен қолдануға аударды.

Қолхоздар мен совхоздарда кәзіргі қолданылып жүрген қойды шаруын отарларға бөліп бағу, жайылым мен шабындықты, жемшөпті пайдалануда несіздікке, жауапсыздыққа жол береді, қой шаруашылығын-

дағы жұмыстарды механикаландырып, еңбек өнімділігін арттыруға қой етінің, жүннің түсер құнын кемітуге тежеу болады, шопандарға мәдени-тұрмыстық жағдай жасауды қиындатады. Облыстық партия комитетінің пленумы осыларды ескере отырып, ірілендірілген күрделі шопандар бригадасын ұйымдастыру жөнінде облыстық партия комитетінің бюросы белгілеген шараларды толығынан мақұлдады.

Облыстық комитеттің пленумы аудандық партия комитеттері мен аудандық совет атқару комитеттеріне биыл әрбір колхоз бен совхозда кемінде ірілендірілген бір-бір шопан бригадасын ұйымдастыруды, ал таяудағы екі жылдың ішінде қой шаруашылығын ұйымдастырудың бұл жаңа, неғұрлым тиімді әдісіне толық көшуді, осының негізінде қой санын көбейтіп, мал өсірушілердің мәдени-тұрмыстық жағдайын түбірінен жақсартуды тапсырған болатын.

Облыста қой шаруашылығын ұйымдастырудың бұл жаңа әдісін пайдалануға Ақсуат ауданындағы Калинин атындағы колхозы бірінші болып кірісті.

Июнь айының басында осы колхозда шопандар, мамандар мен колхоз активтері қатысқан басқарма мәжілісі өткізілді. Мәжіліске қатысушылар қой шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын кеміту мәселелерін кеңінен талқылады. Бұл жолдағы алғашқы қадам ретінде биыл колхозда ірілендірілген шопандар бригадасын құру ұйғарылды.

Іріленген шопандар бригадасына бұрыяғы үш отар қой, барлығы 3 мың қой бекітіліп берілді. Бригаданың құрамында он адам бар. Демек, әр шопанға 300 қойдан келеді. Осы 3 000 қойды жаю, бағу, төлдеу, оған жемшөп дайындау, қораны жөндеу, қойды қолдан ұрықтандыру жұмыстарының барлығын бригада мүшелерінің өздері атқарады. Іріленген шопандар бригадасын басқару ауыл шаруашылығы машиналарын жақсы білетін механизатор Құзай Мұқаметжанов жолдасқа жүктелді.

Әрбір отарға бригадирдің көмекшісі ретінде тәжірибелі шопандар Жұмабаев, Хамитов, Төлебаев жолдастар бекітілді. Техниканы жақсы білетін шопандар Мұқаметжанов пен Баяхметов жолдастар механизаторлыққа тағайындалды. Қайырбаев жолдас әрі шопан, әрі балташы, Иманғалиева жолдас шопан-санитар, қойды қолдан ұрықтандырушы болып істейді, шопан-күзетшілікке ерлі-зайыпты Баев жолдастар бекітілді. Шопандарды сегіз сағаттық жұмыстан кейін ауыстырып отыруға Мұқаметжанова мен Төлебаева тағайындалды. Бұл екеуінің біреуі жазда бригаданың орталығындағы құрылыс жұмыстарына қатысады.

Бригадаға мың гектар шабындық, екі мың гектар қысқы жайылым, 100 гектар жүгері, 100 гектар көпжылдық шөп, 100 гектар сұлы бекітіліп берілді. Жазғы жайылым үшін 6 мың гектар жер бөлінді. Бригада қысқа арнап әрбір қойға кем дегенде үш центнерден шөп, екі центнерден сүрлем дайындауға тиіс. Ол үшін мың гектар шабындық пен жүз гектар жүгері толық жеткілікті. Бригадаға колхоз басқармасы бір «ДТ-54», бір «Беларусь» тракторын, үш шалғылы шөп машинасын, бір трактор тырмасын, бір сеялка, бір культиватор және жүгері жинайтын бір комбайн бөлді. Осы техникамен бригаданың 40 жұмыс күні ішінде керекті шөпті дайындап алуға мүмкіндігі бар. Бригадаға бекітілген шабындық жердің, егін салынған учаскенің, жайылымдық жердің шекарасы анықталып, шопандар бригадасының картасына түсірілді.

Колхоз басқармасы іріленген шопандар бригадасы үшін құрылыстар салуға бөлінбейтін қордан 500 мың сом қаржы, құрылыс жұмысын жүргізуге 30 адам және екі машина бөлді.

Кәзір шопандар бригадасының орталығында тұрғын үйдің, қой қорасының құрылысы қызу жүріп жатыр. Партия ұйымы, коммунистер ірілендірілген шопандар бригадасын ерекше қамқорлыққа алып, күн-

делікті көмек көрсетіп келеді. Шопандар бригадасы мал азығын дайындауға да қызу кірісті, олар үстіміздегі жылы өз отары үшін кемінде 1,5 жылдық мал азығы қорын жасап, оны мал базасына тасып алмақшы.

Бригада құрамындағы он адам кейбір маусымды жұмыс кезінде болмаса негізінен күніне 8 сағат жұмыс істеп, аптасына бір күн дем алатын, жылына 18 күннен 24 күнге дейін демалыс алатын болады.

Іріленген шопандар бригадасын құрудың нәтижесінде еңбек өнімділігін арттыруға, қой өсіруге жұмсалатын шығынды азайтуға әбден болады. Мәселен, кәзір осы колхозда 36 мың қойды бағуда 226 адам істеп жүр, сонда бір шопанға 160-тан қой келеді. Ал, іріленген шопандар бригадасын құрғаннан кейін бұл колхозда 12 бригада болады. Әр бригадада 10 адамнан болғанда, 36 мың қойды 120 адам бағатын болады. Мұның үстіне сол малға керекті жемшөпті бригада мүшелерінің өзі дайындайды. Сөйтіп қой шаруашылығында адам күші бұрынғыдан екі есе аз жұмсалатын болады.

Осы үлгі бойынша облысымыздың барлық колхоз, совхозында іріленген шопандар бригадасы құрылуда. Кәзірдің өзінде колхоздар мен совхоздарда 40-тан астам іріленген шопандар бригадасы құрылды. Жыл аяғына дейін облысымызда 100-ден астам осындай бригада құрылады.

Ірілендірілген бригада шопандарға ақыны істеген жұмысына қарай төлеу тәртібі ұсынылып отыр, мұны колхозшылар мен совхоз жұмысшылары толық қолдауда. Сонда әрбір шопанның орташа табысы айына 1 100 сомнан кем болмайды. Аға шопан басқаларға қарағанда ақыны 10 процент артық алады.

Шопандар бригадасының артықшылығы қандай? Біріншіден, отардағы малшылардың тұрақты қоныс орталығы жасалады. Онда тұрғын үйлер, қора-жай, мәдениет орындары — қызыл мүйіс, электр станция, монша, дәрігерлік пункт тағы да басқалар болады. Екіншіден, қой өсірудегі жұмыстарды кеңінен механикаландыруға толық жағдай туады. Бұл шопандардың ежелгі арманы болатын.

Іріленген шопандар бригадасы қой өсіруде озат тәжірибе мен ғылым жетістіктерін жетік пайдаланатын болады. Ставропольдың атакты шопаны Иван Малашенконың әдісін қолдана отырып, қойдан екі жылда үш рет қозы алу мақсаты көзделіп отыр.

Қой өсірудің бұл озық әдісі еңбек өнімділігін арттырады, өнімнің түсер құнын кемітеді. Партия ұйымдары озат әдістерді кеңінен қолдана отырып, еңбек өнімділігін арттыра беру негізінде өнімнің түсер құнын кеміте түсуге баса көңіл бөліп отыр. Облыс еңбекшілері бір центнер астықтың түсер құнын 25 сомға, сүтті 80—90 сомға, сиыр етін 300—350 сомға, қой етін 200—220 сомға, шошқа етін 550—600 сомға, жүнді 1000—1500 сомға түсіру үшін күресуде.

Ауылшаруашылық өнімдерін мол да арзан өндіру жолындағы күресті ұйымдастыруда саяси-бұқаралық жұмыстың алатын орны үлкен. Біздің облыстың мал өсірушілері арасында 2000-нан астам үгітші, 21 автоклуб, 30-дан астам қызыл отау мен оқу үйі қызмет етеді. Облыстағы 557 мал фермасының 360-ның жанында қызыл мүйіс бар. Бұлардың бәріне де жылжымалы кітапханалар қызмет етеді, олар — кітаптарды 10—15 күнде бір рет жаңартып тұрады.

Кәзір облыс партия ұйымының бүкіл ұйымдастыру саяси жұмысы биылғы жылы мемлекетке кемінде 30 миллион пұт астық, 60 мың тонна ет, 53 мың тонна сүт, 6 500 тонна жүн, 15 миллион жұмыртқа тапсыру жолындағы күресті өрістетіп түсу мақсатын көздейді. Облыстың партия ұйымдары мал шаруашылығын ұйымдастыруда озат әдістерді кеңінен қолдана отырып, бұл міндеттеменің толық орындалуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанның қырық жылдығы қарсаңында

Колхозшы шаруаның өміріндегі түбірлі өзгерістер

М. БЕСБАЕВ

Орденді Қазақстанның қырық жылдығы таяу. Бұл қуанышты мерекені республика еңбекшілері коммунизм орнату жолындағы келеді ісімен қарсы алғалы отыр. Ұлы істің ұлы күні туған республикамыздың өткен жолына көз саламыз. Қаһарман еңбек пен ғажайып жеңіске толы өсу, өрлеу жылдарын шолып, мақтаныш сезіміне бөленеміз!

Қырық жыл — қысқа мерзім. Бірақ бұл қырық жылда ұлы Ленин партиясының басшылығымен ел өмірінде ғасырлық өзгеріс жасалды. Осыны бір ғана шаруалар шындығы, колхозшылар өмірі арқылы көруге де болады. Жапалақ ұшпас жапан түзде таңның атысы, күннің батысы бай малының соңында салпақтаған қараңғы кедей шаруа мен бүгінгі кеудесінде алтын жұлдыз жарқырап, жоғарғы советтің биік мінбесінен сөз сөйлеген, мемлекет заңдарын бекіту туралы ұсыныс жасаған қатардағы колхозшы арасында шынында да ғасырлық өзгеріс жатқан жоқ па? Бұл неткен ғажайып өзгеріс? Осы өзгеріс қалай болды?

Ауыл мен деревняны социализм жолымен қайта құру лениндік кооператив жоспары бойынша жүзеге асырылғаны мәлім. Коллективтендіру ауыл шаруашылығының бүкіл экономикасында түбірлі өзгеріс жасады, адамдар арасында жаңа өндірістік қатынастар туғызды. Ал Қазақстанда коллективтендіру шарасы қазақ халқының өміріндегі ірі әлеуметтік жағдаймен — көшпелі және жартылай көшпелі халықты отырықшыландыру ісімен тығыз байланысты болды. Қазақ халқының көпшілігі — 2 миллионнан артығырақ адам — 1930 жылға дейін бытыранды, көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданғаны белгілі. Патриархтық-феодалдық қатынас, рулық тұрмыс қалдықтары қазақ аулында тіпті Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін де біраз жылдар орын алып келді. Қазақ халқын мұндай жағдайда социалистік құрылысқа толық қатынастыру мүмкін емес еді.

Қазақ елін социализм жолына салып, оны дамыту үшін қазақ шаруаларын жаппай коллективтендіріп, сол арқылы байларды тап ретінде жою керек болды. Тек сонда ғана қазақ еңбекшілерін қанаудан, кедейлік пен кемтарлықтан құтқарып, тұрмысын, мәдениетін жақсартуға бүкіл халықты әлеуметтік биік прогресс сатысына көтеруге болатын еді. Осы күрделі мәселелерді ойдағыдай шешу үшін ең әуелі Қазақстандағы көшпелі және жартылай көшпелі шаруаларды отырықшыландыру керек болды.

Алғашқы кезде отырықшыландыру жұмысы 250 мыңдай көшпелі шаруашылығы бар Қазақстанның 34 ауданында ғана басталды. Ал кейін жұмыстың көлемі ұлғайып, кей жерде халық жаппай отырықшылана бастады. Осы игілікті жұмысты жүргізу үшін қазақ халқына үкімет тарапынан көптеген қаражат берілді. Совет Одағының орталықтағы өнеркәсіп аудандарынан жәрдемге 1 204 маман жұмысшы жіберілді.

Бұлар орыс жұмысшы табының өндіріс тәжірибесі мол, саяси жағынан шыныққан, көбінің революциялық күрес тәжірибесі бар алдыңғы қатарлы өкілдері еді. Ал Қазақстан өлкелік партия комитеті отырықшыландыруға көмекке 9 140 коммунист жіберді.

Совет мемлекетінің күш-көмегімен 1930—1931 жылдары ғана 185 мың жаңа қыстақ салынды, мәдени мекемелер ұйымдастыру үшін 30 миллионнан артық қаржы бөлінді. 1932—1933 жылдары қоныстанған шаруалар үшін 25 мың тұрғын үй, 57 көпшілік монша, 700-дей мал қорасы, 400-дей құрал-сайман сарайы салынды. Отырықшыланатын аудандарда 80 дәрігерлік бригада, 70 аурухана, 111 емхана, 186 фельдшерлік пункт ұйымдастырылды. Осы шаралардың нәтижесінде үш жылдың ішінде 352 530 шаруашылық отырықшыланды.

Отырықшыланған шаруалар колхоз құрылысына белсене қатысты. Коллективтендіру қарқыны бұрынғыдан да күшейе түсті. Қазақстанда 1934 жылы барлық шаруалардың 85,9 проценті колхозға бірігіп, олардың егіс көлемі Қазақстанның барлық егісінің 96,3 проценті болды. Бұрын ақ таяқ, ағаш соқадан басқаны біле бермейтін қазақ шаруаларына көптеген машина, құрал-сайман жетістірілді. Шаруашылықтың жаңа салалары пайда болды, олар ғылымға сай жүргізіле бастады.

Ауыл шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық және техникалық базасындағы түбірлі өзгерістер оның даму бағытын, шаруашылықты жүргізудің бүкіл жүйесін негізінен қайта қалыптастырды. Сайып келгенде ауыл шаруашылығын коллективтендіру — шаруаларды жаппай социализмге көшірудің жалғыз-ақ сара жолы екенін анықтады. Сонымен осы алуан-алуан істердің нәтижесінде ескі қазақ аулында патриархтық-феодалдық қарым-қатынастар жойылды, жаңа, социалистік қарым-қатынастар орнады. Бұрынғы бытыранды көшпелі және жартылай көшпелі халық отырықшы колхозды елге айналып, экономикасы мен мәдениетін шұғыл дамытуға мүмкіндік алды.

Бұл арада коллективтендіру ісімен қатар республикада көптеген совхоз ұйымдастыру шарасы жүргізілгенін айта кетуіміз керек. Совхоздар негізінен алдыңғы қатарлы социалистік шаруашылықтың үлгісі болды. Олар озат техниканы, агрономия және зоотехния ғылымдарының табысын өндіріске көптеп енгізуде шаруаларға өнеге көрсетті, республиканың ауыл шаруашылығын социалистік жолмен өркендетуге мол үлес қосты.

Республикамыздың социалистік ауыл шаруашылығы аз уақыттың ішінде зор жеңіске ие болды, ол халқымызды азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етуге аумақты үлес қоса алатын жоғары товарлы және жоғары өнімді шаруашылыққа айналды. Бұл Ұлы Отан соғысы жылдары ерекше көзге түсті. Мұны егістік жердің өсу қарқынынан да байқауға болады. Мысалы, Қазақстанда барлық дақылдардың егіс көлемі 1913 жылы 4 194 мың гектар, 1928 жылы 4 246 мың гектар болған болса, коллективтендіруден кейінгі аз ғана уақытта еселеп өсіп, 1940 жылы 6 831 мың гектарға, 1953 жылы 9 727 мың гектарға жетті. Ал партияның нұсқауымен тың және тыңайған жерлерді игеру нәтижесінде кәзір 28 миллион гектардан асып отыр.

Қазақстанның социалистік мал шаруашылығы саласындағы табысы да ұшан-теңіз: Атрау мен Алтай арасы қаптай жайылған қора-қора қой, табын-табын сиыр, үйір-үйір жылқы...

Совет Одағындай ұлы елдің ауыл шаруашылығын өркендету оңай нәрсе емес. Бұл жолда ұлы табыстармен қатар кемшіліктер мен кедергілер де кездесті. Мәселен, Отан соғысынан кейінгі жылдары ауыл шаруашылығының даму дәрежесі елдің өскелең талабына сай келе бермеді. Республикамыздың ауыл шаруашылығы да еліміздің жалпы даму

қарқынынан белгілі дәрежеде кейін қалды. Бұған шаруашылықты басқару жолындағы кейбір шалағайлықтар мен бұрмалаушылықтар да себеп болды: жоспарлауда ірі-ірі қателіктер орын тепті, колхозшыларды колхоз өндірісіне материалдық жағынан ынталандыру принципі олардың жеке мүдделері мен қоғамдық мүдделерін ұштастыру принципі кей ретте бұзылды, колхозға маман кадр даярлау, жалпы ұйымдастыру жұмысы тиісті дәрежеде жүргізілмеді.

Бұл кемшіліктер, сөз жоқ, ауыл шаруашылығының өсу қарқынына шылау болды, жалпы халық шаруашылығын онан әрі өркендетуде белгілі сәйкессіздік туды. Осы олқылықтарды партияның лениндік Орталық Комитеті дер кезінде байқады. Еліміздің ауыл шаруашылығын онан әрі тез өркендетуде КПСС Орталық Комитетінің Н. С. Хрущев жолдастың инициативасымен өткізілген 1953 жылғы сентябрь Пленумының аса зор тарихи маңызы болды. Пленум ауыл шаруашылығын жедел өркендетудің нақты міндеттері мен шараларын белгіледі. КПСС XX, XXI съездері, Орталық Комитеттің пленумдары социалистік ауыл шаруашылығын дамытудың аса маңызды экономикалық мәселелерін шешті. Соның ішінде: ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге колхозшыларды және бүкіл ауыл-село еңбекшілерін материалдық ынталандыру принципін қалпына келтіру, колхоз бен совхоздарды басшы және маман кадрлармен нығайту, оларға көптеген қаражат бөлу, күрделі техника жетістіру, жоспарлау тәртібін реттеу, миллиондаған гектардың игеру, МТС-терді қайта құру, ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындаудың жаңа тәртібін енгізу шаралары бар.

Осы тарихи шараларды жүзеге асыру қорытындысы КПСС Орталық Комитетінің 1958 жылғы декабрь Пленумында жасаған Н. С. Хрущев жолдастың «Ауыл шаруашылығын өркендетудің соңғы бес жыл ішіндегі қорытындысы және ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді одан әрі арттырудың міндеттері» туралы баяндамасында толығымен айтылды, колхоз құрылысының соңғы санаулы жылдардың өзінде ғана бұрын-соңды болып көрмеген ражайып жеңіске ие болғаны баяндалды. Бір ғана Қазақ республикасында соңғы жылдарда 23 миллион гектардан аса тың және тыңайған жер игерілді. Қазақстан товарлы астық өндіру жағынан Россия Федерациясынан кейінгі екінші орынға шықты. Егер 1950—1953 жылдарда республикамыз орта есеппен жылына небәрі 251 миллион пұт астық өндіріп, мемлекетке 112 миллион пұт астық тапсырған болса, онан кейінгі төрт жыл ішінде орта есеппен жылына 1 миллиард 148 миллион пұт алынды, онан мемлекетке 727 миллион пұт астық тапсырылды. Соңғы екі жылда мемлекетке 1 миллиард 650 миллион пұт астық тапсырылды. Осы зор жеңісі үшін бүкіл республикамыз, сондай-ақ Ақмола, Қөкшетау, Қарағанды, Павлодар және Батыс Қазақстан облыстары Ленин орденімен наградталды. Осының өзі-ақ партиямыздың дана саясатының тамаша жеңісін дәлелдейді.

Ауыл шаруашылығының басқа өнімдерін дайындау да едәуір ұлғайды. Өткен жылы республикамыз ет дайындау жоспарын 149,5 процент орындап, мемлекетке 671,7 мың тонна ет тапсырды. Республикамыздың колхоз, совхоздарында мал басы да мықтап өсті: сиырға 445 мың, шошқаға 253 мың, жылқыға 48 мың, қой мен ешкіге 2,8 миллион, құсқа 2,7 миллион бас өсім қосылды.

Республика ауыл шаруашылығының, аз уақытта мұншалық зор табысқа жетуі ең алдымен КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің және Н. С. Хрущев жолдастың күнбе-күнгі қамқорлығының жемісі, Отанымыздың өркендеген өнеркәсібінің зор көмегінің нәтижесі. Жұртшылыққа аян, мысалы, 1919 жылы В. И. Ленин елімізде жүз мың трактор болуын арман етті. Ал кәзір тек қазақ даласында 275 мың трактор, 100 мың комбайн, 55 мың жүк машинасы, жүз

деген мың ауылшаруашылық машинасы жұмыс істеп жүр. Мұның үстіне еліміздің ауыр өнеркәсібі үстіміздегі 1960 жылы 26 мың трактор, 11 мың комбайн, 15 мың автомашина, келесі 1961 жылы 27 — 28 мың трактор, 25 мың комбайн, 20 мың автомашина береді. Демек, республикамыздың ауыл шаруашылығы ең жаңа күшті техникамен жабдықталады, жұмысты жаппай механикаландыруға жағдай жасалады.

Республика колхозшыларының тарихи табысы Совет Одағындағы барлық халықтардың қалтқысыз туысқандық көмегінің арқасы екенін атап айту орынды. Бұл тың игеру үстінде айқын көрінді. Қазір республиканың ауыл шаруашылығында одақтас республикалардан келген 640 мыңдай адам жұмыс істейді, оның көбі туысқан орыс, украин халықтарының өкілдері. Бұлар қазақ халқымен қол ұстаса, тізе қоса еңбек етіп, Советтік интернационализмнің үлгісін көрсетіп жүр. Коммунизм орнату жолында еліміздің халықтарының лениндік достығы, советтік патриотизмі жанқиярлық еңбек майданында шыңдалған үстіне шыңдалып, шыныққан үстіне шыныға түсті. Еліміздің халықтары, әсіресе қалың шаруалар бұқарасы социализм орнату барысында ескі жекешіл, өзімшіл пиғылдан бірте-бірте арылып, оның орнына еңбекке, меншікке социалистік көзқарас барған сайын орын теуіп келеді. Олардың мәдениеті, өндірістік мамандығы өлшеусіз өсті. Демек, біз колхозды ауылдағы ұлы өзгерістерді шаруашылықтың алуан саласындағы табыстар ретінде ғана емес, адамдардың санасындағы зор өзгерістер мен жаңару ретінде түсінуіміз шарт.

В. И. Лениннің кооперативтік жоспары республикамыздағы ауыл тіршілігінде барған сайын салтанат құрып келеді. Ауылшаруашылық артельдерін ірілендіру партиямыздың үлкен көрегендігі еді. Соның нәтижесінде колхоздарымыз өте ірі, экономикалық жағынан қуатты, күрделі ауылшаруашылық кәсіпорындарына айналып отыр. Қазір Қазақстанда 1 424 колхоз бар. Әрбір колхозда 1945 жылы орта есеппен 97, 1953 жылы 184 үй болса, 1959 жылы 274 үй болды. Осы жылдарда әр колхоздың егіс көлемі орта есеппен 2,5 мың гектардан 7,5 мың гектарға дейін өсті. Қолхоздың мал саны ірі қараға айналдырғанда орта есеппен 381 бастан 1 800 басқа дейін өсті. Бұл көрсеткіштер бүкіл Совет Одағы бойынша әрбір колхозға келетін орташа мөлшерден бірнеше есе артық.

Ауыл шаруашылығын өркендетуде өндіріс резервтерін ойдағыдай пайдаланып отырған жеке шаруашылықтар аз емес. Мысалы, Алматы облысының «40 лет Октября» колхозы бұрын көп мән берілмей келген жүгері егісінің көлемін соңғы 4 жыл ішінде 5 есе, ал оның өнімділігін 5,5 есе арттырды. Соның нәтижесінде бұл артель Американың атакты фермері Гарсты жүгерінің түсімі жөнінен қуып жету былай тұрсын, басып озып, өзінің бұл саладағы тәжірибесін халықаралық көрмелерге апарды.

Республика колхоздарындағы қоғамдық шаруашылықтың қарыштап дамығанын бөлінбейтін қордың соңғы жылдардағы үздіксіз өсуінен де көруге болады. Әрбір колхоздың бөлінбейтін қоры орта есеппен Қазақстанда 1945 жылғы 3,6 мың сомнан 1953 жылы — 1,4 миллион сомға жетсе, 1959 жылдың басында 6,3 миллион сомға дейін өсті. Ал, бірсыпыра колхоздың бөлінбейтін қоры бұдан да көп. Мысалы, өткен жылы Мақтарал ауданындағы «Коммунизм» колхозының бөлінбейтін қоры 16 миллион сом, Мерке ауданының Жданов атындағы артельде — 18 миллион, Алматы облысының «Луч Востока» колхозында 27 миллион сомнан асты. Бөлінбейтін қордың мұнша өсуінің маңызы өте зор. Өйткені тек осы жолмен ғана шаруашылықтардың ұлғаймалы ұдайы өсу өрісін қамтамасыз етуге, сөйтіп колхоз құрылысының материалдық-техникалық базасын барған сайын нығайта беруге болады. Бөлінбейтін

қор сонымен бірге колхоз меншігін мемлекет меншігіне бірте-бірте жақындата беру жолы болып табылады.

Ленин партиясының әрбір жаңа бастамасы ел өмірін жаңа бір өрге шығарып отырады. Ауыл шаруашылығына керекті техниканы колхоздар мен колхозшылардың өз қолына беру — данышпандық шешім болды. Республикада кәзір машина-трактор станциясын қайта құру жұмысы аяқталды. Колхоздар техниканы түгелдей өз меншігіне қаратып алды. Ал, 200-дей РТС жөндеу жұмысын атқарып отыр. Мұның өзі өндірістің барлық негізгі тіректерін — жерді, өндіріс құралдарын және жұмысшы күшін бір жерге біріктіріп, неғұрлым тиімді пайдалануға, еңбек өнімділігін еселеп арттыра түсуге, колхоз шаруашылығын онан әрі дамытуға ауадай қажет, өте маңызды шара болды, ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерін бұрын болып көрмеген биік дәрежеге көтеруге жол ашты.

Қазақстан ауыл шаруашылығындағы, колхоз өміріндегі түбегейлі өзгерістердің бірі — ауылшаруашылық өндірісінде электр қуатының кең пайдаланылуы. В. И. Ленин 1921 жылы ауыл шаруашылығының социалистік жолмен даму кезеңдерін:

«Ұсақ шаруа
колхоздар

электрлендіру» (Шығармалар, 32-том, 338-бет) деп атап көрсетті. Лениннің осы данышпан сара жоспары елімізде ақиқатқа айналды. Революциядан бұрын қазақ даласында электр дегеннің не екенін ешкім білмеуші еді. Кәзір электрсіз колхоз ауылы кемде-кем, ол колхоздың шаруашылығына қызметші, үйіне жарық болып отыр. Егер 1940 жылы Қазақстанда 1 247 киловатт қуаты бар 44 колхоз электр станциясы болған болса, кәзір олардың саны 1,5 мыңнан асты. Мұның үстіне көптеген колхозаралық электр станциясы бар. Республика колхоздарының 40 проценттен көбі жаппай электрленді. Бұдан тыс, 1958 жылы колхоздардың кәдеге жаратқан электр қуатының Алматы облысы бойынша 30 проценті, Жамбыл облысы бойынша 45 проценті, Қарағанды облысы бойынша 43 проценті, Шығыс Қазақстан облысы бойынша 58 проценті мемлекеттік электр жүйесінен алынған.

Үстіміздегі жетіжылдықта колхоздар түгел электрленіп болмақ. Жоспар бойынша осы мерзімде ауылшаруашылық мемлекеттік ірі 10 электр станциясы, колхозаралық 6, колхоздық 566 электр станциясы салынбақ. Оның үстіне 400-дей колхоз мемлекеттік электр станцияларынан ток алатын болады. Сөйтіп, республика колхоздары 1957 жылы пайдаланған 320 миллион киловатт-сағат электр қуатының орнына жетіжылдықтың аяғында кемінде 1,2 миллиард киловатт-сағат электр қуатын алашақ. Колхоздар электр қуатына кенеледі. Соның негізінде ауылшаруашылық өндірісін электрлендіру, механикаландыру және автоматтандыру жұмысы зор көлемде жүргізілмек. Сөйтіп колхозшы, шаруашылықтың қай саласында істемесін, машинаға, механизмге қол артатын, техникамен жаппай шұғылданатын болады. Техниканы түсіну, оның «тілін» білу, меңгеру ауыл мен село еңбеккерлерінің кәзір-ақ күнделік іс-әрекетіне айналып отыр. Ал заманымыздың жаңа техникасын білу — адамның қарым-қатынасын мүлдем өзгертіп, еңбек өнімділігін, мәдени дәрежесін биік сатыға көтеретіні сөзсіз. Бүгінгі колхозды ауылда жаппай қанат жайған жаңа қозғалыс — бір адамның бірнеше механизаторлық мамандық меңгеру жолындағы қозғалысы зор игілікті іс. Мұның алдыңғы сапында жас колхозшылар, әсіресе орта білімі бар комсомол-жастар жүр. Бұл қозғалысқа Совет үкіметінің соғыс күштерін қысқарту туралы Заңына байланысты армия қатарынан босаған солдаттар, офицерлер қызу қосылып отыр. Бұл қозғалыстың ауыл шаруашылығын өркендетудегі маңызы орасан үлкен, келешегі зор.

Біздің елде еңбек әр адамның ары мен абыройына айналды. Еңбекте ер атану — ел сүйінішіне бөлену деген сөз. Республиканың колхоздарында сан мыңдаған еңбеккер озат ісі, үздік еңбегі үшін Совет Одағының ордендарымен, медальдарымен наградталды, жоғары дәрежелі құрметті атақтарға ие болды. Олардың қатарында еліміздегі колхоз қозғалысының ардагерлері — Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған Н. Алдабергенов пен Ж. Қуанышбаев бар. Сол сияқты Социалистік Еңбек Ерлері Ы. Жақаевтың, П. Музыканың, Г. Зубковтың, Ж. Демеевтің, Д. Жақсылықованың тағы басқалардың ардақты есімі шартарапқа таныс. Шаруаның еңбегін бұлайша бағалау тек совет елінде, социализм шындығында ғана мүмкін екенін дәлелдеп жатудың керегі болмас. Бұл да ел өмірінде, қырық жыл ішінде болған қыруар өзгерістердің бірі екені сөзсіз.

Біздің елде колхоз құрылысы коммунизм құру жолындағы ұлы күшке айналды. Сондықтан мыңдаған шаруалар колхозға топтасып, Отан үшін, артель мүддесі үшін қажырлы еңбек етуде. Қазір Қазақстан колхоздарында 700 мыңдай колхозшы шаруа бар. Оларға МТС-терден мыңдаған тәжірибелі механизаторлар қосылды. Мұның өзі колхоз өндірісінің тың қуат-күші болып отыр. Колхоздар маман кадрмен де нытайды. 800-дей колхоз председателінің жоғары және орта дәрежелі ауылшаруашылық білімі бар, оның ішінде 200-дейі жас мамандар.

Осындай тамаша жеңістерге сай колхоз өмірінде өткен қырық жылдың ішінде пайда болған жаңа, бұрын-соңды тарихта болмаған тың күш қалыптасты, ол — колхоз интеллигенциясы. Осы кезде тек колхоз өндірісіне, ауыл-село өміріне тікелей қатысып, колхозшы шаруалардың мүддесі үшін 6 мыңдай жоғары білімді ауыл шаруашылығының мамандары — агрономдар, зоотехниктер, мал дәрігерлері, инженер-механизаторлар жұмыс істеп жүр. Ал арнаулы орта білімі бар ауылшаруашылық мамандарының саны 12 мыңға жетті. Сонымен қатар, жыл сайын республиканың арнаулы ауылшаруашылық оқу орындары біздің ауылшаруашылық өндірісімізге 1 235 жоғары білімді, 6 мыңдай орта білімді ауылшаруашылық маманын даярлап береді. Демек, колхоздарда да бұл мамандардың тобы жыл сайын көбейіп, қатары өсе бермекші. Мұның үстіне селолық жерде істейтін мыңдаған мұғалімдер мен дәрігерлер, ағарту орындары мен медицина мекемелерінің қызметкерлері бар. Олардың саны да жылма-жыл өсуде. Осының бәрі мәдениет революциясының қырық жыл ішіндегі жемісі, Коммунист партиясының лениндік ұлт саясатының салтанаты.

Назар аударатын зор өзгерістердің бірі — бұрынғы құлазыған құба далада, бүгінгі Ильич шамы жарқыраған колхоз аулындағы алуан құрылыс, салынған сан мың өндіріс орны, тұрғын үйлер, клубтар, мәдениет сарайлары, мектептер, емханалар және басқалары. Тек қана 1954 — 1959 жылдары республика колхоздарында 120 мың тұрғын үй, 50 мың мәдени және өндірістік объектілер салынды. 1959 жылы орта есеппен алғанда әрбір колхозда 19 тұрғын үй, 5—6 мәдени мекеме, өндіріс орны салынды. Қазір жеті немесе онжылдық мектеп, кітапхана мен клуб, дәрігерлік пункт пен балалар бақшасы кез келген колхозда бар. Ал көптеген колхозда кинотеатр, мәдениет сарайы, толық жабдықталған аурухана, әйелдер босанатын үй, тігін шеберханасы тағы басқа да колхозшылардың тұрмыс-мәдениетін жақсартатын орындар бар. Кейбір колхоздарда, мысалы, Іле ауданының «Луч Востока», Талдықорған ауданының Сталин атындағы колхоздарында колхозшылардың тұрмысы қала тұрмысынан кем емес. Біз мұнан қала мен деревня арасындағы айырмашылықтың жойылу бағытын аңғарамыз. Бүгінгі ауыл өміріндегі коммунизмнің көзге түсер белгілері де осылар.

Осы зор өзгерістерге сай колхозшы шаруаның табысы да молайды, мал-тұрмысы жақсарды. Мысалы, орта есеппен колхоздағы әрбір үйдің

табысы 1953 жылмен салыстырғанда 1959 жылы 4 есе өсіп, оның жылдық мөлшері 17 мың сомға жақындады. Сөйтіп, колхозшының семьясына молшылық кірді, ауқатты өмірге сай үй тұрмысы да жақсарды.

Қазақстан еңбекшілері туған республикамыздың даңқты 40 жылдық мерекесін лайықты табыстармен қарсы алу үшін, биыл социалистік ауыл шаруашылығының бай мүмкіндіктерін толық пайдалана отырып, астықтың жалпы түсімін бір жарым миллиард пұтқа, қант қызылшасын 1,6 миллион тоннаға, шитті мақтаны 210 мың тоннаға жеткізуге, 700 мың тонна ет, 1 миллион тонна сүт, 86 мың тонна жүн, көптеген қарақөл елтірісін сатуға міндеттеме алып отыр. Биыл Қазақстан дихандары Отанымызға мол астық беру үшін қажырлы күресуде. Мұнымен қатар, ауыл шаруашылығының еңбеккерлері өздерінің алдына ет және мал шаруашылығының басқа өнімдерін өндірудің жетіжылдық жоспарын 5 жылда, 1963 жылы орындауға және қоғамдық малдың санын мықтап арттыруға міндеттеме қабылдады. Осыған сәйкес биылғы жылдың аяғында колхоздар мен совхоздарда іріқара 4 миллионға, оның ішінде сиыр 1,2 миллионға, қой мен ешкі 30,5 миллионға, шошқа 1 175 мыңға, құс 10 миллионға жетеді.

Республикамыздың ауыл-село еңбеккерлері сертін абыроймен орындап, туған республиканың 40 жылдығын тартымды сыйлықпен қарсы алатынына ешбір күмән жоқ.

* *

*

Қырық жыл — өте қысқа мерзім. Бірақ совет қоғамының дамуында, әсіресе тарихи артта қалған қазақ халқының, соның ішінде кедей шаруаның өмірінде осы өткен мерзім ұлы әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістер туғызды. Пролетариат диктатурасы жағдайында ғана Коммунист партиясының басшылығымен миллиондаған еңбекші ұсақ шаруалар бұқарасы дамудың бірден-бір дұрыс жолына — коллективтендіру арқылы социализм жолына түсе алды. Коммунист партиясы меңзеген осы сара жолда олар өзінің ұлы одақтасы жұмысшы табының көмегіне үнемі қол артып отырды, еліміздің дамыған өнеркәсібіне арқа сүйеді. Осындай зор тірегі болмаса, колхозшы шаруалар кәзіргі тарихи табысына жете алмаған болар еді.

Қазақстанда колхоз құрылысының жеңуі нәтижесінде бұрынғы бытыранды, мешеу шаруашылық, енді дүние жүзіндегі ең ірі, жоғарғы дәрежеде механикаландырылған колхоз-совхоз шаруашылығына айналды. Ал, ғасырлар бойы қанаушылардан тепкі жеген, мәдениет пен білімнен, прогресс пен дамудан тыс тұрған қараңғы қазақ шаруалары тек Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін, Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының жеңімпаз туы астында ғана ардагер колхозшы шаруа қатарына еніп, елімізде коммунизм құрушылардың қатарында ерлік көрсетуде.

Халық демократия елдерінде

Вьетнам республикасына 15 жыл

(Август революциясының 15 жылдығына)

Вьетнам халқына бостандық әперген август революциясының жеңісіне биыл 15 жыл толды. Август революциясының тек қана вьетнам халқы үшін емес, сондай-ақ бүкіл дүние жүзіндегі ұлт-азаттық күрес пен коммунистік қозғалыс үшін де үлкен маңызы бар.

Еңбекшілер партиясының және Хо-Ши-мин жолдастың басшылығымен жасалған бұл революция сексен жылға созылған француз отаршылары мен жапон империалистерінің, олардың қолжаулығы болған император Бао Дайдың үстемдігін жойып, қанауда, құлдықта езілген вьетнам халқына бостандық әперді. Соның нәтижесінде 1945 жылы 2 сентябрьде Вьетнам дербес Демократиялық Республика болып жарияланды. Сөйтіп, вьетнам халқы Францияның ғасырлар бойы үстемдік еткен отарлық системасының быт-шытын шығарып, француз отарларының ішінен тұңғыш рет тәуелсіздік алды.

Вьетнам халқының отарлық құлдыққа қарсы күресін әдеттегідей буржуазиялық партия емес, жұмысшы табының, еңбекшілер табының партиясы басқарды. Вьетнам халқы Еңбекшілер партиясының басшылығымен дамудың капиталистік сатысынан аттап өтіп, феодалдық қоғамнан тікелей социализмге көшу жолында өркендеп келеді.

Антиимпериалистік август революциясынан кейінгі тоғыз жыл соғыспен өтсе, қалған уақыты қол жеткен тәуелсіздікті қамтамасыз етуге кетті. Вьетнам халқының өзін билеп-төстеушілерге қарсы соғысы 1946 жылдың 20 декабрінде басталды. Ал соғыс басталғанға дейінгі өткен бір жыл 4 айды бейбіт еңбек жылы болды деп айтуға болмайды. Өйткені француз, ағылшын әскерлері революция жеңгесін 21 күннен кейін, яғни 1945 жылдың 23 сентябрінде елдің оңтүстігіндегі Сайгон қаласына ығысып, өкіметті өз қолына ала бастады. Содан бірте-бірте оңтүстіктегі күріш пен каучук өндіретін аудандарды бағындыра отырып, солтүстікке бас салды. Ал бұл ауданды бұған дейін Одақтастар келісіміне сәйкес гоминдан әскерлері бақылайтын. 1946 жылдың 28 февралінде оларды қайтару туралы келісім жасалды. Іле-ақ француз әскерлері Солтүстікті жаулауға кірісті. Вьетнам Демократиялық Республикасымен жасалған келісім бұзылды. Сондықтан да қарсыласу соғысы алдында халық бейбіт еңбекпен емін-еркін шұғылдана алмады.

Вьетнам халқының бейбіт жағдайда өткен соңғы бес жылы еңбек жемісіне толы. Халық өкіметі соғыс кезінде де талай демократиялық өзгерістер жасап, экономика мен мәдениетті көтеру үшін көптеген жұмыстар істеді. Дегенмен ол жылдар (1946—54) соғыстан кейінгі жылдар сияқты жақсы нәтиже бере алмаған еді.

Тоғыз жылға созылған қарсыласу соғысында қаһарман вьетнам халқы жеңіп шықты. Бір кезде Құбылай ханның әскерін қырып жіберген вьетнам халқы француз билеп-төстеушілерінің де быт-шытын шығарды. 1954 жылдың июль айында Женевада болған кеңес осы жеңістің қорытындысын шығарып, соғыс қимылын тоқтатуға ұйғарды, сөйтіп, Вьетнамның тәуелсіздігін, біртұтастығын мойындады. Кеңестің соңында жарияланған Декларацияда соғысты тоқтату үшін 17 парал-

лелдің оңтүстігінде уақытша жасалған шептің территориялық, не саяси шекара емес екені және 1956 жылдың июль айында халықаралық комиссияның бақылауымен Вьетнамда жалпыға бірдей сайлау өткізіліп, республиканың тәуелсіздігі, біртұтастығы қамтамасыз етілетіні айтылды.

Сондағы келісімге сәйкес француз әскерлері елдің тек оңтүстігінде ғана қалған болатын. Бірақ көп ұзамай келісімге қол қойған француздар тайып тұрды да, олардың орнын американдықтар басты. Міне, осы жайға байланысты Женева келісімі жүзеге аспай, Вьетнам екіге бөлінді.

Оңтүстік Вьетнамды билеген американ отаршылары август революциясының жеңісін аяқ асты қылды. Елдің оңтүстігінде жеке «мемлекет» құрып, оның басына халыққа әбден жиіркенішті болған Нго Динь Дьемді қойды. Елдің тәуелсіздігі мен бас бостандығын, азаттықты аңсағанның бәрі атылды, не тұтқынға алынды. Сөйтіп, Оңтүстік Вьетнам АҚШ-тың соғыс базасына, өтпей жатқан товарларын өткізетін рынокқа айналды. Халықтың тұрмысы адам айтқысыз күйзелді. Сайып келгенде Вьетнам халқының жартысы әлі де құлдықта отыр.

Оңтүстік пен солтүстікті қоса алғанда Вьетнамның жалпы жер көлемі 328 мың шаршы километр, халқы — 29 миллион.

Соғысты тоқтату үшін жасалған уақытша шептің солтүстігіндегі территорияның жер көлемі — 155,9 мың шаршы километр. Оны 15 903 мың адам мекендейді. Оңтүстіктің жер көлемі 172,1 мың шаршы километр, халқы 12 800 мың. Вьетнам Демократиялық Республикасының оңтүстігін американ империалистері басып алып отыр.

Елдің осылайша екіге бөлініп отырғанына қарамастан Вьетнам Демократиялық Республикасының халық шаруашылығын дамытуда не болған көптеген табыстары бар. Республикада 1955 — 1957 жылдары жер реформасы жүргізіліп, халық шаруашылығы қалпына келтірілді. Бейбіт еңбекте өткен үш жыл революцияның жемісті нәтижесін көрсетті, социалистік революцияны бастауға мүмкіндік берді.

1958 жылдан бері вьетнам еңбекшілері халық шаруашылығын дамытудың үшжылдық жоспарын ойдағыдай жүзеге асыруда. Жоспардың негізгі мақсаты — экономика мен мәдениетті социалистік жолға түсіру, сөйтіп, негізінде халықтың тұрмыс-күйін жақсарту, елді біріктіру.

Вьетнам экономикасында социалистік және кооперативтік сектормен қатар жеке меншік секторы да, атап айтқанда, шаруалар мен майдагерлердің, капиталистер мен саудагерлердің, мемлекет пен жеке меншіктілердің аралас секторлары бар. Социализм құру үшін жеке меншік секторларды жойып, социалистік және кооперативтік секторлар құру керек болады. Социализм — тек социалистік өндіріс пен кооперативке бейімделген ауыл шаруашылығына ғана арқа сүйей алады.

Еңбекшілер партиясы Орталық Комитетінің 1958 жылы ноябрьде өткен XIV пленумы мен декабрьде өткен Ұлттық Жиналыстың IX сессиясы экономика мен мәдениеттің барлық саласында түбірлі өзгеріс жасап, елде социализмнің материалдық-техникалық базасын жасауды күн тәртібіне қойды. Ең алдымен елдің ауыл шаруашылығын социалистік жолға салу қолға алынды. Өйткені Вьетнамда ауыл шаруашылығы — экономиканың негізгі саласы.

Аграрлық реформа — социалистік өзгерістер жасауға даңғыл жол ашты. Шаруалар өзара көмек топтарына, жартылай немесе бірыңғай ауылшаруашылық кооперативтеріне ұйымдаса бастады.

Бірлесіп жұмыс істеу август революциясы жеңгенге дейін-ақ азат етілген аймақтарда өріс алған еді. Ал соғыстан кейінгі дәуірде жаңа сатыға көтерілді. 1958 жылдың екінші жартысынан бастап шаруалар кооперативке ұйымдаса бастады. Егер елде 1957 жылдың аяғында тә-

жірибе ретінде ұйымдастырылған 44 ауылшаруашылық кооперативі болса, ал 1958 жылы оның саны 4 967-ге, өткен жылы 28 775-ке жетті. Мұның мыңнан астамы социалистік негізде жұмыс істейді. Елдегі шаруалардың 45,4 проценті кооперативке тартылған. Ауыл шаруашылығын толық коллективтендіру үстіміздегі жылы аяқталмақшы. Ұйымдасқан еңбектің артықшылығы іс жүзінде дәлелденді. Кооператив жеке шаруалармен салыстырғанда өнімді 15—100 процент артық алады.

Коллективтік еңбек жер өңдеудің жаңа әдісін қолдана отырып, тыңайтқышты мол пайдаланып, жаңа техниканы қолдану нәтижесінде өнім алуды әлдеқайда арттырды. Бұрын жылына бір рет күріш егіліп, екі рет өнім алынған жерлер, енді үш рет оғуға келді. Революция жеңісіне дейін тек қана күрішпен күн көрген Вьетнамда бір гектардан алынатын өнім 12 центнерден аспайтын. Кәзір жағдай мүлдем өзгеше. Егер кәзіргі кезде Оңтүстік Вьетнамда күріштің әр гектарынан 12 центнерден өнім алынса, ал Солтүстік Вьетнамда ол 22,85 центнерден келіп отыр. Халық өкіметі орнағанға дейін күріш егуде солтүстік елдің оңтүстігінен әлдеқайда төменгі дәрежеде еді, тіпті ол күрішті оңтүстіктен әкелетін. Кәзір Солтүстік Вьетнам күріш егуде елдің оңтүстігін ғана емес, тіпті Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін де басып озды. Вьетнам Демократиялық Республикасы өткен жылы Индонезиямен салыстырғанда күріштің әр гектарынан 5,85 центнер, Таиландпен салыстырғанда 13,3 центнер, Бирмамен салыстырғанда 14,4 центнер артық алды.

Елдегі демократиялық өзгерістерге сай экономика жақсы дамып келеді. Елдің ең негізгі байлығы күріш өсіру күрт артты. Мысалы, отаршылдар билеген 1939 жылы 2,4 миллион тонна күріш алынса, қарсыласу соғысы аяқталған 1954 жылы 2,6 миллион тонна күріш өндірілді. Ал 1957 жылы аграрлық реформа аяқталғанда күріш өндіру 3,9 миллион тоннаға жетті. Ауыл шаруашылығын кооперативтендірудің нәтижесінде өткен жылы 5,2 миллион тонна күріш жиналды.

Қарсыласу соғысы жылдары техникалық дақыл өсіруге жөнді көңіл бөлінбеді, оған тек халық шаруашылығын қалпына келтіргеннен кейін ғана мән беріле бастады. Сондықтан да мақта, кенеп, қант қоғасы, арахис өндіру 1939 жылғы дәрежеден анағұрлым асып түсті.

1958 — 1960 жылға арналған үшжылдық жоспарда ауыл шаруашылығының әр саласын өркендетуге көңіл бөлінген. Тхань Хоа, Нге Ан және Тхай Бинь аймағында мақта, Қызыл, Ма, Шу өзенінің бойы мен Тхай Бинь аймағында — жүгері, кенеп, қант қоғасы бұдан былай көп егілмек. Фу То, Иен Бай, Тюйен Куанг, Тхай Нгуен, Бак Жианг, Винь Фук аймағында — шәй, лак ағашы мен кофе, темекі өсірілмек. Техникалық дақылдың өнімін көбейтуге Вьет Бак пен Тэй Бактың таулы облысы мен Солтүстік Чунг Бо үлкен үлес қоспақ. Ал Солтүстік-Батыстағы Мок Шау үстіртінде ірі қара өсірілмек.

Ауыл шаруашылығының әр саласын осылайша көтере дамыту жаңадан құрылған мемлекеттік шаруашылықтар мен әскери фермаларға жүктелген. Бұл шаруашылықтар бұрынғы француз отаршылары немденіп келген плантациялар мен тың жерде ұйымдастырылған. Жаңа жерлерді игеру, мемлекеттік шаруашылық құру ісіне жергілікті халықпен қоса елдің оңтүстігінен келген азаматтар да белсене қатысуда. Мысалы, Тхань Хоа қаласынан 60 километр жерде оңтүстіктен келгендер ұйымдастырған «Сао Ванг» (Алтын жұлдыз) атты мемлекеттік шаруашылық бар. Шаруашылық күріш, жүгері, қант қоғасын өсірумен, мал бағумен шұғылданады. Шаруашылық құрылғалы үш жыл өтті. Кәзір мұнда электр станциясы, қант заводы және тапиока өңдейтін фабрика бар. Мұның үстіне қағаз фабрикасы мен күріш тазалайтын завод, емхана мен мектеп үйі салынуда.

Елдегі мемлекеттік шаруашылықтарды ұйымдастыруда әскери бөлімдер шешуші роль атқарады. Бірнеше әскери бөлімдер осындай ша-

руашылықтарды ұйымдастырған. Мысалы, 1954 жылы Дьен Бьен Фудан отаршылардың тас-талқанын шығарған әскери бөлім сол жерге қайта оралып ферма құрды. Бұл мемлекеттік фермаға Совет Одағы мен Румыния тракторлар жіберді. Қытайдан мамандар келді. Бұдан кейін ол жақсы шаруашылыққа айналды.

Кәзіргі кезде мемлекеттік шаруашылықтар мен әскери фермалар көбіне техникалық дақыл өсірумен шұғылданады. Ол 1956 жылы егістік жердің 24 процентін алса, кәзір 62 процентін алады. Сөйтіп, ауыл шаруашылығын әр салалы етіп дамыту міндеті ойдағыдай жүзеге асуда. Мұның үстіне жергілікті жағдайға сай балық аулаушылар мен мал өсірушілердің кооперативтері құрылуда.

Өнеркәсіп саласында да көп өзгеріс болып, талай табысқа қол жетті. Француздар үстемдік еткен жылдары елде небәрі 35 өнеркәсіп орны бар еді, оның экономикадағы үлесі 10-ақ процент болатын. Дүниежүзілік екінші соғыс пен қарсыласу соғысы жылы бұл болмашы өнеркәсіп әбден құлдырады. Қарсыласу соғысы жылдары ұлт-азаттық армиясының қарауында 19 кішігірім майдагерлік кәсіпорны болды. Ал ел жаудан азат етілген соң бұған 10 кәсіпорны қосылды. Бірақ олар жұмыс істемеді. Сондықтан да өнеркәсіптің экономикадағы үлесі 1,5 процентке ғана тең болды.

Соғыстан кейінгі бес жыл ішінде өнеркәсіп қайтадан қалпына келтірілді. Социалистік сектор нығайды. Егер мемлекет қарауына 1955 жылы 17 кәсіпорны қараса, өткен жылы оның саны — 108-ге жетті. Өнеркәсіптің экономикадағы үлесі соғыстың алдындағы дәрежеден 3,7 есе өсті. Вьетнамның жаңа өнеркәсібі станоктар мен жабдықтар, сеялка мен кеме шығара бастады. Ханой механикалық заводы сияқты ірі кәсіпорындар салынды.

Егер 1939 жылы 122,6 миллион киловатт-сағат электр қуаты өндірілсе, өткен жылы 208 миллион киловатт-сағат электр қуаты өндірілді. 1939 жылмен салыстырғанда республикада көмір, фосфат, цемент өндіру бірнеше есе артты. Мата шығару, қант өндіру күрт көтерілді.

Үшжылдық жоспар ойдағыдай орындалып, Вьет Чи ауданы ауыр өнеркәсіп орталығына айналғанда Вьетнам республикасы болат пен шойын қорытып, түрлі машина жасауға кіріседі, өнеркәсіп өнімі әлдеқайда арта түседі. Өнеркәсіптегі социалистік сектор жаңа өнеркәсіп орнын салумен қатар жеке меншіктегі кәсіпорындарды мемлекеттік капитализм жолына түсіру арқылы нығаюда. Мемлекеттік капитализм саясаты 1958 жылдың аяғынан бастап жүзеге асырылып келеді. Осы уақыт ішінде 19 қала мен аймақта барлық кәсіпорынның 52,6 проценті, сауда орынының 41,5 проценті, 165 мәдени мекеме аралас меншікке айналды. Сөйтіп, қанауда келген жұмысшылардың 65 проценті бас бостандығын алды. Майдагерлердің 65 проценті кооперативке тартылды.

Сонымен, антиимпериалистік революцияның социалистік революцияға айналуына орай экономикада социалистік сектор нығая түсті. 1956 жылмен салыстырғанда өткен жылы социалистік секторға қарасты өнеркәсіп өнімі 3,6 есе өсті. Өнеркәсіп өнімінің 80 проценті, бөлшек сауданың 62,5 проценті, көтерме сауданың 88 проценті мемлекеттік сектордың үлесіне тиді. Майдагерлерді кооперативке тарту мен жеке меншіктегі кәсіпорындарды мемлекеттік капитализм жолына түсіру мемлекеттік секторды нығайтты, өнеркәсіпті мықтап көтерді. Соның нәтижесінде ауыл шаруашылығы 1955 жылмен салыстырғанда 1,5 есе, өнеркәсіп 2,17 есе өсті. Бұл Вьетнам республикасы елді индустрияландырудың дұрыс жолына, социализм жолына түсті деген сөз.

Экономиканың социалистік жолмен өркендеуі халықтың тұрмыс-халін жақсартты. Бұрын ылғи төніп тұратын аштық хауіп жойылды. Жұмысшылар мен қызметкерлердің де тұрмысы жақсарды. Биыл олардың

жалақысын 12,4 процент өсіру туралы заң қабылданды. Тұрмыс түзеген шаруалар жаңа үй салып, көлік, саймандар алуда.

Мәдениет саласында да қол жеткен табыс мол. Елде сауатсыздық жойылды. Жұрт жаппай хат танытын болды. Егер елді француздар биеген шақта небәрі 417 мың ғана бала оқитын болса, кәзір елдегі бастауыш, орталау және орта мектептерде 1,5 миллиондай бала оқиды. Ал орта білімді маман даярлайтын мектепте оқитын баланың саны отарлық дәуірдегі 2 013 адамнан 18 300 адамға жетіп отыр.

Бұрынғы Вьетнамда бір жоғары оқу орны болатын, онда 582 студент оқитын. Кәзір елде — университет, медицина, педагогика, политехника, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы — барлығы 6 жоғары оқу орны бар. Оларда 8 123 студент оқиды. Елге қажет маманды кәзір Вьетнамның өзі даярлайды. Вьетнамда 40-тан астам газет пен журнал шығады. Өткен жылы республика баспасынан 17 миллион кітап шығарылды.

Денсаулық сақтау ісі де жақсы жолға қойылған. Ғасырлар бойы халықтың азап шеккен — басыр, безгек, өкпе ауруы сияқты аурулар солық жойылды деуге болады. Елде тазалық пен денсаулық үшін күрес кең етек жайған. Селолық жерлерде дәрігерлік пункттер ашылған, олардың саны кәзір 1,5 мыңнан асады.

Август революциясының вьетнам халқына берген жемісі осындай.

Революцияның елдің ішкі және сыртқы жағдайына да тигізген әсері мол. Оның ең бастысы — біртұтас социалистік системаны нығайту, барлық елмен өзара тиімді қарым-қатынас жасау, елді біріктіру, бейбітшілік орнату саясаты.

Август революциясы жеңгеннен бастап, Вьетнам Демократиялық Республикасы Совет Одағы бастаған социалистік лагерьдің қалтқысыз көмегіне арқа тірейтін болды. Бір ғана Совет Одағы 9 ірі өнеркәсіп орнын салып берді. 1959 жылғы жасалған келісім бойынша Совет Одағы Вьетнамға 100 миллион сом несие берді және бу, су электр станцияларын, көмір шахталарын, политехника институтының үйін салып берді. Биылғы келісім бойынша Совет Одағы тағам жасайтын кәсіпорындар салу үшін Вьетнамға 350 миллион сом қаржы беріп отыр. Мұндай көмекті Вьетнам Демократиялық Республикасына барлық социалистік елдер көрсетеді.

Елдің жартысын басып алған америка империалистері оңтүстік халқын қанаумен қатар елдің солтүстігіне қарсы арандатушылық әрекеттерді күшейтіп, отарлық тәртіпті бүкіл Вьетнамға орнату ойы бар.

Отаршылардың озбырлығына кектенген оңтүстік халқы қолына қару алып, өз бостандығы үшін, елдің бірлігі үшін айбынды күреске шығуда. Солтүстік Вьетнамның социалистік құрылыста қол жеткен тамаша табыстары оларға дем беріп, қажырын қайрауда.

Кәзіргі кезде Вьетнам Демократиялық Республикасының үкіметі Женева келісімі негізінде елді бейбіт жолмен біріктіруді қамтамасыз ету үшін дәйекті күрес жүргізуде. Вьетнам халқының бейбіт еңбектегі тамаша табыстары — осы мақсаттың көп ұзамай орындалатынының сенімді кепілі.

Қазақстан еңбекшілері бүкіл прогресшіл адамзат баласы сықылды вьетнам еңбекшілерін август революциясының 15 жылдық мерекесімен құттықтап, олардың елді біріктіріп, социалистік қоғам құру жолында, халықаралық шиеленісті бәсеңдетіп, дүние жүзінде баянды бейбітшілік орнату жолында табыстан-табысқа жетуіне шын жүректен тілектестік білдіреді.

М. ФАЗЫЛОВ.

Хат және корреспонденция

Үйрек ұшып, қаз қонар...

1957 жыл. Петр Васильевич бірде орталық дүкенге кіріп, бірнеше кітап сатып әкелді. Тоғызыншы класта оқитын қызы Нина әлгі кітаптарға жармаса кетті. Қараса бәрі де құс жайында екен. Бұл кітаптарды неге әкелгеніне түсінбеген Валентина шешей:

— Мұны не қылмақшысың, бізде бірде-бір құс жоқ қой,— деді,

— Құс бүгін болмаса, ертең болады. Көресің, қызың мен екеуіңді құс күттірмесем,— деп Петр Васильевич қалжындап та қойды.

— Мен құсты сондай жақсы көрем папа,— деп Нина үтіктел жатқан көйлегін тастай сала папасының жанына келді.

— Міне, міне, сен қостасаң болғаны, өзім бастаймын. Күні ертең осы Ертістің жағасына «үйрек ұшып, қаз қонатын» болады. Тек істі жедел қолға алу керек,— деп Петр Васильевич қолына жаңағы әкелген кітаптардың бірін алды.

Елімізде құс өсіретін шаруашылықтардың көп екеніне Никитенко жолдас бұрыннан-ақ қанық болатын. Шаруашылықтың бұл саласында ұшан-теңіз табыс көзі жатқаны айтпаса да түсінікті дейтін ол, бұл туралы сөз бола қалғанда. Бірақ суы мол, жері от Ертіс өңіріне орналасқан колхоз бен совхоздың құс өсірумен шұғылданбайтынына, ал басшы орындардың оны ұйымдастырындар деп қозғау салмайтынына таңы бар-ды оның. Мұның да кезі келер деп жүретін ол.

Никитенко құс шаруашылығы жайынан жазылған газет, журналдардағы мақалаларды әрдайым оқып, керекті жерін конспектілеуге дағдыланды. Оның бұрыннан жаздырып алып жүрген «Животноводство», «Свиноводство» журналдарына тағы бір жаңа журнал қосылды. Ол — «Птицеводство» журналы еді. Валентина Васильевна болса «Птицеводство» журналының кезекті саны жетісімен-ақ, «сенің қанатың келді, көкке ұшып кетіп жүр ме?» деп ерін қағыта сөйлейтін. Ал Нина папасы келгенше ол журналдың беттерін ақтарып та үлгіретін.

...Совхоз басшылары бір жылғы жұмыста жеткен қандай табыстар болғаны, орын алған кемшілік, кездескен қиыншылық туралы өзара әңгімелесе келіп, шаруашылықтың болашағына ой тастады.

— Партиямыз аса маңызды міндетті — жан басына шаққанда ауыл шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруде неғұрлым дамыған капиталистік елдерді таяу жылдардың ішінде қуып жетіп, басып озу міндетін қойды. Бұл тарихи программаны совет халқы зор қуанышпен қарсы алды. Ал біздің шаруашылық осыған қандай үлес қосады? — деді партия ұйымының секретары Иван Иванович Лопатенко, — шаруашылықты дамыту үшін ашылмай, кәдеге жаратылмай жатқан қандай қор, мүмкіндік бар бізде?

И. И. Лопатенко жолдастың бұл сөзінен кейін әркім өз пікірін ортаға сала бастады. Бас инженер барлық жұмысты машиналандыру керек, сөйткенде адам күші аз жұмсалады, еңбек өнімділігі еселеп артады деп дәлелдесе, бас агроном егіншілікті мықтап қолға алу керек, әсіресе бақша егісінің көлемін ұлғайтып, қала тұрғындарының қажетін өтеу керек дегенді ұсынды.

— Мұның барлығы дұрыс қой,— деді совхоз директоры Леонид Иванович Селютин.— Бірақ тыңнан бір қор табуға болмас па екен?

Алдымен соны ойластырайықшы, — деп кезек сіздікі дегендей бас зоотехникке бұрылды. Петр Васильевич Никитенко сөзге сараң адам еді. Бірақ Ертістің жағасына «үйрек ұшырып, қаз қондырамын» деп семьясына айтқан сертінің тағдыры осы кабинетте шешіліп қалғандай болды оған. Сондықтан ол бұл мәселеге шешіле кірісті.

— Тың резерв бізде табылады, ол бізде бар да, тек кешендетпей оған дереу кірісу керек, — деп бір түйіп тастады сөзін.

— Ол қандай резерв? — деп отырғандардың барлығы жалма-жан Никитенкоға қарасты.

— Құс шаруашылығы, — деп тоқ етерін бір-ақ айтты бас зоотехник. Кабинетте отырғандар біраз ойланыңқырап қалды. Ойланбасқа да болмаушы еді. Шаруашылықтың бұл саласы совхоз үшін, біріншіден, тосын жаңалық болса, екіншіден, оның қандай келешегі барын кім білсін. Тіпті бұл ұсынысты қабылдай қойғанның өзінде аупартком мен ауаткомдағылар қабыл ала ма? Ал облыс басшылары қандай пікірде?

— Бұл ұсыныс дұрыс қой. Бірақ алдымен ауданға барып, бұл туралы келісу керек шығар деп дүдәмәл айтты біреу.

Бұл ұсынысқа механик Алексей Абрамович Рыбалко қарсы шықты. Оның пікірінше, алып ұшып ауданға жүгірмей-ақ, әуелі совхозда жан-жақты ойластыру керек, көптің талқысына салу керек. Көп талқысы — темір талқы. Темір талқыдан өткен талаптың тамыры тереңге барады, ал тамыры терең жайылған ағаш құрамайды, солмайды, жапырақ жайып, жайқалып өсе береді.

Совхоз басшылары Алексей Абрамовичтің бұл ақылын мақұлдады. Бірақ осыны неден бастау керек? деген сұрақ қойды олар.

— Аб ово! — деді бас агроном, осымен жауап берілген шығар дегендей.

— Ертедегі заманда римдіктер түскі асты жұмырқадан бастап, жеміс-жидекпен аяқтайды екен. Сондықтан олар астың алдын «аб ово» деп жұмыртқадан бастауды дәстүрге айналдырған. Ал біз де солар тәрізді жұмыртқадан бастасақ қайтеді, солай емес пе жолдас агроном, — деп Петр Васильевич бір жымып қойды.

Сонымен әрі кеңесіп, бері кеңесіп бұл мәселені ертең көпшіліктің ортасына салмақшы болып келісті. Көпшілік те бұған қарсы болған жоқ. Қайта бұл ұсынысты күшпен жайып қарсы алды. Әрбір семья шама-шарқына қарай құс жұмыртқасын тапсыруға тілек білдірді. Келесі күні совхоздың партия, комсомол ұйымы мен жұмысшылар комитеті село тұрғындарына үндеу қабылдап, оларды көгілдір ет тыңын игеруге шақырды.

— Тауық жұмыртқасы да керек, бірақ онымен алысқа бармаймыз. Бізге су құсын өсіру қолайлы. Ол үшін тез өсіп жетілетін пекин үйрегі қажет, — деп Петр Васильевич Селютин жолдасқа ескертті. Леонид Иванович бұған қарсылық білдірген жоқ, қайта қолынан келген барлық көмекті жасауға ұмтылды. Бас зоотехник Алтай өлкесіне сапар шегіп, 10 мың жұмыртқа сатып әкелді де, Павлодардағы инкубатор-құс шаруашылығы станциясына табыс етті. Нәтиже жаман емес. Жұмыртқалардың 70 процентінен балапан шығатын болды. Енді оларды өлім-жітімсіз өсіріп, қатарға қосу үшін жылы күрке, мол жем керек. Ал маман мәселесі өз алдына. Инкубаторларға салынған жұмыртқалардан балапан шыққанша Петр Васильевич механик Рыбалко жолдаспен құс қорасын өзірлеуді ұйымдастырып, барлық керек заттармен жабдықтап, жемді қажетінше жеткізіп үлгірді.

Совхоздың дирекциясымен, партия, комсомол ұйымдарымен келісе отырып, Петр Васильевич қазақ қыздарын құс өсіруге тартты. Алды-

мен ол өзі білетін қазақ тілімен құс туралы кітап, газет, журналдарды оқығанын айтып отырды, құсты күтіп, бағудың, жемдеп, суарудың тәжірибесін үйретті. Сөйтіп бұрын кәсіп қылмаған құс шаруашылығын қызы Зурашты ертіп Көкен жеңгей, жұбайын ертіп Қенжебай ағай келді. Олардан өзгелер қалысқан ба, біз де құс өсіреміз деп Мәшу Түсіпбаева, Бәдина Темірәлинова, Бәну Қонақбаева, Бәтей Бейсекеева сияқты қыздар өтініш бере бастады. Ол ол ма, жаңа қозғалыстан мен де орын алмын деп үш баланың анасы Нұркен Тығымбаева да алдыңғы сапта тұрды. Сөйтіп 100 мың құс үшін жорық басталды. Арнаулы жобамыз салынған, әрқайсысының ұзындығы жүз метрден екі қора пайдалануға берілді. Оның ішіндегі барлық жұмыс механикаландырылды, электр желісі тартылды. Құс фермасының жанынан тұрғын үйлер де пайда болды.

Қанша айтқанмен, жергілікті кадрлардың тәжірибесі жоқ еді. Ақ құс шаруашылығын мықтап өркендету үшін өз ісінің инженері керемет Таңдаулы шаруашылықтарға барып, ондаған құс өсірушілердің тәжірибесін үйрену қажет. Совхоздағы құс шаруашылығының келешегі осынша тілейді. Оны орындамаса жақсы бастама жаман атаққа қалдырады, өлтірсе өспейді ол. Мұны алдын-ала ойластырған Никитенко совхоз дирекциясы мен партия ұйымынан еліміздің атақты құс совхозы «Арженкоға» кісі жіберуді өтінді. Олардың шешімі бойынша сол совхозға Анатолий Александрович Мительштет баратын болды.

Анатолий Александровичты Тамбов облысына шығарып саларда Петр Васильевич үлкен тапсырма берді оған.— Біріншіден,— деді совхоз дирекциясы Анатолийге,— бай тәжірибені барынша үйрен, күнделікті көргеніңізді жазып отыр. Озаттықты оқып, тоқып қайт. Біздің жағдайымызда қолдануға болатын жаңалықтарға мұқият бол. Екіншіден, екіншіден,— деді ол қайталап,— жалғыз қайтпа, шамаң келсе бір жақсысын ерте келтір.

— Біріншісіне мақұл деген Анатолий, екінші тапсырманы естігенде қызараңдап, не дерін білмей сасып қалды.

— Саспа, саспа, — деді мұны бірден сезген Петр Васильевич,— сенің не туралы айтып тұрғанымды түсінбей қалдың білем. Мен олардың құс өсіруде тәжірибесі мол бір қызын ала кел деймін. Өзіңе оңай болады мұндағыларға үйретсін ол. Озат тәжірибе — көпке ортақ дегенді білесің бе сен?

Бас зоотехниктің екінші тапсырмасы Анатолий үшін қиын көрінді. Ол жол бойы сан тарапқа ой жүгіртті. Біреуіне үйленсем бе екен? Әйтеуір Петр Васильевичтің айтқанын орындасам болмай ма?! Ал қыз менімен сүйіп, еріп келсе қайтем? Қой, бұл болмайды. Ертең Любаға не бетіммен қараймын. Жоқ, бұл ойдан аулақ болуым керек. Қызды қорламау керек, одан тірі өлген артық,— деп Анатолий бұл жоспарын аяқ астында жоққа шығарды. Поезд Тамбовқа жақындаған сайын Никитенконың «екіншіден», «екіншіден» деп тұрған ескертпесі қайта-қайта естілгенде болады оның құлағына.

Қазақтың ақын қызы Майраның:

Кереку үлкен қала, ұзын көше,
Мен болдым ол қалада әлде неше,—

деп салған әнімен бастап Павлодарымды, оған іргелес орналасқан совхозымды мақтасам ба деген ой келді жігітке. Неге оларды мақтамасқа соңғы үш-төрт жылда салынған алып құрылыстар, көркейген көшелер мен көрікті үйлер — өскен халық, өзгерген өмір айтуға неге тұрмасын? Тек келістіріп айта біл! Ал оның келешегі қандай? Мұны өз қолымен жасасын келетін қыз, деп Анатолий чемоданын ұстап вагоннан түсті.

... Үш айдан соң Анатолий еліне оралды. Коллектив оны зор қолдаумен қарсы алды. Себебі Анатолий бері шығарда совхоздың бас зоотехнигі атына телеграмма беріп, өзінің жалғыз емес екенін алдын-ала ескерткен-ді. Анатолий келгенде Петр Васильевич:

— Жарайсың жігітім, екеуміз де сертте тұрдық, қораң дайын, құсың міне, көмекшілерің өне,— деп Анатолийді құс фермасының бригадирі етіп тағайындады.

Аласа бойлы, толықша келген сары қызға барлық жағдай жасалды. Үй де берілді, үйрек те берілді. Көп кешікпей тәжірибелі қыздың есімі аудан, облыс, республика көлеміне дейін жайылды. Москва, Алматыға талай барып, ұлы жиындардың ортасынан орын да алды. Ол «Арженкодағы» тәжірибесін павлодарлық құрбыларына қажымай-талмай үйретіп коллективтің құрметіне бөлене бастады. Петр Васильевич жас қыздың қажырлы еңбегіне бек сүйсінді. Тағы да осындай екі-үш қыз болар ма еді шіркін, совхозды құс фабрикасына айналдыру үшін осындай елгезек адамдар керек-ау,— деп іштей есептеп жүрді. Бір-ақ оларды кім шақырады? Көпті көрген Никитенко жолдас бұған да амалын тапты. Ол бастауыш партия ұйымының секретары мен директордың атынан Самсонованың шешесіне хат жазды да кеңсеге алып келді. Хатта былай деп жазылыпты: «Александрадай қыз өсіріп, өмірге аттандырғаныңыз үшін сізге көп рахмет! Қызыңыз нағыз еңбек адамы, ал мұндай қыздар әрқашан да ел құрметіне бөленеді. Қызыңыз кәзір құс өсіруші болып істейді, совхоздың мақтанышы болып алды. Мынау кішкентай сыйлықты біздің атымыздан қадір тұтыңыз. Қош. Сау-сәлемет болып, ұзақ жылдар өмір сүріңіз. Бізге қонаққа келіп қайтыңыз».

Бұл хатты оқыған парторг пен директор Петр Васильевичтен себебін сұраудың орнына, дереу посылка ұйымдастыруды қолға алды. Ал зоотехник тіс жарып, ештеңе дей қойған жоқ. Көп ұзамай совхоздың кеңсесіне Александраның анасынан алғыс айтылған хат та келіп жетті. Оның артынан іле-шала тамбовтық Александра Антонова мен Алла Поченикина автобустан түсті. Бұлардың үн-түнсіз жетіп келгеніне түсінбеген парторг пен директор біріне бірі жалтақ-жалтақ қарай берді. Екі қыз директорға комсомолдық жолдамаларын ұсынды. Онда тура құс шаруашылығына барады деп атап көрсетілген.

— Бізде құс шаруашылығы барын қайдан білдіңіздер? — деп парторг сұрақ қойды. Бұл сұраққа қыздар ештеңе деместен қалтасынан бір қағазды алып, тағы да ұсынды. Қараса кәдімгі газет. Онда Александраның шешесіне жіберілген хат жарияланыпты. Аяғында парторг пен директордың фамилиялары тұрғанын көрді.

Никитенконың тек қана жаңаның жаршысы, өз ісінің шебері ғана екеніне, сонымен қатар оның келешекті күні бұрын ойластырып іс істей алатынына, тамаша ұйымдастырушы екеніне Леонид Иванович пен Иван Ивановичтің көзі әбден жеткендей.

— Биыл 100 мың құс өсіруге сөз беріп еді біздің коллектив,— деп бастады өзінің баяндамасын совхоздың директоры Селютин жолдас.— Қыл аяғының қорытындысында совхоздың құс өсірушілері республикаға еңбегі сіңген бас зоотехник Никитенко жолдастың басшылығымен бұл міндеттемені абыроймен орындап шықты. Атап айтқанда: екі мың құс артық өсірілді. Бұл елеулі табыс өздігінен келген жоқ. Бұл үшін Петр Васильевичке үлкен қарыздармыз, әзірше мынау алтын сағатты сыйға тартамыз. Құрметті Петр Васильевичке сіздердің аттарыңыздан алғыс айтуға рұқсат етіңіздер, дегенде залдағылар ду қол шапалақтады. Бұл қадірмен маманға көрсетілген зор құрметтің белгісі еді. Совхоз тек қана құс шаруашылығының өзінен 880 мың сом табыс келтірді. Ал ет 1958 жылмен салыстырғанда үш есе артық тапсырылды.

Совхоздың коллективі жетіжылдықтың екінші жылының табалдырығын аттағанда өздерінің мүмкіндіктері мен қорларын қайта қарастырып, көтеріңкі міндеттеме қабылдады. Олар биыл Ленин орденді Павлодар облысының 66 мың тонна ет тапсырамыз деген сертіне ұласып, елеулі әлес қоспақшы. Яғни олардың нысанасы — 8 100 центнер, оның ішінде

5 200 центнер құс етін тапсыру. Ол үшін совхоздың құс өсірушілері биыл 250 мың құс өсіріп, етке өткізбекші.

Шәуке құмының етегін ала мекендеген совхоздың құс фермасы кішігірім қалашыққа айналған. Маңайы тормен қоршалған күмістей суды бетінде қара құрымдай балапан жүзіп жүргенін көресіз.

— Бұлар менің қолымнан шыққан биылғы жылдың алғашқы балапандары, — деп мақтан етеді Хамиза Балақанова.

— Әзірше бұлардан шығын бергенім жоқ, кәзір әрқайсысының салмағы етке тапсыруға жетіп те қалды, — деп Тереза Гизнер құрбысы Хамизаға қарап қояды.

Әрқайсысына 7—8 мыңнан балапан сиятын үлкен үш қораның ішін кірсеніз шиық-шиық еткен үйрек балапандары көз тұндырады. Мұнда орт есеппен алғанда күніне үш мың балапан қосылады. Инкубатордан шыққан балапандар 7—8 күндей совхоз орталығындағы қорада күтіледі. Көз ашып, аяғын жаңа ғана қалт-құлт басып келе жатқан балапандарды тағдыры жас қыздардың қолына тиген. Қора үш секцияға бөлінген. Ә секцияның адамы өзара социалистік жарыста. Жарыстың шарты инкубатордан алынған балапандарды дін аман сақтап, ересек балапандарды күтетін бригадаға тапсыру. Қызыл шақа балапандар күніне алты рет азық тандырылады, үш рет олардың асты құрғатылып, жем жейтін ыдыстары жуылады. Әлжуаз балапандарға түнгі кезекші әлсін-әлсін бақылау жасап тамақ беріп отырады. Кәзір үш секцияда 20 мыңнан астам балапан бар.

Совхоздың орталығындағы «Универсал — 45» екі инкубаторы құ фабрикасының жүрегі тәрізді. Онда 80 мың жұмыртқа бар. Соның 70 мыңынан балапан шыққанда шаруашылық күні ертең 1 400 центнер арзан құс етін тапсырады екен. Бірақ шаруашылық мұны місе тұтып отырған жоқ. Ол Павлодардағы инкубатор-құс шаруашылығы станциясына күніне 2—3 мың жұмыртқа жеткізіп, мың-мыңдай балапан алып отырады. Олай етпеске де болмайды. Себебі, аудан тапсыратын бір миллион құстың төрттен бірін дәл осы совхоз өндіруге тиіс. Бас зоотехник Никитенко жолдас мынадай есеп жасапты: июнь айында етке 30 мың құс (600 центнер), үшінші тоқсанда 175 мың құс (3 500 центнер), төртінші тоқсанда 45 мың құс (900 центнер ет) тапсыру. Бұл әр үйректің тірідей салмағы, орта есеппен екі килограмнан алғанда ғана. Ал 2,5—3 килограмнан тартатын үйректер тағы бар. Ол ол ма, резерв қайда? Қаз бен тауық өз алдына емес пе?!

— Резервті есептеп отырғанымыз жоқ, — дейді Александра Самсонова. — Бас зоотехниктің осы есебі дұрыс. Міндеттемені тек қана үйректің өзімен орындаймыз. Ал резервіміз аудан алған міндеттемеге қосқан үлесіміз болмақ.

Александраның сөзі ақиқат. Оның бір өзі биыл 25 мың үйрек өсіріп, қарауындағы әр ұя басардан 81 жұмыртқадан жинауға міндеттеме алып отыр. Бұл берілген серт берік сақталуда. Тамбовтық Александра майдың жиырмасына дейін әр үйректен 44 жұмыртқадан алды. Одан одессалық Вера Литвиненко да қалысар емес. Александра мен Вераның қажырлы еңбегі осындағы қай қыздың болса да ортақ ісі. Бәрінің де өзіне тиіс үлесі бар. Мақсат — сеніп тапсырған жұмысты абыроймен орындау. Жас қыздардың таң сәріден тұрып, ересен қимылмен жұмысқа кіріскенін, көл жиегінде жүзген үйректерді, ферма маңайындағы көз тұндырған балапанды көріп тұрып, замандастардың алған міндеттемесі аздау да деп ойлап қалуыңыз да мүмкін. Бірақ 250 мың құс өсіру де оңай емес ау деген қорытындыға келесіз.

А. Мителыштет, А. Самсонова, Н. Тығынбаева, А. Антонова, Қ. Омаров, Б. Бейсекеева, Л. Қалашникова, А. Ярополова тәрізді еңбек саңлақтарының Никитенкодай «капитаны» тұрғанда биыл да сертінен шығатынына күмән жоқ. Оған үстіміздегі жылдың алғашқы нәтижесі куә.

Баспасөзге шолу

Аудандық газеттердің өзекті тақырыбы

Республика ауыл шаруашылығының еңбеккерлері жетіжылдықтың екінші жылына арнап жоғары міндеттемелер қабылдады. Кәзір біздің егіншілеріміз бен малшыларымыз Қазақ ССР-інің даңқты қырық жылдық мерекесі қарсаңында социалистік жарыс туын жоғары көтере түсіп, берген сертінде берік тұру үшін күресуде.

Әрбір облыстың, әрбір ауданның, ондағы әрбір колхоз бен совхоздың өз мүмкіндіктерін, резервтерін ескере отырып, қабылдаған социалистік міндеттемелері бар. Міне осы міндеттемелер қай ауданда қалай орындалып келе жатқанын, еңбекшілердің бүгінгі еңбегі мен табысын, қандай кемшіліктер бар екенін және оларды түзету үшін нендей шаралар қолданылып отырғанын білуге құмартамыз. Сөйтеміз де аудандық газеттердің бетін аударамыз. Өйткені, аудандық газеттерді — аудан өмірінің айнасы деп білеміз. Осы ой, осындай үмітпен біз Павлодар облысындағы Баянауыл аудандық «Ленин туы» және Қостанай облысындағы Жанкелдин аудандық «Социалистік ауыл» газеттерінің июль айының ортасына дейінгі номерлерін қарап шықтық.

«Ленин туы» газетінің (редакторы Р. Сыздықов жолдас) алғашқы айлардағы номерлерінде аудан еңбекшілерінің биылғы нысанасын, сол межеге жету жолындағы күресін, сонымен бірге жеке шаруашылықтарда міндеттемені орындауға кедергі болып отырған кемшіліктерді көрсетуге арналған хат-хабарлар жиірек кездеседі. Бұлардың ішінде өзінің мазмұны мен мақсаттылығы жағынан көңілдегідей шыққан, нысанаға дәл тиіп тұрған материалдар да бар. Газеттің бұл кездегі сандарынан Партияның ХХІ съезі атындағы совхоздың партия ұйымының секретары А. Жүсіповтың, Шадыра совхозының тракторшылары С. Мысалов пен К. Ақаевтың, Баянауыл совхозының малшылары Б. Кәрімов пен М. Күзембаевтың, осы совхоздың бөлімше зоотехнигі С. Сапабековтың, Алексеевка совхозының шопаны Ж. Құйқабаевтың және басқа еңбек озаттары мен шаруашылық басшыларының мақалаларын оқимыз. Бұлар өздерінің еңбектегі табыстарын, алдағы жоба-жоспарларын баяндайды.

Еңбек адамдары газет арқылы шаруашылық басшыларына қояр талап-тілектерін де білдіреді. Мысалы, Жосалы совхозының шопандары Нұрахметов, Жанкелдин, Әбікеев, Ахметов, Баянауыл совхозының малшылары Түсіпбаев пен Ташмағамбетов, «Қисықөзек» учаскесінің малшысы Исабаев және басқалары малшыларға мәдени-тұрмыстық жағынан қамқорлық жасау, малдың бағым-күтімін жақсарту шараларын ойластырмаған шаруашылық басшылары мен мамандарын сынайды. Сондай-ақ газеттің «Александровкадағы төзгісіз жағдай», Баянауыл совхозының механизаторлары А. Гринченко мен З. Бәдірединов, агроном Г. Зарицкий, газеттің меншікті тілшісі Н. Харисов қатысқан рейдбригаданың «Мүмкіндіктер толық пайдаланылмай отыр» деген материалдары көп назар аударады.

Газет көктемгі егіс басталған кезде «Биыл 5 миллион пұт астық өндіру үшін күресейік!» және одан сәл кейініректе «Биыл 48 500 центнер

ет өндірейік!» деген рубрикалар беріп, аудан еңбекшілерінің назарын алда тұрған нақты міндеттерге тікелей аудара бастады. Осы кезде да газет бетінен партия қызметкерлерінің, озат малшылардың сөздері көрініп қалып отырды.

Не пайда, газет редакциясы өзінің осы жақсы бастамасын ақырына дейін жеткізбеді. Бұл рубрикалар тек ұсақ-түйек хабарлардың цифрлық мәліметтердің басын біріктіруші ролін атқарудан аспады. Газет белгіленген нысанаға қалай еткенде жетуге болатынын, қай шаруашылықта қандай мүмкіндіктер бар екенін және олар қалай пайдаланылып отырғанын көрсететін мақала, хабарларды жарияламайтын болып кетті. Ал енді бір аз уақыт өткесін жоғарыдағы рубрикалар мүлдем көрінбей, ұмыт болды.

Бір кезде газет бетінде сөйлеп, өздерінің алдағы ойлары мен жаңа міндеттемелері жайында айтқан шаруашылық басшылары мен озаттардың кейінгі жұмысын, табысқа жету тәжірибесін көрсететін материалдарды газет оқушыларының үміттеніп күтуі заңды. Бірақ, редакция оларға қайта бір оралып, міндеттемелердің орындалу барысын баяндайтын мақалалар жариялауды ойластырмаған.

Март айының басында аудандық партия комитеті мен атқару комитеті мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру жөніндегі социалистік міндеттемелердің орындалу барысын ұдайы бақылап отыратын аудандық жұртшылық комиссиясын құру жөнінде қаулы алды. Бұл қаулы, комиссия мүшелерінің құрамы және комиссияның міндеті белгіленген ереже аудандық газетте жарияланды да. Бірақ істің бұдан кейінгі тағдыры газет оқушыларына белгісіз болып қалды. «Комиссия жұмыс істеді ме, қалай істеді, оның жұмысының нәтижелері қандай?» деген сұраулардың жауабы газет бетінен табылмайды.

Біз білетін Жанкелдин ауданы — республикадағы малшаруашылықты аудандардың бірі. Олай болса, аудандық газеттің де басты бағыты, жазар тақырыбы осы сала болуы керек. «Социалистік ауыл» газетінің редакциясы (редакторы Б. Ералин жолдас) газеттің осы бағытта шығуын түсінетін сияқты. Бұлай дейтініміз, газеттің көп сандарына мал шаруашылығының мәселелеріне арналған материалдар түспейді. Бірақ, мәселе материалдың санында емес, сапасында ғой. Міне, редакция дәл осы бағытты үнемі берік ұстап отыра алмайды. Сондықтан газетті қарап отырып, аудан мал шаруашылығының өркендеу бағдарына, яғни қай сала басым дамытылып, мал өнімдерінің қай түрін көп өндіруге күш жұмсалуды керектігін білу қиын. Аудан мал шаруашылығын өркендетудің мүмкіндіктері егжей-тегжейлі баяндалған, бұл мүмкіндіктердің қай шаруашылықта қалай пайдаланылатынын көрсететін фермаларды механикаландыру, мал шаруашылығы қажетіне жер мен су байлығын пайдалану мәселелеріне арналған байыпты, кең алымды мақалалар атымен жоқ.

Ең басты кемшілік — газет аудан еңбекшілерінің күш-жігерін белгілі бір нақты нысанаға, айқын мақсатқа бағыттап отырмайды. Аудан еңбекшілерінің мал шаруашылығы мен егіншілік жөніндегі биылғы міндеттемесі қандай екенін бірден-ақ көзге көрсетіп, назар аударып тұратын тартымды рубрикалар, тақырыптар жоқ. Газет аудан еңбекшілерінің жалпы міндеттемесін, сондай-ақ бірнеше шаруашылықтың жеке-жеке міндеттемелерін жариялады. Сөйтті де, өз ісін осымен тындырды. Бұл міндеттемелер қай жерде қалай орындалып жатқанын тайғақ таңба басқандай етіп көрсететін мақала, хабарлар жарияланбады.

Мал шаруашылығына арналған бірен-саран беттер мен жеке бөлімдер нысанаға дәл тиіп жатпайды. Олар тек қана хабар-ошарлар болып келеді. Осындай беттер мен бөлімдерді қарағанда шопан мен бақташы, сауыншы жайында қызықты, мазмұнды, әсерлі жазылған бірде-бір материал оқи алмайсыз. Озаттар жайында жарияланған азын-аулақ ма-

териалдарда адам еңбегі мен ойы, озаттардың жұмыс тәжірибесі мен әдісі ашылмайды. Бұлардың орнын жалаң цифрлар, қосалқы жайлар, жалпылама суреттеу басып тұрады. Мысалы, 10 февральда шыққан «Шопанның үйлену тойы», 23-февральдағы «Тағы да кешегі бір күнгі жесір Көшен туралы», 2 апрельдегі «Бақташы» деген материалдар дәл осы дәрежеде жазылған. Бұлардың әрбіреуі газеттің бір-бір бетін алып жатқан көлемі көлдей болса да нақты еңбек суретін бермейді.

Газеттің жарты жылдан астам уақыт ішіндегі сандарында небәрі оншақты ғана қатардағы еңбек адамының сөзі жарияланған. Бәрінің де көлемі 15—20 жолдан аспайды. Олардың да көпшілігі белгілі бір мерекеге, қаулы-қарарға үн қосу тұрғысында ғана берілген. Соның өзінде де бұлардың бір-бірінен ешбір айырмашылығы жоқ. Әрбір еңбек адамының өзіндік ойы, тәжірибесі жоқ. Сірә, редакция қызметкерлері автор мақаласын ұйымдастырудың теріс әдісін қолданып, олар үшін өздері жаза берген болулары керек. Сондықтан да мұндай материалдардың тақырыбы, бүкіл құрылымы бір қолдан шыққандай. Айырмашылығы шаруашылықтарының аттары мен цифрларында және авторларының аттарында ғана.

Газет материалдарының аудан еңбекшілерін алда тұрған міндеттерді, ең алдымен басты бағыт болып табылатын мал шаруашылығын өркендету саласындағы міндеттерді орындауға жұмылдырушылық, жігерлендірушілік күші аз. Алынған міндеттемелерді жақсы орындаушылардың табысқа жету жолдары, қандай мүмкіндіктерге сүйенгені, сондай-ақ жарыста артта қалушылардың неге көңіл бөлмейтіні ашық көрінбейді.

Газет өзінің ұйымдастырушылық ролін атқара алмай отыр. Оның бетінде шопандар, сауыншылар өздерінің ойын ортаға салып, газет арқылы бір-бірімен сөйлесіп, тәжірибе ауысып тұрмайды. Сондай-ақ бірін-бірі өзара социалистік жарысқа шақырған озаттарды да кездестірмейміз.

Газетте мал шаруашылығына байланысты жеке колхоздардағы кемшіліктерді көрсетуге арналған мақалалар жоқтың қасы. Тіпті, дәл санап айтқанда, жарты жылдан астам уақыт ішінде мал шаруашылығы жөнінде небәрі үш-төрт қана сын мақала жарияланған. Бұлардың өзі де өте үстірт. Осы уақыт ішінде сол сын мақалалардың ешқайсысынан тиісті қорытынды шығарылып, оның дабылы берілмеген. Мұның мәнісі газет сыны нақты емес, көп сөзділік басым. Кемшілік дәл көрсетілмейді, олардың орын алу себептері, кемшілік кімнің кінәсінен болып отырғаны айтылмайды. Сын алыстан орағытады да, тап басып тұрмайды. Ал адрессіз сын жалтақ та, жасық та. «Шөп шабудың кемшіліктері неде» деген (16 июнь) заметканың қай совхоз жайында екені де белгісіз. Ал 8 июньдегі «Шилідегілер шөп шапмай ма?» деген материалдың үштен бірі жалпылама сөз, қалған жағы кілең цифрлардың тізбегі. Бар болғаны: «Бұл жерде совхоз басшыларын да кінәлау керек. Негізгі шөпті шаптыратын солар ғой. Сондықтан қолда бар техниканы тез арада жөндеуді ұйымдастырып, оны іске қосу жағын қарастыру керек болар» деген сияқты сүйей салды сөздермен тынған.

Әсіресе, газеттің бас мақалалары тым ұшқары жазылады. Бұлардың қойылған тақырыбына ішкі мазмұны сай болмайды. Кейбір бас мақалалардың атына қарап «Редакция социалистік міндеттемелердің орындалуы жайында жазған екен ғой» деп қаласыз. Оқи келе оның жалпылама, сырдан сөзбен жазылғанына қатты ренжисіз. Әдетте көп бас мақалалардың алғашқы үш-төрт абзацы, тіпті бірінші бағанасы түлдей дерлік жалпылама сөз болып келеді. Бұдан кейін шаруашылықтардың аты тізбектеледі. Соның өзінде кемшілікке кінәлі болып отырған шаруашылық басшыларының аты аталғандары бірен-саран ғана.

Қай бас мақалада болсын «Қолхоз, совхоз басшылары олай етуге міндетті, былай етулері керек» деген сияқты бұйрық сөздер көп. Кейбір мысалдар келтірейік. 3 февральда берілген бас мақала «Міндеттеме ала білгенсін, оны орындай да білейік» деп аталған. Дұрыс-ақ. Бірақ, осы мақалада қай шаруашылықтың қандай міндеттеме алғаны, кәзір оны қалай орындап отырғаны жөнінде бірауыз сөз болсайшы, немесе бір малшының аты аталсайшы. Ал жалпылама сөз жетерлік-ақ. «Міндеттемемізді мерзімінен бұрын орындайық» (21 май), «Әрбір төл аман сақталсын» (9 февраль), «Көктемгі қой қырқуға тыңғылықты әзірлейік» деген және басқа да бас мақалалар осы сарынмен жазылған.

Міне, «Социалистік ауыл» газетінің аудан экономикасының басты бағыты — мал шаруашылығы мәселелерін жазу дәрежесі осындай. Жинақтап айтқанда, газет редакциясы бұл саланың түбегейлі мәселелерін жөнді көтере алмай, басты бағытты берік ұстап, жүйелі және тартымды, мазмұнды етіп жаза алмай келеді.

Газет кімге сүйенеді, яғни оның тірегі кім? Жоғарыда біз газетте еңбек адамдарының аз сөйлейтінін айтқанбыз. Газеттің негізгі авторлар активі өте шағын. Оның шаруашылықтарда құрылған арнаулы тілшілер қостары жоқ. Егер бар болса, осыншама уақыт ішінде олардың ең болмаса бірер материалы жарияланар еді ғой. Газет негізінен белгілі бір автордың және редакция қызметкерлерінің хат-хабарларымен шығып тұрады. Мәселен, Н. Бектемісов, К. Мұқатов, Қ. Жапаров, М. Талапов, М. Аймақов, Ж. Жүнісов, М. Жарқынов тағы осылар сияқты авторлардың мақалалары номер сайын дерлік, кейде бір номердің өзінде қос-қосынан жарияланады. Бұл аталғандардың бірсыпырасы газет қызметкерлері болса, енді бірқатары мектеп оқушылары.

Екі газетке де ортақ мынадай кемшіліктерді айта кету қажет. Бұлардың екеуінде де материалдар көп ретте өте ұзақ жазылады. Тіпті, кейбір материалдар бір номерден екінші, одан үшінші номерге ауысады. Ал мұның өзі аудан өмірінің өзекті мәселелерін кең қамтып отыруға нұқсан келтіретіні сөзсіз.

Аудандық газеттер социалистік міндеттемелердің орындалу барысын үзбей және мазмұнды етіп жазып отыруы керек. Өйткені бұл—біздің баспасөздің бүгінгі таңдағы өзекті тақырыбы.



Сын және библиография

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы документтер

XX ғасырдың дәл қарсаңында Россия империализм дәуіріне жетті және ленинизмнің отанына айналды. Ұлы Ленин сүйікті большевиктер партиясын құрды. Тек большевиктер партиясы ғана жұмысшы табының, барлық езілген еңбекшілердің мүддесін көкседі, оларды патша үкіметінің, помещиктердің, капиталистердің, бай-манаптардың зорлық-зомбылығына, қанауына қарсы саяси күреске бастады.

Марксизм-ленинизм туы астында 1905—1907 жылдары Россияда патша үкіметіне қарсы орыс жұмысшыларының бастауымен, даңқты большевиктер партиясының басшылығымен халықтық революциялық қозғалыс болды. Бұл қозғалыс патшалық Россияның барлық ұлт аймақтарын қамтыды, бұқара халық оған ат салысты.

Бірінші орыс революциясы бүкіл еңбекші халықтың, ғасырлар бойы патша үкіметінің, бай-манаптардың, тағы басқа қанаушы таптардың текпісінде езіліп келген Россия ұлт аймақтарының бұқара халықтарының, олардың ішінде қазақ халқының көзін ашты, саяси сезімін оятты.

Революциялық қимылды басқаннан кейін патша үкіметі халыққа қысымды күшейтті, шабуылға шықты. СССР халықтарының тарихында, КПСС тарихында 1907—1910 жылдар арасы реакция жылдары делінеді. Осы қиын-қыстау кезеңде де большевиктер партиясы революциялық қызметті тоқтатпады, оны жұмысшылардың, шаруалардың, бүкіл еңбекші халықтың арасында үдете берді, ұлт аймақтарында да революциялық жұмыс жүргізді. Бірінші империалистік соғыс қарсаңында Россияда революциялық қозғалыс тағы да өріс алды.

Патша үкіметі өзінің реакцияшыл саясатын, шет аймақтарда — отарлау саясатын, әсіресе жер жүзілік бірінші империалистік соғыс тұсында бұрынғыдан күшейте түсті. Орта Азия халықтарынан, қазақ халқынан патша үкіметі тек соғыс қорына азық-түлік, ат-көлік, тағы басқа шығын жинап қойған жоқ, жергілікті ұлтты қора-қолсыларынан мидай дала, тақыр шөлге көшіріп, шұрайлы жерлерін «отарлау қорына» басып алды. Қазақстанда ғана 1916 жылдың жазғы айларына дейін патша үкіметі «отарлау қорына» деп жергілікті халықтың 20 миллионнан аса десятина шұрайлы жерін тартып алды. «Отарлау қорына» деп алған ең шұрайлы жерді патша үкіметі алдымен дворяндарға, ірі капиталистерге, офицерлерге, белгілі чиновниктерге үлестірді. Мысалы, Верный (Алматы) қаласының полиция бастығы Поротиковқа 10 000 десятина ең шұрайлы жерді кесіп бергені мәлім. Бұған жергілікті бұқара халықтың күн сайын зығыры қайнай түсті.

Сөйтіп, Орта Азия мен Қазақстанда 1916 жылы басталған халық-азаттық көтерілісінің негізгі себептері — жергілікті халықтардың тұрмыс халінің нашарлауы, күйзелуі, отарлық және саяси қысымның, тепкінің, қанаудың күшеюі. Мұнымен қатар орыс жұмысшылары мен езілген шаруаларының күн сайын жалын атып, лаулай түскен револю-

циялық қозғалысы ұлт аймақтарына, оның ішінде Орта Азия мен Қазақстанда халық-азаттық көтерілісінің басталуына әсерін тигізді, бұл оқиғаның себептердің бірі болды.

Осы халық-азаттық көтерілісі жайында СССР Ғылым Академиясының баспасы жуырда документтер жинағын¹ шығарды. Жинақ СССР Ғылым Академиясының тарих институты мен Орта Азия Советтік Социалистік Республикалары Ғылым академияларының тарих институттары, Қазақ ССР Ғылым Академиясының тарих институты бірігіп құрастырған. Ол 10 тараудан құралған.

Кітаптың бірінші тарауы Орта Азия, Сибирь, Кавказ халықтары тылдағы әскер жұмысына алу жөніндегі 1916 жылы 25 июньде шыққан патша жарлығы мен оны іске асыру жөнінде жергілікті орындар берілген (көпшілігі генерал-губернаторлардың нұсқаулары мен бұйрықтары) небәрі 34 мәліметтен тұрады. Осы деректерден «Июнь жарлығын» жүзеге асыруға патша үкіметінің, оның жергілікті отарлаушы орындарының әртүрлі әдіс-айламен жанталаса кіріскені байқалады. Патша әкімдері бір жағынан қарулы күшке сенсе, екінші жағынан жергілікті байларға, манаптарға, молдаларға, олардың итаршыларға, байшыл-ұлтшылдарға сүйенген. Демек, олар «Июнь жарлығын» жария етумен қабат, жер-жерде ірі бай-манаптарды жинап, мәжілістер өткізеді, бұл мәжілістерге болыстар, ірі манаптар, билер, ишан-молдалар, байшыл-ұлтшыл «зиялылар» қатысады, пікір алысып, өзара келісімге де келгендей болады, өзара одақ құруға пәтуаласады.

Патша үкіметінің келісімі бойынша, отарлаушы орындар ірі бай-манаптарды, төре тұқымынан шыққандарды, тізімдегі молдаларды, байшыл-ұлтшыл «зиялыларды» тағы басқа солар сияқты қанаушы таптан шыққан «мырзаларды» тылдағы әскер жұмысына алудан сатады. Бұл жөнде жинақтың осы тарауында нақты деректер жеткізіліп отыр. Сондай-ақ патша жарлығына қарсы жер-жерде халық қозғалысы басталғаны, оған қарсы патша үкіметінің түрлі шаралар қолданғаны жөнінде де мәліметтер көп.

Жинақтың бірінші тарауы бүкіл Орта Азияда, яғни Түркстан өлкесінде халық-азаттық көтерілістің басталуы, оның алғашқы барысы жөнінде жалпы қорытпа деректерді қамтиды. Жарияланған документтерден Түркстан өлкесінің барлық түкпірінде патша жарлығына қарсы көтерілісшілер тобының шоғырланып ұйымдаса бергенін, июль айының бас кезінен-ақ жергілікті отарлаушы орындарға қарсылық көрсете бастағанын оқимыз.

Көтеріліс Орта Азия мен Қазақстанда бір мерзімде қатар басталғаны белгілі. Самарқанд облысы, Ходжент (қазіргі Ленинобад) қаласында көтеріліс 4 июль күні басталды. Мындаған қала халық қаптап келіп, полиция мекемесін қамап алды да, майдан жұмысына барудан бас тартты, сөйтіп тегеуірін көрсетті. Полиция мен жай халықтың арасында жанжал басталды, полиция қару жұмсап, соның нәтижесінде бірнеше кісі қаза тапты, бірнешесі жарақаттанды. Бұл оқиғалары оқиға қыстақтан-қыстаққа естілді, жер-жерде дереу көтерілісшілер тобы шоғырланып, ұйымдаса бастады.

Жергілікті отарлаушы орындар да қарап жатпай, қолдарын жеткізгенше шара қолданып бақты. Олар болыстарды, старшиналарды, онбасыларды, елубасыларды жинап, мәжілістер өткізген болды, деректер әскер жұмысына шақырылатындардың тізімдерін жасауға кірісіп отыр. Бұндай шаралар бүкіл Түркстан өлкесі мен қазақ сахарасында тегеуіріннен жүргізілді. Ал көтерілісшілер бұған ызаланып, қаһарына мін

¹ Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс. Документтер жинағы. Редакция коллегиясы: А. В. Пясковский (жауапты редактор), Т. Елеуов, А. Г. Зиньков, О. К. Кулиев, Х. Т. Тұрсынов. СССР Ғылым Академиясының баспасы, Москва, 1960.

Архивтерде сақталған деректерге қарағанда, патша жарлығымен-ақ казак, қырғыз ауылдарында көтерілісшілер тобы құралады. Олар ең алдымен патша әкімдеріне, болыстарға, ауылнайларға, ірі байларға, манаптарға кәрін тікті.

Кендерде, темір жол бойында, түрлі ұсақ кәсіппен айналысқан жұмысшылары, почта тасыйтындар, қалалардағы казак арбагері, станцияларда, селендерде істейтін казак жалшыларыларына қашып келіп, көтерілісшілер тобына күн сайын қосылады. Мысалы, 30 июньде Ақмола облысының соғыс губернаторына соқтелеграммасында ағылшын акционерлік қоғамы казак жұмысшылардың бірі қалмай Спасск заводынан, Қарағанды, Қарсақпай, Жезқазғаннен ауылдарына қашып кетті деп шағынып, өндірістің тоқталғанын хабарлады. 11 июльде Жетісу атты казак әскер басына Алматы станицасының атаманы жалшылықта жүрген қардың тегіс ауылдарына қашып кеткені жөнінде білдірді. 13 июльде Сибирь генерал-губернаторына берген телеграммасында, Қысқардағы биржа комитетінің бастығы казак арбакештерінің, ірі әгерлерге жұмыс істейтін казак жалшыларының қашып кетіп, қалысшыларға барып қосылғанын мәлімдеді. Ал, 24 июльде Ырғыздың почта-телеграф кеңсесінің бастығы Самардың почта-телеграф және Шалқар мен Ырғыз-Торғай аралығында почта таситын казак іріктері бірі де қалмай ауылдарына қашып кетті,— деп зар қақ. Архивтерде сақталған осындай деректер аз емес. Бұл деректер жұмысшыларының, жалшыларының, кедейлерінің халық-азаттық қозғалысына ұйтқы болғанын күмәнсіз дәлелдейді.

Қолда бар нақты документтерден Орта Азияда көтеріліс 4 июльде басталды, Қазақстанда да сол шамада басталғанын білеміз. Жаркентте (Жетісу облысы) көтеріліс 7 июльде басталды. Көтерілісшілердің патша әкімдеріне тегеуірін көрсетіп, ауылнайларды, болыстарды сабап, олардан әскер жұмысына шақырылатын жігіттерді тартып алды. 10 июльде мыңға жуық көтерілісші Орал уезіне, Орал уезінде Қарашаған базарындағы уезд бастығына жоғалта кетіп бара жатқан жерінде Шелек болысы Сүйін Қалпақовқа, Қарашаған орынбасары Асанқұловқа, хатшысы Қиселевке, қастарына ерген ауылнайларға, билерге, атқамінерлерге шабуыл жасап, оларды естерінен қалғанша сабады да, жігіттердің тізімін тартып алды. 11 июльде Орал уезі Бірмола деген жерде көтерілісшілер приставты ұстап, оны өлтіре сабап кетті. 12 июльде көтерілісшілер Қостанай уезінде Қосбе болысын, Верный уезінде Қарам болысын ұрып өлтірді. 14 июль күні Семей облысы, Өскемен және Зайсан уездерінде жасақталған көтерілісшілер тобы шабуылға шығып, бірнеше болысты өлтірді. Осы тұста көтерілісшілер Қызылжар уезінде приставты, Ақтөбе уезінде Әлімбаев болысының екі хатшысын бірден өлтірді.

Сөйтіп, июль айының ішінде Орта Азия мен Қазақстанда тегіс көтерілісшілер тобы жасақталды, халық-азаттық көтерілісі өрши түсті. Қытайдың осы тарауына енген мәліметтердің ішінде, әсіресе Түркстан облысы округі штабының Ферғана соғыс губернаторына Жетісу, Зайсан, Самарқанд облыстарында көтерілістің барысы жайлы 19 сентябрь күні берген телеграммасы, бас прокурордың жәрдемшісі Игнатий Түркстан өлкесінің генерал-губернаторы Куропаткинге Ферғана, Сырдария тағы басқа облыстарда көтерілістің күшейе түсуі жайлы 31 декабрь күні жазған баяндамасы, Куропаткиннің соғыс министрі Шуваловқа Түркстан өлкесінің жағдайы жөнінде 4 январь 1917 жылы жолдаған баяндамасы және сол жылы 22 февральда Орта Азиядағы көтерілістің барысы жайында патшаға жазған рапорты — бүкіл Орта Азиядағы халық-азаттық көтерілісінің тарихын зерттеуде аса құнды деректер.

Жинақтың үшінші тарауына Самарқант облысында, төртінші тарауында Ферғана облысында, бесінші тарауында Сырдария облысында көтерілістің барысын суреттейтін бағалы документтер басылған.

Июль айында көтеріліс Самарқант облысы, Каттакорған, Жизак, Ходжент, Самарқант уездеріне тегіс жайылды, барлық қалаларда, қыстақтарда, ауылдарда көтерілісшілер тобы ұйымдасты, олар патша үкіметінің жергілікті органдарына қарсылық жасады, әскер жұмысына жігіт беруден үзілді-кесілді бас тартты. Сырдария облысында көтеріліс 11 июльде Ташкент қаласында басталып, іле-шала Ташкент уезінің барлық болыстарына, қыстақтарына, ауылдарына тарады. 20 июльде Қелес өзенінің бойында 50 мыңға жуық көтерілісші бас қосып, патша үкіметіне қарсы тайсалмай күресуге уәделесті. Сырдария облысының Әулиеата, Шымкент, Перовск, Қазалы уездерінде көтеріліс июльдің бірінші жартысында басталды да, көтерілісшілер патша әкімдеріне қарсы шабуылға шықты. Көтеріліс Амудария бөлімінде де (Хорезм) күшті болды. Қарақалпақтың 6 болыс елінің жігіттері жиналып, 24 июльде учаскелік приставты, 28 июльде Сарыби болысының правителі мен 2 ауылнайын кескілеп өлтірді.

Сырдария облысында көтерілісшілер отарлаушы мекемелерге, патша әкімдеріне қарсы қаһарын тіккені болмаса, еш жерде орыс шаруаларына қарсы шықпады. Олардың бейқам жатқан селендермен істері де болған жоқ. Бұл туралы өзінің 18 июльде Түркстан өлкесінің генерал-губернаторына жолдаған баяндамасында Сырдария облысының соғыс губернаторы анық жазады.

Самарқант, Сырдария облыстарына қарағанда, көтеріліс Ферғана облысында бәсең де, қысқа мерзімді болған. Көтеріліс 8 июльде басталып, 18 июльде басылды. Демек, бұған Ферғана облысы соғыс губернаторының әскер жұмысына жігіттер зорлықпен шақырылмайды, әркім өз еркімен алынады деп жариялауы үлкен себеп болса керек.

Жинақтың алтыншы тарауы Жетісу облысында көтерілістің барысы жайындағы документтерден құрастырылған. Ал осы облыста қозғалыс мейлінше күшті болған еді, тайлы-таяғы қалмай, бұқара халық тегіс көтерілген еді. Патша үкіметі көтерілісшілерге қарсы төтенше отряд жіберді, олармен көтерілісшілер тобы 5 августа Асыда, 7 августа Самсыда, Қастекте, кейінірек Шамалғанда (Верный уезі), Ыстықкөлдің маңында, Пржевальск, Пішпек уездерінің көптеген жерінде кескілескен ұрыстар салды. Бірақ олар зеңбірекпен, пулеметпен қаруланған патша әскеріне қарсы төтеп бере алмады, сентябрьдің ішінде көтерілісшілердің бірсыпырасы Қытайға өтіп кетті де, қалғандары партизандық әдіспен күресті соза берді. Верный уезінде азаттық қозғалысын Тоқаш Бокин басқарды. Көтеріліс февраль революциясына жалғасып, одан кейін де үдей берді.

Жинақтың жетінші тарауына Закаспий облысында (Түркменстан мен Маңғыстау) көтерілістің басталуы және барысы жөнінде деректер жарияланған. Осы облыстың барлық уезінде, әсіресе Маңғыстауда (адай руы) көтерілісшілер тобы ұйымдасып, патша әкімдеріне қарсы күресті партизандық әдіспен жүргізді, патшаның жазалау отрядтарымен сан рет шайқасты.

Кітаптың сегізінші тарауы — көтерілістің Ақмола, Семей, Орал облыстарында, тоғызыншы тарауы — Торғай облысында қалай басталып, қалай өрістегені жөніндегі, оныншы тарауы — патша жендеттерінің көтерілісті қалай басқандығы жөніндегі және байшыл-ұлтшылдардың екіжүзділігін сыйпаттайтын деректер.

Жетісу, Закаспий облыстарында көтеріліс бәсеңдеп, Түркстан өлкесінің кейбір облысында (Ферғана) мүлдем басылып, болмаса кейбіреуінде (Самарқант, Сырдария) біркелкі саябырлаған кезде Ақмо-

да, Семей, Орал, Торғай облыстарында онан әрі дамиды. Бұл облыстарда көтеріліс сентябрь айының ішінде ғана қыза түсті.

Әсіресе көтеріліс Торғай облысында өте күшті болды және ұзаққа созылды. Көтерілісті сол кезде Россия большевиктер партиясының мүшесі Әліби Тоғжан ұлы Жанкелдин мен Аманкелді Үдербай ұлы Иманов басқарды. Көтерілістің кіндігі Торғай даласында болды, бұлармен Ақмола, Орал, Сырдария облыстарының көтерілісшілері, Торғай облысының Ырғыз, Ақтөбе, Қостанай уездерінің көтерілісшілері байланыс жасап тұрды. Тіпті, Ақмола облысының Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Қызылжар уездерінің, Сырдария облысының Перовск, Қазалы уездерінің, Торғай облысының Ырғыз уезінің сандаған көтерілісшілері бұларға келіп қосылды.

Архивтерде сақталған документтерге қарағанда, Аманкелді батырдың қоластында 50 мыңға жуық жігіт көтеріліске қатысқанын көреміз. Әсіресе көтеріліс 1916 жылдың октябрь, ноябрь, декабрь айларында, 1917 жылдың январь, февраль айларында өте күшті болды. Торғай даласында көтерілісті басуға патша үкіметі генерал Лаврентьев басқарған 17 рота, 18 атты казактар жасауылың, 4 атты эскадрон жіберді. Бұлардың 18 зеңбірегі, 10 пулеметі бар еді.

Аманкелді бастаған көтерілісшілер тобы 1916 жылдың октябрінен бастап, 1917 жылдың февраліне дейін патша жендеттерімен сан рет соғысты. Олардың ішіндегі көрнектілері Торғай қаласының қасында, Тоңқаймада, Күйік қолпасында, Татырда, Ақшығанакта, Доғалда, Құмкешуде болған ұрыстар.

Патша үкіметі қазақ сахарасында ұлт-азаттық қозғалысын баса алған жоқ. Бұл қозғалыс февраль революциясына келіп қосылды. Россияда патша самодержавиясының құлауына тиісті үлес қосты.

Бүкіл Орта Азияда, Қазақстанда, тіпті әр облыс көлемінде кіндіктескен, біріккен көтеріліс штабы болмады. Бірақ көтерілісшілер көп жерлерде өзара хабарласып, байланысып тұрды. Мысалы, Әулиеата, Шымкент уездерінде көтерілісшілер тобы Жетісу, Самарқанд облыстарының көтерілісшілерімен байланыс жасағаны жайында документтер сақталған. Көтерілісшілер тобы біркелкі әскери тәртіпте, яғни әрбір 10, 50, 100, 1000 адамға бір бастықтан сайлап, олар реттерімен сардарға бағынатын болды.

Бұл жинақта жарияланған деректер көтерілістің негізгі күші — бұқара халық екенін, көтеріліске жұмысшылардың, батырақтардың, қала еңбекшілерінің белсене қатысқанын, бай-манаптардың, байшыл-ұлтшылдардың шын мәнісінде патша үкіметіне тірек, қолшоқпар болғанын, көтеріліске қарсы шыққанын немесе олардың бірсыпырасы көтерілісшілер арасына тон жамылып кіріп, іріткі салуды көздегенін, көтерілісшілерді дұрыс бағыттан теріс жолға сілтемек болғанын суреттейді.

Кітап Орта Азия мен Қазақстанда болған 1916 жылғы халық-азаттық көтерілісінің тарихын толық қамтитын, көтерілістің негізгі мақсат-мүддесі бір және бір бағытта болғанын бейнелейтін тұңғыш құнды еңбек. Жинақты құрастырушылар мен редакторлардың көп еңбексіңіргені айқын сезіледі. Жинақта небәрі 508 документ жарияланған. Олардың көпшілігі ешкім білмейтін бірінші рет жарияланып отырған документтер. Бұ да болса — 1916 жылғы Қазақстанда ұлт-азаттық көтерілісі жөнінде документтерді сұрыптап құрастырған Ф. Киреев пен жинақ редакторлары профессор А. Пясковский, Т. Елеуов жолдастардың үлкен еңбегі.

Жинақтың соңында жалпы оқушылар үшін өте керекті толық түсініктеме жарияланған. Мұның өзі сөз жоқ еңбектің ғылыми бағасын бір саты жоғары көтереді.

Жинақтың кейбір кемшілігі бар сияқты. Бірінші империалистік соғыс кезінде Орта Азия мен Қазақстанда болған халық-азаттық көтерілісін жинақты құрастырушылар мен редакторлар февраль революциясына дейін ғана әкеледі. Ал көтерілістің февраль революциясынан кейін Уақытша үкіметке қарсы жаңа тарихи кезеңде, жаңа бағытта қайтадан үдеуі, партизандық әдіспен күрестің созылуы жөнінде кітапта деректер жоқ. Сөйтіп, Орта Азия мен Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс Ұлы Октябрь социалистік революциясының резерві болғаны толық дәлелденбейді. 1916 жылы көтеріліске қатысқан сарбаздардың көпшілігі кейін Ұлы Октябрь социалистік революциясына белсене қатысқаны, көтерілісті басқарған Әліби Жанкелдин, Аманкелді Иманов, Тоқаш Бокин сияқты қазақ халқының ардагер ұлдарының Ленин туы астында Қазақстанда совет өкіметін орнату үшін жан-тәнімен күрескені жұртқа мәлім. Сондықтан, осы жинақтың жалғасы ретінде тағы да бір документтер жинағы шығарылса жақсы болар еді.

Жинақты тематикалық жоспарда құрса ғылыми жағынан да, маңызы жағынан да құнды, әрі оқушыларға түсініктірек болар еді. Кітапқа енген документтердің ішінде 152 дерек бұрын жарияланған. Сондықтан оның орнына белгісіз документтерді енгізген дұрыс еді.

Қорыта айтқанда, бұл жинақ өте пайдалы. Бұған кірген документтер бүкіл Орта Азия мен Қазақстанда бірінші империалистік соғыс кезінде болған халық-азаттық көтерілістің тарихы жөнінде көп түсінік береді, көтерілістің тарихи және саяси мәнін ашады. Демек, В. И. Ленин айтқандай, «әлеуметтік революция отарлар мен Европадағы кішкене ұлттардың көтерілістерінсіз, **өзіне тән барлық соқыр сенімдері** бар ұсақ буржуазияның бір бөлегінің революциялық жіктелуінсіз, помещиктік, шіркеулік, монархиялық, ұлттық және т. с. езуге қарсы пролетарлық және жартылай пролетарлық санасыз бұқараның қозғалысынсыз болады деп ойлау әлеуметтік революциядан безу болып табылады». (Шығармалар, 22-том, 376-бет).

Б. СҮЛЕЙМЕНОВ,
тарих ғылымының кандидаты.

ШОПАН ТӘЖІРИБЕСІ КӨПКЕ ОРТАҚ

«Шымқорған» совхозының шопаны Ә. Шақабаяев жолдас әрдайым озат тәжірибе мен ғылым жетістігіне сүйене отырып, жылма-жыл жаңа табысқа ие болып келеді. Ол өткен жылы әрбір 100 саулықтан 170-тен қозы алып, аман өсірді. Әр қойдан 4,7 килограмнан жүн қырды. Ә. Шақабаяев биыл ставропольдық озат шопан И. Малашенконың үлгісімен 100 саулықтан 205-тен тәл алуды ұйғарған еді. Ал кәзірдің өзінде жаңашыл шопан 100 аналықтан 180-нен қозы өсіріп отыр. Жыл аяғына дейін оның межелі мәреге жетуге мүмкіндігі мол.

«Шалдар» совхозының шопаны К. Маманов жолдасын да етке өткізетін бойдақ қойды жайып семіртуде мол тәжірибесі бар. Ол 1958 жылы семіртіп етке өткізген 1108 бойдақтың әрқайсысының салмағы 83,4 килограмнан айналды. Биыл ол әр бойдақ қойдың салмағын орта есеппен 90 килограмға жеткізіп, 6,2 килограмнан жүн қыркуға уәде етті. Кәзір тәжірибелі шопанның бригадасы осы уәдені іс жүзіне асырып жатыр. Бригада жыл аяғына дейін мемлекетке 855 центнер ет, 59 центнер жүн өткізбекші. Мұның өзі совхозға 300 мың сом пайда түсіреді.

Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы озат шопандар Шақабаяев пен Маманов жолдастардың мұндай тәжірибесін мақұлдап, аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдарына бұл әдісті көпшілікке кеңінен таратуды тапсырды. Сондай-ақ, шопандар тәжірибесін көрсететін плакаттар шығару, шопан отарларына экскурсия ұйымдастырып тұру ұйғарылды.

СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС ЖАРИЯЛЫ БОЛСЫН

Соңғы уақытқа дейін Сырдария аудандық партия комитеті малшылар арасындағы социалистік жарысқа жөнді көңіл бөлмей келді. Қайсы бір колхоз, совхоз малшыларының арасында ол тек қағаз жүзінде ақпар үшін тіркелін келсе, кейбір жерлерде алынған міндет-теменің орындалуы ыждағатталынбады.

Аудан малшылары арасында жаңашылдар әдісі мен озаттар тәжірибесі,

ғылым табысы кең насихатталып отырылмады. Озат шаруашылықтардың тәжірибесі ортаға салынбады. Ауданда алдыңғы қатарлы шаруашылықтарға экскурсиялар ұйымдастырылмады. Содан келді де соңғы кездері ауыл шаруашылығы озаттарының саны аудан көлемінде азайып кетті. Қайсы бір бастауыш партия ұйымдары жекелеген колхозшылардың қоғамдық еңбекке қатыспауына жол беріп келді. Мысалы, өткен жылы аудан бойынша 370 колхозшы қажетті еңбек күнін таппаса, биылғы жылдың 6 айында ондай колхозшының саны 177-ге жетті. Сөйтіп, малшылар арасындағы социалистік жарысқа деген партиялық басшылықтың нашар болуы ауданның мемлекеттік жоспарды орындауына нұқсанын тигізді. Сондықтан да биылғы жарты жылдық көрсеткіш бойынша аудан колхоз, совхоздарының сүт, жүн, қаракөл елтірісін тапсыру жоспары өткен жылғы сол мерзіммен салыстырғанда әлдеқайда төмен болды.

Жақында Қызылорда облыстық партия комитетінің бюросы Сырдария аудандық партия комитетінің малшылар арасындағы социалистік жарысқа басшылығы туралы мәселе қарады. Жоғарыда айтылған кемшіліктердің бетін ашты. Сөйтіп, бұдан былай қарай малшылар арасындағы социалистік жарысқа партиялық басшылықты жақсартудың шараларын белгіледі.

ПАРТИЯ ҰИЫМЫ СЕКРЕТАРЬЛАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАРЫ

Ақмола қаласында колхоз партия ұйымы секретарьларының үш күндік облыстық семинары болып өтті. Семинар Шортанды аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдарының социалистік міндеттемелерді орындау, бригадаларда механизаторларға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету жөніндегі жұмыс тәжірибелерімен, партиялық, ұйымдастыру, бұқаралық саяси жұмыстарының тәжірибесімен таныстыру үшін шақырылды.

Семинарда Шортанды аудандық партия комитетінің бірінші секретары Құсайынов жолдас баяндама жасады. Мұнан кейін партия ұйымдарының секретарьлары аудандағы озат шаруашылық «Қазақстанның 18 жылдығы» колхозына барып, шаруашылықтың, партия

ұйымы мен комсомол ұйымының жұмысымен танысты. Колхоз председатели Социалистік Еңбек Ері Дехан Қан жолдас «Еңбекке ақшалай ақы төлеуді ұйымдастыру және бригадаларда шаруашылық есепті енгізу туралы», партия ұйымының секретары Пахотный жолдас «Партия ұйымының социалистік жарысқа басшылық ету жөніндегі жұмыс тәжірибесі туралы», комсомол комитетінің секретары Хомякова жолдас «Комсомолецтер мен жастардың социалистік міндеттемелерді орындау жолындағы күреске қатысуы туралы» деген тақырыптарға баяндама жасады.

Семинарға қатысушылар сиыр фермасында, колхоздың бірінші күрделі бригадасының егіс қосында болды, шошқа шаруашылығын жүргізу тәжірибесімен, оның ішінде 1000 шошқаны бордақылауға міндеттеме алған озат бақташы Роза Биттердің жұмыс тәсілімен танысты.

Ленин атындағы колхозда партия ұйымы секретарьларына шопан Иван Шарлай қойды екі дүркін қоздату, құс бағушы Яговкина құс өсіру тәжірибесі жөнінде айтып берді.

Семинарда Қазақтың астық шаруашылығы институтының бөлім меңгерушісі Сдобникова, осы институттың мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Протасова, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас инженері Пилюгин жолдастар және басқалары лекция оқыды.

Сонымен қатар партия ұйымдарының секретарьлары өз тәжірибелерін ортаға салды.

Семинардың соңында облыстық партия комитетінің секретары Питулов жолдас сөйледі.

МЕХАНИЗАТОРЛАРҒА ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАУДЫ САЛАҚСЫТҚАНЫ ҮШІН

Қарағанды облысы, Ворошилов ауданы Бабаев атындағы колхоздың председатели Оразбеков, партия ұйымының секретары Садықов жолдастар ВЛКСМ Орталық Комитетінің шақыруы бойы ерші ша механизация мектебінен келген механикаторларға өндіріс және мәдени тұрмыс жағдайын тугызбаған. Механикаторлар тар, лас, терезесі, пеші жоқ үйге орналастырылған. Оларға ешқандай төсек-орын берілмеген. Жастар көп уақыт монша көрмеген. Жастардың дұрыс, жақсы тамақтануы жөнінде де қамқорлық жасалмаған. Керек десе нан пісіру де ұйымдастырылмаған.

Бригадаларда социалистік жарыс ұйымдастырылмаған, көрсеткіш тақта орнатылмаған, жауынгерлік листок шығарылып тұрмаған, кинофильмдер көрсетілмеген. Еңбек ақыны есептеу бетімен жіберілген.

Қарағанды облыстық партия комитетінің бюросы Оразбеков жолдасты жұртшылыққа немқұрайды қарағаны үшін партия қатарынан шығарып, колхозшылардың жалпы жиналысына оны қызметтен босатуды ұсынды. Партия ұйымының секретары Садықов жолдасқа қатаң сөгіс берілді. Ворошилов аудандық партия комитетінің секретары Лаврененко жолдас пен аудандық атқару комитетінің председатели Маненов жолдасқа ауданның шаруашылықтарында механикаторларға қажетті жағдай тугызу ісін бақылап отырмағаны атап көрсетілді және бұл істі тәртіпке келтіру ұсынылды.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Б. Ордабаев (бас редактор), З. Айтмағамбетов, К. Әбілдаев, С. Бәйішев, С. Бейсенбаев, Т. Жанкелдин, Б. Омаров, С. Хайдаров (жауапты секретарь), Т. Ыдырысов.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103.
Тел. 23-03, 24-95.

«ЖЕТІЖЫЛДЫҚ СӨЗДІГІ»

«Жетіжылдық сөздігі» — Москваның мемлекеттік саяси әдебиет баспасы бұл шығарған жаңа кітаптың бірі осылай аталады. Академик С. Струмилиннің басшылығымен даярланған бұл сөздікте үстіміздегі жетіжылдықта еліміздің халық шаруашылығының қалай өркендейтіні баяндалады.

1965 жылы, яғни жетіжылдықтың соңғы жылында, Совет Одағында қанша мұнай мек газ шығарылады, қанша машина жасалады, қанша кездеме тоқылады, қанша аяқ киім тігіледі, қанша радиоқабылдағыш пен тоңазытқыш жасалады? Ұлан байтақ Отанымыздың шар тарапында қандай-қандай ірі кәсіпорындар іске қосылады? Жетіжылдық жоспар ойдағыдай орындалған шақта, адам басын мөлшерлегенде ет, сүт, сарымай сияқты тағы басқа тамақ қаншадан келеді? Совет халқының ал-ауқат, тұрмыс күйін көтеру үшін тағы қандай шаралар қолданылмақ? Міне осы сықылды көптен көкейде жүрген көп сұрауларға «Жетіжылдық сөздігін» оқыған адам дәл жауап табады. Ол үшін сөздіктің өзіңізге керекті әрбір тауып қарайсыз. Мақалалар алфавит тәртібімен орналасқан.

Сөздікте еліміздің халық шаруашылығы мен мәдениетінің өсу, даму болашағы жайлы жазылған 120 мақала бар. Олардың көпшілігі одақтас республикаларға арналған.

Сөздікте Қазақ ССР-і экономикасының осы жетіжылдықта қалай өзгеретініне үлкен орын беріліп, республика өнеркәсібінің, ауыл шаруашылығының, мәдениетінің қалай өсіп-өркендейтіні кең көрсетілген. Оның ішінде Қазақстанның қара, түсті металлургиясы мен машина жасау, химия, жеңіл, тамақ өнеркәсібінің, ауыл шаруашылығының қалай дамитыны егжей-тегжейлі сөз болады.

Кәзір Советтік Қазақстанда 26 мың завод пен фабрика бар. 1958 жылы республика өнеркәсібінің жалпы өнімі 1913 жылмен салыстырғанда 44 есе өсті. 23 миллионнан аса құнарлы жер игерілді. Соның арқасында Қазақстан еліміздің екінші астық қоймасына айналды. Ғасырлар бойы тың жатқан қазақ жерін жоспарлы геологиялық зерттеудің нәтижесінде табиғат байлығының талай түрінің сыры ашылды. Сөздікте осы бағыттағы шолудан кейін республика экономикасының жетіжылдықтағы болашағы баяндалады.

1965 жылы Қазақстан өнеркәсібінің жалпы өнімі 1958 жылмен салыстырғанда 2,7 есе артпақ. Оның ішінде шойын қорыту 17,8 есе, прокат шығару 12,4 есе өседі. Жетіжылдықта Қарағанды металлургия, Ермак ферросплав заводы іске қосылады. Кәзір Қазақстан Магниткасының бірінші домнасы іске қосылып, тұңғыш шойын бере бастады.

Жетіжылдықта жылына 19 миллион тонна темір рудасын өндіретін Соколов-Сарыбай комбинаты іске қосылады.

Тек соңғы кездері ғана республикада 200-ден астам көмір шығатын жер табылды. Осыған орай жетіжылдықта қуаттылығы 27—30 миллион тонна көмір бере алатындай 35 шахта салынбақшы. Сонда республикамызда 1965 жылы 15 сағатта шығарылатын көмір — бүкіл Қазақстанның 1913 жылы өндірген көміріне тең болмақ.

1965 жылы республикада 26 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндіріледі.

Ауыл шаруашылығы да үздік дамиды. Республикадағы егістік жердің көлемі жетіжылдықтың аяғында 35 миллион гектарға жеткізіледі. Сонда Қазақстан елімізге жыл сайын 1,4 миллиард пұт астық беретін болады.

Қазақстанда жетіжылдық ішінде мемлекет қаржысына 20 миллион шаршы метр тұрғын үй салынады. Республика емдеу орындарындағы төсектің саны 98,3 мыңға жеткізілмек. Мектеп құрылысына 1,5 миллиард сом қаржы жұмсалады. Жетіжылдықтың соңғы жылында республика мектебінде 2 335 мың бала оқитын болады. 1965 жылы Қазақстанның жоғары оқу орындары бұрын өткен жеті жылмен салыстырғанда 25 мың жоғары білімді маманды артық даярлайды. Техникалық жоғары білімі барлардың саны 2,5 есе көбейеді.

Міне осы айтылған мәліметтердің барлығын да «Жетіжылдық сөздігінен» табуға болады. Сөздікте мұндай ақпараттар күллі Одақ көлемінде де сөз болады.

Сөздіктегі мәліметтерді терең түсіруге көмектесетін 110-нан аса схема мен диаграмма, түрлі суреттер бар. Одақтық республикалар жайында жазылған мақалаларда сол республика өнеркәсібінің даму болашағын көрсететін схемалар берілген.

Кітаптың аяғында жетіжылдықтың бірінші жылының қорытындысы, жетіжылдық жоспар жайлы шет елдің белгілі қайраткерлері мен баспасөзінің ой-пікірлері басылған. Кітаптағы цифрлар мен фактілерге берілген түсінік тартымды жазылған.

Сөз жоқ, бұл сөздік совет жеті жылдығы сықылды ұлы жоспар, алып асқардың мән-мазмұнын көпшілікке барған сайын әйгілей түсуде насихатшылар мен үгітшілерге көп пайдасын тигізеді.

ЖАҢА КІТАПТАР

В. И. ЛЕНИН. Шығармаларының толық жинағы. Орыс тілінде. 8-ші том. Москва, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. Бесінші басылуы. 808 бет. Бағасы 6 сом 50 тиын.

В. И. ЛЕНИН. Шығармаларының толық жинағы. Орыс тілінде. 9-шы том. Москва, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. Бесінші басылуы. 600 бет. Бағасы 6 сом 50 тиын.

В. И. ЛЕНИН. Орта Азия мен Қазақстан туралы. Қазақ тілінде. Алматы, Қазақ мемлекеттік баспасы. 660 бет. Бағасы 9 сом 10 тиын.

Бұл кітапқа ұлы көсеміміз Владимир Ильичтің Қазақстан мен Орта Азия республикалары туралы жазған мақалалары мен хаттары, жеке ой-пікірлері енген.

М. И. КАЛИНИН. Таңдамалы шығармалары. Орыс тілінде. 2-ші том. Москва, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 652 бет. Бағасы 10 сом.

Бұл томға М. И. Калининнің 1926—1932 жылдар арасында жазған мақалалары, сондай-ақ КПСС Орталық Комитетінің съезд, конференцияларында, ВЦИК-тің мәжілісінде жасаған баяндамасы мен сөйлеген сөздері енген.

Қазақстан еңбекшілерінің В. И. Ленинге жазған хаттары. Орыс тілінде. Алматы, Қазақ мемлекеттік баспасы. 160 бет. Бағасы 4 сом 35 тиын.

Жинақта совет өкіметі орпағаннан кейін көп ұлтты Қазақстан еңбекшілерінің сүйікті ұстазымыз В. И. Ленинге жолдаған хаттары мен телеграммалары бар.

Совет-француз достығы — бейбітшілік кепілі. СССР Министрлер Советінің Председателі Н. С. Хрущев жолдастың Францияда болуы туралы. Орыс тілінде. Москва, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 272 бет. Бағасы 4 сом 10 тиын.

Бейбітшілік, достық жағдайда тұрайық. Қазақ тілінде. Алматы, Қазақ мемлекеттік баспасы. 458 бет. Бағасы 6 сом.

Кітапта СССР Министрлер Советінің председателі Н. С. Хрущев жолдастың Америка Құрама Штаттарына барып қайтқан сапары жайлы айтылады.

Қ. ШӘРІПОВ. Америка алыс емес. Қазақ тілінде. Алматы, Қазақ мемлекеттік баспасы. Бағасы 90 тиын.

Автор бұл кітапшасында Н. С. Хрущев жолдастың американдықтармен кездесулері туралы баяндайды.

А. КУРСКИЙ. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасы деген не? Орыс тілінде. Москва, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 48 бет. Бағасы 70 тиын.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасы деген не және ол қалай жасалады, оның халыққа тигізер пайдасы қандай? Міне бұл сұрақтарға осы кітапшада жауап беріледі.

А. ФИЛИПPOB. Үгітшілер мектебі. Орыс тілінде. Москва, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 40 бет. Бағасы 50 тиын.

Тұңғыш рет Ленинградта ұйымдастырылған үгітшілер мектебінің тәжірибесі қазіргі кезде бүкіл елімізге тарап отыр. КПСС Ленинград облыстық комитеті пасихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі А. Филиппов жолдас өз кітапшасында Ленин қаласындағы үгітшілер мектебінің жұмысы, оның оқу жоспары, сабақты өткізудің түрі мен әдісі жайлы баяндайды.